

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘӨЖ 811.512.122'27

Қолжазба құқығында

СЕРИКБАЕВА АЙЖАН ДУЙСЕНБАЕВНА

Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар: кодификациялау және лексикографиялау

«6D021300 – Лингвистика»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші: филология
ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор А.М. Фазылжанова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD Olach Zsuzsanna

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
1 ВИРТУАЛДЫ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ТІЛДІК ЖАҢАРТПАЛАР: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	10
1.1 Виртуалды коммуникацияның ерекшеліктері.....	10
1.2 Тілдік жаңартпалар – тілдің эволюциялық даму көрсеткіші	29
1.3 Тілдік жаңартпа түрлері	62
Бірінші тарау бойынша тұжырым.....	86
2 ВИРТУАЛДЫ КОММУНИКАЦИЯ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ТІЛДІК ЖАҢАРТПАЛАРДЫ КОДИФИКАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛАУ	87
2.1 Қазақтілді виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды кодификациялаудың лингвистикалық мәселелері	87
2.2 Тілдік жаңартпаларды кодификациялау жолдары: жасанды интеллект арқылы тілдік жаңартпаларды кодификациялаудың мүмкіндіктері	92
2.3 Виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі жаңартпаларды лексикографиялаудың үлгілері	100
2.4 Жасанды интеллектіні сөздік құрастыруда пайдаланудың артықшылықтары.....	113
Екінші тарау бойынша тұжырым	119
ҚОРЫТЫНДЫ	121
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	123
ҚОСЫМША А Әлеуметтік желі посты мен пікірлерді автоматты жинайтын бағдарламаның коды	130

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Жаңа тілдік қолданыс – ғылыми-техникалық, мәдени т.б. даму мен заман, қоғам жаңғыруына байланысты пайда болатын жаңа зат пен құбылыс, жаңа танымдық ақпарат пен ұғымдардың атауын білдіретін жаңа сөз немесе сөз тіркесі.

Жаңартпа <лат. innovation> – қалыптасқан ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесіне сай ескіні өңдеп, жаңғырту.

Неография I – неологизмдерді лексикографиялық аспектіде сипаттау теориясы мен тәжірибесі туралы ғылым.

Неография II – жаңа жазу жүйелерін, орфографиялық реформаларды, шрифтерді әзірлеуді және интернет-коммуникациядағы жаңа жазу стильдерін сипаттайтын термин.

Неолексема – неологизм болып табылатын лексема.

Неологизм – ғылым мен техника дамуына байланысты қоғамның саяси, мәдени, экономикалық, т.б. саласында қалыптасқан жаңа ұғым атауы ретіндегі сөз бен сөз тіркесі.

Неология – неологизмдер туралы ғылым саласы.

Виртуалды коммуникация – ақпараттық технологияның көмегімен жүзеге асатын адамдар арасындағы қарым-қатынас түрі.

Интернет-коммуникация – ақпарат алмасу және ұсыну үшін стандартты хаттамаларды пайдалана отырып, Интернет арналары арқылы тасымалданатын байланыс әдістері.

Девербализация – адамның естіген сөздерді емес, өзі түсінген ойды есте сақтау қабілеті.

Кибер-семиотикалық конвергенция <лат. convergo> – Интернет кеңістікте түрлі семиотикалық таңба-белгілердің мәтін ішіне еніп, мәтінмен тұтастық құруы.

Гетерогенді мәтін – кем дегенде екі текті белгі жүйесінің синтезімен сипатталып, бірге бір құрылымдық, семантикалық және функционалдық тұтастықты құрайтын, адресатқа кешенді әсер етуді қамтамасыз ететін семиотикалық күрделі құрылым.

Мультимодальді және гипермодальді таңбалар – виртуалды коммуникация мәтіндерінде немесе харбарламаларда ақпаратты адресатқа «тиімді жеткізу» және адресаттың ақпаратты қабылдауына әсер ету үшін пайдаланылатын түрлі мәтіндік, аудиалды, графикалық, кеңістіктік және визуалды ресурстар.

Көпкодты мәтін – кемі екі әртекті вербалды және бейвербалды бөліктен тұратын мәтін

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР – Қазақстан Республикасы
- БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
- IT – Information technology
- ВК – Виртуалды коммуникация
- ТЖ – Тілдік жаңартпа

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. ХХІ ғасырдың екінші онжылдығынан бастап адамзат өркениетінде қарқынды дамып келе жатқан цифрлық орта мен технологиялық үдерістер тілдік коммуникацияның құрылымын, қызметі мен мамзұнын да түбегейлі өзгертіп, жаңа лингвистикалық реалийлер мен тілдік құбылыстардың пайда болуына түрткі болды. Интернетке негізделген қарым-қатынас түрі – виртуалды коммуникация – қазіргі тілдік кеңістіктің өзгеше әрі белсенді формасына айналды. Атап айтқанда, әлеуметтік желілер, мессенджерлер, форумдар мен блог-платформалар секілді интернет алаңдарында қалыптасқан жаңа тілдік құбылыстар мен құрылымдар дәстүрлі лингвистикалық нормалар мен жүйелердің шеңберінен шығып, өзіндік сипатымен ерекшеленетін жаңа кодтар жүйесін қалыптастарды. Бұл жағдай қазақ тілінде қалыптасып, дамып келе жатқан виртуалды кеңістікте де айқын байқалады.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның басты ерекшеліктерінің бірі – коммуникациялық технологиялардың үздіксіз дамуы мен жаһандану жағдайындағы цифрлы кеңістіктің экспансиясы. Бұл өзгерістер тілдің әлеуметтік қызметіне ғана емес, оның құрылымына, даму бағыттарына, қолданыс аясына да ықпал ететіні белгілі. Осы тұрғыдан виртуалды коммуникация – тілдік қатынастың жаңа түрі ретінде лингвистикалық пәнаралық зерттеу нысанына айналды. Қазақ тілді интернет қолданушылары арасында қалыптасып келе жатқан жаңа сөздік қолданыстар, трансформацияланған құрылымдар, графикалық және аудиовизуалды құралдармен біріктірілген мәтіндер – осы бағытта жүйелі лингвистикалық талдауды қажет ететін өзекті нысандардың бірі. Виртуалды коммуникацияда туындайтын мұндай мәтіндер бір ғана тілдік кодпен шектелмей, бейнелік, дыбыстық, графикалық элементтерді кешенді түрде қолданатын интегралды құрылым ретінде көрініс береді. Бұл құрылымдар дәстүрлі лингвистикалық үлгілерге «сыймайтын», күрделі, көпқұрылымды, креоланған сипатқа ие.

Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды қарастырғанда, жалпы мәтінмен тұтас кешен құрып тұрған визуалды (графика, түрлі таңбалар, эмотикон, өрнектер) және аудиалды құралдармен бірге тұтастай зерттеледі. Виртуалды коммуникациядағы мұндай құралдармен үйлесетін мәтіндер қазіргі таңда коммуникацияны жаңа деңгейге шығарды: мәтіндер қысқартылып, ықшамдалып, аудио, видео сүймелдеумен беріле бастады. Тіл білімінде технология мен цифрландырудың жетістігін пайдалану нәтижесінде пайда болған виртуалды коммуникация мәтіндері әртүрлі аталады: гетерогенді мәтіндер синтезі, креолданған мәтіндер, көпкодты мәтін, кибер-семиотикалық мәтін т.б. Демек, виртуалды кеңістікте қазақтілді мәтіндердің қалыптасуы мен дамуы – тілдің бейімделуі мен жаңғыру үдерістерін нақты көрсететін феномен.

Интернет кеңістіктегі қазақ тілді мәтіндерде бұрын-соңды кездеспеген жаңа тілдік бірліктердің – неологизмдердің, графемалардың, эмодзилер мен символдардың, шеттілдік қысқарған формалардың қолданысы айқын байқалады. Бұл құбылыстар – жай ғана тілдік жаңартпалар емес, сонымен бірге

тұтас лингвомәдени, прагматикалық және коммуникативтік трансформацияның көрсеткіші. Осымен байланысты оларды ғылыми тұрғыдан зерделеу, тілдік жаңартпаларды жүйелеу, кодификациялау және олардың лексикографиялық еңбектердегі көрінісін қамтамасыз ету – қазіргі қазақ тілтанымындағы жаңа және басым бағыттардың бірі.

Бүгінгі таңда қазақ тіліне тән виртуалды кеңістіктегі тілдік жаңартпалардың табиғаты мен құрылымын зерттеудің қажеттілігі бірнеше себептерге негізделеді. Біріншіден, тілдің динамикалық дамуын, бейімделу әлеуетін және әлеуметтік функционалдық бейнесін дәл осы коммуникациялық алаң айқын көрсетеді. Екіншіден, бұл тілдік өзгерістер мен жаңартпалар нақты прагматикалық мақсаттарды – экспрессия, эмоция, реніш, юмор, келісу / келіспеу, шеттету, тіл табысу сияқты әрекеттерді іске асырудың жаңа формаларын қамтиды. Үшіншіден, еліміздегі мемлекеттік тіл саясаты, тіл мәдениеті мен нормаларын сақтауға бағытталған ұстанымдар, сондай-ақ цифрлы кеңістіктегі қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мәселесімен байланысты виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды жүйелі түрде кодификациялау және лексикографиялау аса маңызды болып отыр. Өйткені интернет-коммуникацияда пайда болып жатқан неологизмдер, графемалық қысқартулар, шеттілдік кірме формалар, гибридті тілдік құрылымдар сияқты тілдік жаңартпалардың қолданыс белсенділігі артқанымен, оларды ғылыми тұрғыдан жүйелеу қолға алына қоймады және тілдік стандарттар мен нормативтік лексикографиядағы орны белгіленбей отыр. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақ тілін қоғамдық қатынастардың әралуан салаларындағы қолданыс аясын кеңейту үшін қолайлы тілдік орта қалыптастыру, қазақ тілін заманауи үлгіге сай бейімдей отырып, дамыту, жаңа технологияларға негіздей отырып, цифрлық кеңістіктегі қазақтілді ресурстарды ұлғайту міндеттері белгіленген [1]. Осы тұрғыдан алғанда, виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды кодификациялар мен лексикографиялау – қазақ тілін дамыту мен бейімдеудің, тілдік қауіпсіздік пен ұлттық тіл кеңістігін нығайтудың маңызды қадамы.

Жаһандану үдерісі кезінде технологияның қарыштап дамуына байланысты қоғамның барлық саласында алуан түрлі жаңалықтар, жаңартпа, жаңа дүниелер мен құбылыстар пайда болып жатыр. Олардың барлығы тілде көрініс тауып, тілде тіркеліп отыратыны белгілі. Интернетте, әлеуметтік желілер арқылы уақыт өткен сайын жаңа ұғым, жаңа тілдік бірліктер әлем тілдерінің барлығында пайда болып отыр. Мұндай құбылыс қазақ тіліне де әсерін тигізіп жатыр. Қазіргі қазақ тілінде IT технология мен қызметтерді цифрландыру нәтижесінде бұрын сөздік қолданыста болып, кейін қайта қолданысқа енген сөздер қайта жаңғырып, алғашқы мағынасынан алшақтамай, виртуалды әлемнің атрибуттарына айналып отыр. Сонымен бірге күнделікті реалды коммуникацияда қолданып жүрген сөздер виртуалды коммуникацияға проекцияланып, виртуалды коммуникация мәтіндерінде көптеп қолданылып жүр. Қазақтілді әлеуметтік желілерде ағылшын тілі арқылы енген жаңа сөздер қатары көбейіп келеді. Желі тұтынушыларының күнделікті қолданысына әбден

еніп кеткен өзге тілді бірліктер қазақша түрленіп танымал сипат алып кетті. Мұндай сөздерді интернет тұтынушысы күнделікті өмірде белсенді қолданып, олар тіпті виртуалды коммуникацияның тірек сөздеріне айналып отыр.

Соңғы онжылдықта қазіргі қазақ тіл білімінде виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар, оларды кодификациялау мен лексикографиялау мәселелеріне арналған тілтанымдық ізденістер ғылыми және мерзімді басылым мен интернет басылымдарда мақала түрінде жарияланып жүр. Аталған тақырыпқа қатысты жарияланған ғылыми еңбектерді саралап, оларда көрініс таба қоймаған виртуалды коммуникациядағы жаңа тілдік бірліктерді анықтау, оларды ғылыми таным елегінен өткізу іргелі зерттеу жұмысын қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар және оларды кодификациялау мен лексикографиялау мәселелері диссертациялық жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Қазіргі таңда интернет желісінде қазақтілді виртуалды орта қарқынды түрде қалыптасып келеді. Қазақтілді виртуалды ортаның тілдік ерекшеліктерін, виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды анықтау, тілдік жаңартпаларды кодификациялау мәселесі, оны лексикографиялаудың алғышарттарын зерттеу жұмысымыздың сұраныс деңгейінің жоғары екенін айқындайды.

Зерттеудің нысаны. Виртуалды коммуникациядағы қазақтілді мәтіндерде пайда болған және қолданысқа енген тілдік жаңартпалар.

Зерттеу пәні. Қазақ тілді виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың типологиясы, құрылымы, қолданыс аясы және кодификациялау мен лексикографиялаудың жолдары.

Зерттеудің мақсаты: Виртуалды коммуникация кеңістігіндегі қазақтілді мәтіндерден тілдік жаңартпаларды анықтау, оларды кодификациялау және лексикографиялау мәселелерін айқындау.

Зерттеудің міндеттері: Диссертациялық жұмыстың мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- қазақтілді виртуалды коммуникацияда пайда болған тілдік жаңартпаларды лингвистикалық тұрғыдан жүйелеу, сұрыптау және типологиялық жіктемесін жасау;

- виртуалды коммуникациядағы қазақтілді тілдік жаңартпаларының пайда болу уәждерін кешенді тілтанымдық тұрғыдан анықтау, интернет арқылы ағылшынтілді кірме формалар мен графемалық-эמודзи таңбалардың қазақтілді ортада игерілуін әлеуметтік және прагматикалық тұрғыдан негіздеу;

- қазақтілді виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың тілдік нормаға сәйкес кодификациялаудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындай отырып, тілдік жаңартпаларды кодификациялаудың қазіргі қазақ тілінің нормативтік жүйесімен арақатынасын саралау;

- виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың қолданыс жиілігі, контекстік прагматикасы мен экспрессивтік сипаты бойынша нормалық мәселер аясында кодификациялаудың лингвистикалық әдістерін ұсыну;

- лексикографияның теориясы мен практикасына сүйене отырып, виртуалды мәтіндерде пайда болған және қолданыс тапқан тілдік

жаңартпаларды қазақ тілінің сөздік құрамына енгізудің межелері мен талаптарын айқындау және лексикографиялаудың лингвистикалық мүмкіндіктерін қарастыру.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық зерттеуде виртуалды коммуникация мәтіндерінде пайда болған тілдік жаңартпалардың күрделі, көпқұрамды табиғатына байланысты кешенді лингвистикалық талдау әдістері қолданылды. Нақты айтқанда, зерттеудің эмпирикалық базасы бойынша нәтижелердің шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында жинақталған тілдік материалдарды жүйелеу және өңдеу барысында топтастыру және сұрыптау тәсілдері қолданылды. Сондай-ақ лингвистикалық бақылау әдісі арқылы қазақтілді интернет мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың қолданысы зерделенді; салғастырмалы және типологиялық сипаттау әдістері негізінде тілдік жаңартпалардың құрылымдық-семантикалық және прагматикалық ерекшеліктері айқындалды; статистикалық әдіс арқылы тілдік жаңартпалардың виртуалды кеңістіктегі қолданыс жиілігі өлшеніп, мағыналық реңктері мен прагматикалық жүктемесін саралауға мүмкіндік беретін семантикалық талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар проекциялау, мәтінді интерпретациялау, модельдеу, корпустық талдау әдістері қазақтілді интернет кеңістіктегі жаңартпаларды кодификациялау мен лексикографиялау үдерісін бағалауға, олардың үлгілері бойынша ұсыныстар беруге негіз болды.

Зерттеудің дереккөздері. Диссертациялық жұмыстың дереккөздері ретінде неологизмдер сөздігі, instagram әлеуметтік желісінде оқырмандары 1 млн-нан 9 млн-ға дейінгі, парақшасын қазақ тілінде жүргізетін 9 ашық аккаунт (*erke_esmahan*, *dauletten*, *ztb_kz*, *gulmir_ktk*, *sultankyzy*, *quralai_hanum*, *saken_maigazyev*, *tokayev_online*, *kaspi.kz*) іріктеліп алынды, мұндағы *tokayev_online*, *kaspi.kz*, *ztb_kz* парақшалары екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Аталған аккаунттардың қазақ тілінде жарияланған жазбалары, постыға жазылған пікірлер зерттеу жұмысының материалдары ретінде пайдаланылды. 800 жуық пост, 90 000 тарта пікір жиналды. Сонымен қатар threads әлеуметтік желісінде жарияланған жазбалар тілдік материал ретінде қарастырылды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу нысанына сәйкес, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен идеялары құрайды. Атап айтқанда:

– қазақ тілінің дамуы мен виртуалды кеңістіктегі тілдік жаңартпалардың пайда болуы және кодификациялау мен лексикографиялаудың лингвистикалық негіздері (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, М. Балақаев, Ю.Д. Дешериев, Л.И. Плотникова, Е.Ф. Тарасов, А.Н. Фефилов, Е.В. Сенько, Г.М. Васильева, С.Н. Алаторцева, Р. Сыздық, Н. Уәли, Э. Сүлейменова, А. Алдаш, З. Ахметжанова, Б. Момынова, Г. Смағұлова, А. Салқынбай, Ш. Құрманбайұлы, А. Фазылжанова, Қ. Есенова, К.Қ. Садирова, А. Бисенғали, Қ. Алдашева, Ж. Сарсенбай және т.б.).

– виртуалды коммуникация жанрлары және ондағы ауызша / жазбаша сөз элементтерінің арақатынасы (З.Р. Курманбекова, Т.В. Алтухова, В.И. Егорова, С.М. Карпоян, Ю.А. Михеева, С.А. Игнатьева, А. Агеева, Е.Н. Галичкина);

– виртуалды коммуникацияның формалары мен лингвистикалық ерекшеліктері (С.Г. Агапова, А.В. Полоян, М.Г. Довгаль, С.Е. Михайлова, Л.В. Михайлова, И.А. Борисова, И.В. Тубалова, Ю.А. Эмер, Н.М. Смаковская және т.б.). Сонымен қатар зерттеу үдерісінде лингвофилософия, лексикология, неология, социолингвистика, ономазиология, нормативті лексикография, неография және лингвистикада компьютерлік технологияны қолдануға қатысты ізденістер бойынша лингвистикалық зерттеулердегі бұрыннан бар ғылыми әзірлемелер, тәжірибе-кейстер қолданылады.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық құндылығы. Еңбектің теориялық маңызы – қазіргі қазақ тіл білімінде лексикология, ортологиялық кодификация теориясы мен практикасы, лексикография, әлеуметтік лингвистика саласына өзіндік үлес қосатыны, осы салалардың жаңа мәліметтермен толығатыны диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығын көрсетеді. Сонымен қатар лингвистика бойынша оқытатын арнаулы курстар мен дәрістерде, түсіндірме және неологизмдер сөздігін құрастыруда пайдалануға болады. Зерттеу бойынша алынған нәтижелер Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы (ҚТҰК) тілтанымдық аннотацияларды, әсіресе ҚТҰК лексико-фразеологиялық белгіленімін әзірлеуде, сөздіктердегі неологизмдердің стильдік-функционалдық ерекшеліктерін көрсетуде, тіл ұстарту, тіл үйретуге арналған ІТ шешімдер мен ІТ-қосымшалар жасауда кеңінен пайдаланылады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы.

– виртуалды коммуникация жағдайында реалды тілдік қатынас үлгілері жаңа цифрлы ортаға икемделіп, дәстүрлі тілдік бірліктердің құрылымдық және прагматикалық қасиеттері өзгеріске түсіп, жаңа қолданыс нормаларын қалыптастыратындығы айқындалды;

– қазақ тілінің тарихи қолданысынан шығып қалған, алайда виртуалды кеңістіктегі ұлттық-мәдени кодтар мен әлеуметтік трендтердің ықпалымен бастапқы семантикасын сақтай отырып, қайтадан белсенді қолданысқа енген төл сөздер семантикалық жаңартпалар ретінде сипатталды;

– қазіргі қазақтілді виртуалды коммуникация мәтіндерінде тілдің лексикалық деңгейіндегі жаңартпалар – неологизмдер, гибридтер, кірме формалар – семантикалық мағына жаңартуларына қарағанда жиі әрі прагматикалық тұрғыда белсенді қолданылатындығы дәлелденді;

– виртуалды коммуникацияда пайда болған қазақтілді жаңартпалардың кодификациялануында босаң норма басымдыққа ие екендігі дәйектелді және бұл құбылыс тіл жүйесінің динамикалық және бейімделу табиғатын көрсететін фактор ретінде негізделді;

– қазіргі қазақтілді виртуалды коммуникациядағы мәтіндер «сығылып», қысқартылып, көпкодты кешенді құрайтындығы, сондай-ақ мәтін иллюстрациялық материалдарымен бірге тұтас бір кешен ретінде қарастырылып, визуалды әсер ету үшін иллюстрация, кесте, инфографика, бейне т.б. қоса берілетіндігі анықталды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазіргі қазақтілді виртуалды коммуникация мәтіндері гетерогенді жазулардың аралас келуімен ерекшеленеді, олар виртуалды ортада поликодты мәтін ретінде танылады, адресатқа әсер ету мақсатында пайдаланатын түрлі көркемдеуіш құралдар (эмотикон, стикер, GIF сурет, аудио, видео, цифрлар, таңбалар, инфографикалар) виртуалды коммуникация мәтінінің ажырамас бөлігі болып есептеледі, олар тұтас кешен ретінде қабылданады.

2. Виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың қатарында реалды коммуникацияда қолданылатын бейтарап сөздер, қолданыстан шығып қалған архаизмдердің прагматикалық қайта жаңғыруынан жасалған тарихи лексика да кездеседі, бұндай тілдік жаңартпалар контекстік жүктемеге ие болып, прагматикалық, стилистикалық және мәдени кодтардың жинақталған кешені ретінде қазақ тілді виртуалды коммуникация мәтіндерінің атрибутына айналған.

3. Қазақтілді виртуалды кеңістіктің мәтіндеріндегі лексикалық тілдік жаңартпалардың басым бөлігін ағылшын тілінен енген кірме сөздер құрайды. Виртуалды мәтіндерде семантикалық жаңартпаларға қаарғанда лексикалық жаңартпалар жиі кездеседі. Бұл үдеріс интернет-дискурстағы қолданушылардың жылдамдық және үнемділік сұранысына жауап береді. Сонымен қатар мұндай мәтіндерде функционалдық стильдердің араласуы, экспрессивтік-эмоционалдық әсер тудыру мақсатында тілдік ойындардың кеңінен қолданылуы, көркемдеуіш өрнектер мен прагматикалық реңктердің көбеюі қазіргі виртуалды тілдік қатынастың күрделі, креативті әрі көпқабатты табиғатын көрсетеді.

4. Қазақтілді виртуалды коммуникация мәтіндерінде дәстүрлі тілдік нормадан әдейі немесе бейсаналы түрде ауытқу, сондай-ақ босаң нормаға негізделген сөзқолданыстар жиі кездеседі. Бұл жағдай грамматикалық құрылымның дәстүрлі талаптары сақтала бермейтін, нормадан тыс формалар мен қате құрылымдардың белең алуымен байланысты қалыптасты. Осындай тілдік ауытқулар – қарым-қатынастағы үнем мен жылдамдықтың, экспрессивтілік пен тұлғалық еркіндікке ұмтылудың нәтижесі. Бұл үдеріс виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың артуына, қарым-қатынастың дербес әрі бейстандарт сипат алуына әкеліп отыр.

5. Виртуалды коммуникация кеңістігінде тілдік жаңартпалардың қалыптасуы бір жағынан тілдің бейімделу қабілетін арттырып, жаңа қолданыстар мен формалардың пайда болуына ықпал етсе, екінші жағынан дәстүрлі тілдік нормалардың әлсіреуіне, сөйлеу тіліне тән құрылымдардың жазба коммуникацияда үстем болуына, орфографиялық және грамматикалық сауатсыздықтың таралуына негіз болады. Осындай жағдайда тілдік тұрақтылық пен нормативтік жүйені сақтау үшін кодификация үдерісі неографиялық сөздіктермен және цифрлық коммуникацияға бейімделген лексикографиялық құралдармен тығыз байланысты іске асуы тиіс, өйткені бұл құралдар жаңа коммуникациялық реалийлерді ескеріп, тілдік бірліктерді жүйелеу мен стандарттаудың пәрменді тетігі ретінде қызмет атқара алады.

6. Қазіргі заманғы лексикография тек тілдік бірліктерді тіркеу мен сипаттау емес, ең бастысы, цифрлық технологиялар мен қоғамның лингвомәдени динамикасын ескере отырып, тілдің өзектілігін, бейімделгіштігін және функционалдық әлеуетін арттыруға бағытталған көпқырлы үдеріс ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің сөздік кеңістігін жаңғыртуды дәстүрлі әдістер мен жасанды интеллект, мәшинелік оқыту, үлкен деректерді өңдеу сияқты заманауи ресурстарды интеграциялау арқылы жүзеге асыру – уақыт талабы және ұлт тілінің болашағын қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Зерттеу жұмысының мақұлданымы: Диссертацияның материалдары мен негізгі тұжырымдары мақала түрінде мақұлданымнан өтті, оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енетін ғылыми журналда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары саласындағы сапаны бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 8 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс Кіріспеден, екі бөлімнен, Қорытындыдан, Пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және Қосымшадан тұрады.

1 ВИРТУАЛДЫ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ТІЛДІК ЖАҢАРТПАЛАР: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Виртуалды коммуникацияның ерекшеліктері

Виртуалды коммуникация интернет немесе басқа да желілік технологиялар арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас формасы, қазіргі таңдағы коммуникацияның тиімді әрі белсенді түрі ретінде қолданылады. Мұндай коммуникацияның түрі онлайн ортада ақпарат алмасуға мүмкіндік берді. Виртуалды коммуникация – интернет немесе басқа желілік технологиялар арқылы жүзеге асырылатын байланыс түрі. Виртуалды коммуникацияның өзіндік сипаты мен ерекшеліктері бар, олар оны дәстүрлі қарым-қатынас формаларынан ерекшелендіреді. Қазіргі виртуалды коммуникация тілінің бір ерекшелігі – уақыт пен символдарды үнемдеу принципінің басымдығы, соның әсерінен виртуалды мәтінде қысқартулар мен аббревиатуралар қалыпты тілдік бірлікке айналып отыр. Мысалы, «слм» – «сәлем», «нж» – «не жаңалық» дегенді білдіреді. Эмодзилер мен эмоциялар көңіл күйді жеткізу үшін виртуалды коммуникацияда да кеңінен қолданылады. Виртуалды коммуникация сонымен қатар әлеуметтік топтар арасында сленг пен жаргондарды дамытады. Мысалы, «флейм» қызу пікірталасты білдіреді, «тролль» – басқа пайдаланушыларды әдейі арандататын адам, ал «фидбек» – кері байланыс дегенді білдіреді. Виртуалды коммуникация сонымен қатар чаттар, форумдар, әлеуметтік медиа және мессенджерлер сияқты жаңа байланыс түрлерін ұсынады. Бұл платформалар адамдарға лезде және нақты уақытта сөйлесуге, сондай-ақ медиа және басқа деректермен бөлісуге мүмкіндік береді. Виртуалды коммуникация күн өткен сайын дамып келеді және онымен бірге жаңа тілдік жаңартпалар пайда болып отыр. Бұл жаңартпалар қоғамдағы өзгерістерді және адамдардың онлайн ортадағы өзара әрекеттесу жолдарын көрсетеді.

Виртуалды коммуникация теориясы онлайн ортадағы коммуникация үдерістері мен принциптерін интернет және басқа желілік технологиялар арқылы тілдік қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесетінін зерттейді. Виртуалды коммуникацияның өзіндік ерекшеліктері мен динамикасы бар, олар оны дәстүрлі (реалды) коммуникация түрлерінен ерекшелендіреді. Виртуалды коммуникацияны зерттеу тілді қолдану, эмоционалды өрнектер, әлеуметтік өзара әрекеттесу және технологияның коммуникацияға әсері сияқты әртүрлі аспектілерді талдауды қамтиды. Виртуалды коммуникация теориясы сонымен қатар онлайн сәйкестікті жобалау және қолдау, қауымдастықтарды қалыптастыру мен олардың өзара, өзінше коммуникацияларының жалпы қоғамға әсері мәселелерін зерттейді.

Виртуалды коммуникация теорияларының бірі – *синхрондылық* және *асинхрондылық* теориясы. Ол виртуалды коммуникацияның уақыт пен кеңістіктегі айырмашылықтарын қарастырады және бұл айырмашылықтардың хабарламалардың өзара әрекеттесуі мен қабылдауына қалай әсер ететінін зерттейді. Виртуалды коммуникацияның тағы бір теориясы – *анонимдік* және *бүркеншік ат* теориясы. Ол анонимділік пен бүркеншік ат қолданудың

интернеттегі қарым-қатынасқа әсерін зерттейді және мұндай өзара әрекеттесудің этикалық әрі әлеуметтік аспектілерін қарастырады. Виртуалды коммуникация теориясы сонымен қатар виртуалды қауымдастықтар, онлайн ойындар, әлеуметтік желілер мен өзара онлайн әрекеттесудің басқа түрлері бойынша зерттеулерді қамтиды.

Цифрлық технологиялардың дамуы процесінде виртуалды коммуникация мен интернет-дискурс адамзат әрекеттерінің барлық аспектілеріне, оның ішінде әлеуметтік өзара әрекеттестік, білім, мәдениет және саясатқа әсер ететін қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Виртуалды коммуникация мен интернет-дискурс өзара бір-бірімен тығыз байланысты, дәстүрлі қарым-қатынас формасын алмастыратын немесе оны цифрлық технологиялармен толықтыратын интернет желілік кеңістіктегі адамдардың өзара коммуникациясының динамикасын сипаттайды. Виртуалды коммуникация жеке хабарламалардан бастап қоғамдық талқылауларға дейінгі өзара коммуникациялық әрекеттесудің кең ауқымын қамтиды, ал интернет-дискурс желілік ортада орын алатын барлық лингвистикалық және коммуникативті формаларды қамтиды.

Виртуалды коммуникация цифрлық технологиялар арқылы адамдар арасында ақпарат алмасу процесі ретінде анықталады. Ол дәстүрлі коммуникация қатысушыларында физикалық жақындығы жоқтығымен ерекшеленеді, бұл бірқатар сипаттамалық белгілерге әкеледі.

Байланыс асимметриясы: Виртуалды байланыс пайдаланушыларға уақыт пен орынға қарамастан өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді, байланыстың асинхронды түрлерін (мысалы, электрондық пошта немесе форумдар) жүзеге асырады.

Мультимодальдылық: мәтіндерді, суреттерді, бейнелерді және эмодзилерді пайдалану виртуалды байланысты бай және әртүрлі етеді.

Анонимдік: Интернет анонимді болу мүмкіндігін береді, бұл қатысушылардың мінез-құлқына және дискурстың сипатына әсер етеді.

Интернет-дискурсты виртуалды коммуникация процесінде пайда болатын мәтіндердің, өзара әрекеттесулердің және мағыналардың жиынтығы ретінде анықтауға болады. Бұл құбылыс әлеуметтік желілер мен форумдардан бастап ғылыми талқылаулар мен саяси пікірталастарға дейінгі кең ауқымды контексттерді қамтиды.

Интернеттегі дискурстың негізгі аспектілеріне мыналар жатады:

Гибридтік: Онлайн дискурс жазбаша және ауызша тіл элементтерін біріктіреді. Мысалы, мессенджерлердегі мәтіндік хабарламалар жазба мәтіннің құрылымына ие, бірақ бейресми және сөйлесу стиліне ие.

Интерактивтілік: Лезде кері байланыс мүмкіндігі дискурстың әлеуметтік сипатын арттырады.

Ақпаратты ықшамдап ұсыну: Интернеттегі хабарламалар жиі қысқа және оқшауланған, контекстік түсінуді қажет етеді.

Виртуалды коммуникация мен интернет дискурс арасындағы байланыс.

Виртуалды коммуникация мен интернет-дискурстың бір-бірімен байланысы виртуалды коммуникация интернет-дискурсты қалыптастырудың

негізгі *механизмі* болып табылады. Виртуалды платформалар арқылы адамдар дискурсивті тәжірибелерді жасайды, таратады және түсіндіреді. Виртуалды коммуникацияның негізгі аспектілері:

Әлеуметтік динамика: Виртуалды коммуникация әлеуметтік топтар өздерінің мүдделері мен құндылықтарын көрсететін бірегей дискурстарды құра алатын ортаны қалыптастырады. Мысалы, кәсіби қауымдастықтардағы (форумдар, LinkedIn) онлайн пікірталастар ойын-сауық платформаларына (TikTok, Instagram) тән дискурстардан ерекшеленеді.

Технологияның әсері: Платформа пішімдері мен мүмкіндіктері (мысалы, Twitter-дегі мәтін ұзындығы шектеулері) жаңа лингвистикалық формалардың (мемдер, хэштегтер) пайда болуын жеңілдететін дискурстың бірегей түрлерін қалыптастырады.

Тілдегі өзгерістер: Виртуалды қарым-қатынас тілдің өзгеруіне ықпал етеді. Интернет-дискурс неологизмдерге, кірме сөздерге және коммуникацияның цифрлық сипатын көрсететін эмодзилерге толы.

Мәдени әртүрлілік: Онлайн дискурс әртүрлі мәдениеттердің қатысушыларын біріктіреді, бұл коммуникацияның жаһандануына ықпал етеді, бірақ мәдени айырмашылықтарға байланысты қақтығыстарды тудыруы мүмкін.

Интернет-дискурсты зерттеуге айтарлықтай көңіл бөлінгеніне қарамастан, виртуалды коммуникацияның этикалық және әлеуметтік салдарына қатысты сұрақтар әлі де бар. Мысалы, анонимділік сөз бостандығын да, агрессивті мінез-құлықты да жеңілдетеді. Сонымен қатар, дискурсқа алгоритмдік әсерді зерттеу (мысалы, сүзгі көпіршіктері және жаңғырық камералары арқылы) қосымша зерттеуді қажет етеді.

Виртуалды коммуникация мен интернет-дискурс – бұл цифрлық дәуірде адамдардың өзара әрекеттесуі үшін бірегей кеңістікті құрайтын өзара байланысты құбылыстар. Оларды зерттеу әлеуметтану, лингвистика, ақпараттық технологиялар және басқа да салаларды қамтитын пәнаралық көзқарасты қажет етеді.

Виртуалды коммуникация теориясы цифрлық технологиялар мен виртуалды орталар арқылы адамдар арасындағы өзара әрекеттесу процестерін зерттейді. Ол физикалық байланыс болмаған кезде пайда болатын қарым-қатынас сипаттамаларына назар аударады және әлеуметтік, техникалық және лингвистикалық өзара әрекеттесу аспектілерін қамтиды.

Виртуалды коммуникация теориясы коммуникацияның бірегей формаларын жасай отырып, технологияның адамдардың өзара әрекеттесуін қалай өзгерткенін көрсетеді. Бұл өзгерістер жаһандық өзара әрекеттесу үшін жаңа мүмкіндіктер береді, сонымен бірге әлеуметтік, техникалық және этикалық мәселелерді шешуді талап етеді. Жаһандану жемісі ретіндегі ақпараттар легі қоғамда коммуникацияның жалпы басымдылығын арттырып келеді. Мұндай коммуникация қалыптаспай тұрғандағы бетпе-бет жүзеге асатын ауызша формадағы және қолжазу жазба мәтін арқылы жүзеге асатын жазбаша формадағы реалды коммуникациядағы вербалды және бейвербалды тілдік құралдар виртуалды коммуникациядағы тілдік құралдардың қолданысынан ерекшеленеді. Осы мәселе қазіргі тілтанушылардың арасында

ерекше зерттеу нысанына айналды. Өйткені ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан жаһанияттағы адамзат баласы бірте-бірте коммуникацияға деген мұқтаждығын өтеуде виртуалды құралдарға көбірек иек артып отыр. Коммуникациядағы мұқтаждықтар: ақпарат алмасу; өз ойын білдіру; бір іске жұмылдыру; ерік-жігерге ықпал ету (валютативті қызмет); эмоцияионалды немесе экспрессивті. Коммуникациядағы мұқтаждықтардың барлығы да реалды және виртуалды коммуникацияда да болады. Виртуалды коммуникацияда аталған мұқтаждықтықтар техникалық құралдар арқылы жүзеге асады. Виртуалды коммуникацияда реалды коммуникацияның ауызша да, жазбаша да формасы орын алады, бірақ оны жүзеге асыру тетіктері бетпе-бет коммуникациядан ерекшеленеді. Техника құралдары арқасында реалды коммуникация виртуалды кеңістікте проекцияланып, нәтижесінде виртуалды коммуникацияның өзіне ғана тән ерекшеліктер пайда болды. Қазіргі тілтанымда виртуалды коммуникацияға қатысты тілдік құралдардың ерекшеліктеріне арналған ізденістер артып келеді. Мәселен, виртуалды коммуникацияда ақпарат бейтаныс адресанттан дыбыстық хабарлама не жазба хабарлама, не видеохабарлама ретінде де келе береді [2].

Виртуалды коммуникацияда адресант пен адресат арасындағы байланыс реалды коммуникациядағыдай болмайды. Реалды коммуникацияда адресат тек өзіне таныс адресантпен ғана коммуникацияға түссе, виртуалды коммуникацияда белгісіз адресантпен де коммуникация орната алады. Реалды коммуникацияның жазбаша формасында эмоцияларды сипаттап жазып отыратын болса, ал виртуалды коммуникацияда күлегеш <ағыл. smile> (эмотикон) қоя салады. Жазбаша коммуникациядағы пунктуациялық таңбалар виртуалды коммуникацияда күлегештерді де білдіруге қатысады, яғни реалды коммуникациядағы вербалды құралдар виртуалды коммуникацияда проекцияланғанда мүлдем өзге функцияны иеленіп кетеді. Мысалы, мына күлегешті виртуалды коммуникацияның жазбаша формасында солға қараған жақшамен береді -), егер қатты қуанса, солға қараған жақша санын артығымен қояды -)))). Ал егер адам көңілсіз болса, қандай да бір ақпаратты оқып не естіп көңілі түссе, эмотиконның орнына оң жаққа қараған жақшаны қояды - (, - (((. Тілтанушылар арасында виртуалды коммуникациядағы вербалды құралдардың берілуі қызығушылық тудырып отыр. Сонымен қатар виртуалды коммуникацияның тілтанымдық аспектілерін IT-технология, жасанды интеллект, философия, психология, әлеуметтану, криминалистика сияқты басқа салалар тарапынан да зерттеуге деген құлшыныс артып отыр [2].

IT-мамандар виртуалды коммуникацияны бетпе-бет <ағыл. face-to-face> коммуникацияның орнын алмастыра алатындай дәрежеде жетілдіру мақсатында алуан түрлі интерфейстерді құрастыру жолдарын үздіксіз қарастырып келеді. Олар виртуалды ұйымдастырушылық орта мен топтар реконфигурацияның қарқынды динамикасымен сипатталған жағдайда ғана виртуалды коммуникацияның архитектурасы «табиғи» ортаға неғұрлым жақындауы әбден мүмкін деп болжайды [3, 9]. Сондай-ақ виртуалды коммуникацияның динамикасын, оның қызметін жақсартуға, коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған зерттеудің бірінде лингвистикалық қажеттіліктер

виртуалды коммуникацияның негізгі тетігі ретінде анықтау жұмысы жүргізілген [4].

Виртуалды коммуникацияны философиялық тұрғыда Л.В. Баева [5], Л.В. Солодовник, М.Ю. Басай [6], т.б. зерттеп, оны «феномен» ретінде қарастырды. Феномен <грек. *phenomenon*> ағылшын тілінен аударғанда ерекше қайталанбас құбылыс, қол жеткізу қиын факт дегенді білдіреді. Философтар қалыптасып қалған «Өзім және өзге» жүйесі арасындағы қатынастың виртуалды коммуникацияның әсерінен өзегеріске түсуін де жан-жақты сипаттап зерттеп жатыр.

Әлеуметтану саласында бұл коммуникацияны А.А. Заморкин [7], Р.В. Леушкин [8], О.А. Трофимова [9], т.б. қарастырған. Әлеуметтанушылар виртуалды коммуникация жайында сөз қозғағанда «виртуалды әлеуметтік коммуникация» (виртуальная социальная коммуникация) терминін қолданады.

Виртуалды коммуникацияны белсенді зерттеушілердің бір тобы – психологтер. Олар виртуалды коммуникацияның тұлғаға ықпалын, тұлғаның қалыптасу үдерісіне тигізетін оң-теріс әсерін, виртуалды және реалды өмірдегі тұлғаның мінез-құлқын қарастырып зерттеп келеді [2].

Виртуалды коммуникацияда вербалды құралдардың репрезенттелуі көптеген тілтанушының зерттеу жұмысының өзегіне айналып отыр. Виртуалды коммуникациядағы ауызша және жазбаша сөз элементтерінің арақатынасын және виртуалды қарым-қатынасты жазба коммуникацияның жаңа даму кезеңі ретінде Т.В. Алтухова [10], виртуалды коммуникацияның жанрларын В.И. Егорова, С.М. Карпоян, Ю.А. Михеева, С.А. Игнатьева, А. Агеева, Е.Н. Галичкина, виртуалды коммуникацияның формаларын С.Г. Агапова, А.В. Полоян, лингвистикалық ерекшеліктерін М.Г. Довгаль, С.Е. Михайлова, Л.В. Михайлова, И.А. Борисова, И.В. Тубалова, Ю.А. Эмер, Н.М. Смаковская т.б. ғалымдар қарастырған. Е.Н. Галичкина виртуалды коммуникациядағы ресейлік блогсфераның жанрлық стратификациясын зерттеп, ресейлік блогсфераның жанрларын бөлудің критерийлерін көрсете отырып, аталған критерийлер негізінде түрлі жанрлық мәтіндерге сипаттама береді [11]. В.И. Егорова виртуалды коммуникация жанрларын топтастырып, карнавалды және әдеттегі жанр түрлерін көрсетеді [12]. С.М. Карпоян инстаграмды виртуалды коммуникацияның ерекше жанры деп сипаттайды [13]. С.А. Игнатьева, А. Агеева француз виртуалды дискурсы материалдары негізінде комментарийді интернет-коммуникацияның жанры деп есептейді [14].

Отандық тіл білімінде қазақтілді виртуалды ортадағы қазіргі әлеуметтік желі пайдаланушыларының тілдік ерекшеліктерін, тілдік құзыреттілігі, тілдік құралдарды пайдалану және оларды топтастыру параметрлерін А. Фазылжанова, А. Аушенова, Г. Садирова, Ж. Сарсенбай, З. Курманбекова қарастырған.

Соңғы уақытта виртуалды коммуникацияны тиімді виртуалды коммуникация (Effective Virtual Communication) деп те бөліп көрсетіп жүр [16]. Тиімді виртуалды коммуникация – қазіргі жаһандық трендтер мен технологияларға негізделген үнемі жетілдіріп отыруды қажет ететін эволюциялық үдеріс. Бүгінде тиімді деп санауға болатын нәрсе болашақта

тиімді болмауы мүмкін. Технологияның жетілуіне байланысты виртуалды қарым-қатынас түрлері де, сапасы да өзгеріп отырады. Мысалы, электрондық поштаны алғаш рет жұртшылыққа ұсынған кезде, ол ең алдымен жеке қолдануға арналды. Виртуалды коммуникацияның тиімділігі мен мүмкіндігін түсінген бүгінгі іскерлік әлем электрондық пошта, жаңа ұялы телефон (смартфон) арқылы өз қызметтерін, тауарын жарнамалауды нормаға айналдырды [17].

Жаңа технологияның қарқынды дамуы интернеттегі публицистикалық стильдің ішкі жанрларының қалыптасуына ықпал етті. Публицистикалық стильдің жаңа жанрлық ерекшеліктерінің пайда болуы публицистикалық стильді біршама трансформациялады деп айтуға болады. Мұның басты себебі, тілдің қызмет ету формасының жаңаруымен байланысты [18].

Интернет-коммуникация – ерекше виртуалды коммуникативтік орта, тілдің өмір сүруінің ерекше орны. «Виртуалды коммуникацияда әңгімелесушілер тек бір-бірінің бейнелерін елестетеді. Бұл визуалды және сөйлеу компоненттерінің болмауының өтемақысы», – деп есептейді Г.С. Чучкова [19].

Лингвистика тұрғысынан коммуникация бейвербалды, вербалды және паравербалды (көрінбейтін сұхбаттасушының сөйлеу ағымы үзілістерге, дауыстық интонацияларға және т.б. сәйкес келген кезде) болуы мүмкін. Чаттардағы байланыс эмодзилерді және басқа да осыған ұқсас әсерлерді қолдану арқылы паравербалға жақындайды. Виртуалды коммуникацияның өзін жазбаша сөйлеу (кеңістіктегі сызықтық және түзету мүмкіндігі бар) мен ауызша сөйлеу (уақыт бойынша сызықтық, яғни айтылғанды жою мүмкін болмаған кезде) арасындағы көпір деп санауға болады. Чатта жазылғандар сөйлеу жылдамдығымен басып шығарылады, ал мәтіннің редакциясы минималды немесе мүлдем болмайды. Осылайша, «виртуалды дикция» сияқты ұғым пайда болған кезде ауызша сөйлеуді жазбаша бекіту орын алады [2].

Т.Ю. Базаров виртуалды ортада тұлғааралық және бұқаралық коммуникациядан ерекшеленетін коммуникацияның жаңа түрі қалыптасатынын айтады [20]. Виртуалды коммуникация – онлайн режимде компьютер арқылы жүзеге асатын электрондық байланыстың бір түрі. Виртуалды коммуникация саласына байланысудың келесі формалары кіреді: ICQ-де байланыс, чаттар, блогтар, форумдар, әлеуметтік желілер.

А.Е. Жичкин «виртуалды коммуникация – бұл жазбаша және ауызша сөйлеудің синтезі» деп санайды [21]. Виртуалды коммуникация көптеген серіктестермен бір уақытта тұлғааралық қарым-қатынас жасау мүмкіндігімен сипатталады. Сонымен қатар, ақпаратты алу және өңдеу жылдамдығының үлкен өсуін атап өткен жөн (уақыт азайған сайын оның көлемі артады).

Осы уақытқа дейін онлайн байланыс құралдарының көпшілігі мәтіндік құралдар болды. Бұл виртуалды қарым-қатынастағы сұхбаттасушы туралы ақпараттың жалғыз көзі оның мәтіндік хабарламалары екенін білдіреді, дегенмен соңғы уақытта фото және бейнематериалдардың рөлі тез артып келеді. Алайда, ақпараттың анонимділігі мен шектеулілігі виртуалды ортадағы коммуникация сипатына өз ізін қалдырады. Жалпы виртуалды коммуникацияға

тән бірқатар ерекшеліктерді ажыратуға болады: «гибридті» қарым-қатынас түрі, ойларды тез білдірудің басымдығы, анонимділіктің болуы.

Интернеттің коммуникативті орта ретінде қарқынды дамуы интернет лингвистика бойынша көптеген лингвистикалық жұмыстардың пайда болуына әкелді. Е.И. Горошконның пікірінше, қазіргі уақытта «интернет-лингвистиканың» ерекше тәртіптік парадигмасының қалыптасқаны туралы айтуға болады [22]. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – интернеттегі тілдің жұмыс істеу ерекшеліктерін сипаттау және түсіндіру. Лингвист ғалымдардың арасында номинацияны бөліп көрсетуге және интернет-коммуникацияның айрықша ерекшеліктеріне қатысты ортақ пікір жоқ.

Виртуалды коммуникация түрлі әлеуметтік желі, блог, форум, чат (онлайн сөйлесуге (общение) арналған бағдарламалар, сайт арқылы сөйлесу), виртуалды пошталарды (электронды пошта) қамтиды. Виртуалды коммуникацияны ақпарат алу, өз ойын айту құралы ретінде жұмыста, бизнесте, достарымен араласу, білім алу үшін қолданады және интернет пайдаланушылардың жас ерекшеліктерінде шектеу болмайды.

Әлемдік лингвистикада виртуалды коммуникацияның бір түрі ретінде «электронды коммуникация» (electronic communication) терминін қолданады. Atef Odeh AbuSa'aleek зерттеулерінде «электронды дискурс» (E-discourse) терминін электронды хабарламалар жазуда жасөспірімдер қолданатын тілдің жазбаша формасын білдіретін термин ретінде қарастырып, электронды дискурс тілдің жазба құрылымына айтарлықтай өзгерістер әкелетін тілдің жаңа типі деп көрсетеді. Ағылшын тілін пайдаланатын 22 жасқа дейінгі жасөспірімдердің электронды хабарламаларына тілтанымдық талдау жасай отырып, электронды хабарламалар жазуда көптеген қысқарту, сөздің бір әрпін әдейі түсіріп жазу, сөздерді дәстүрлі формасынан тыс өзгертіп жазу, сөздерді, сөз тіркестерінің орнын ауыстырып жазу, сөздердің орнына күлегештерді <ағыл. smile> қою, инициализмді пайдалану сияқты электронды дискурстың ерекшеліктерін көрсетеді. Студенттер электронды дискурстың мұндай тілін пайдалануды арттыра берсе, онда студенттердің ағылшын тіліндегі қолжазбасына, яғни сауаттылығына қауіп тудыратынын, тілдің стандарт формасы мен электронды қатынас арасындағы тілдік варианттар туралы білім алушыларға ақпарат беру деңгейін жоғарылату қажеттігін айтады [23]. Д. Кристал интернет тілі дәстүрлі емес орфографиямен сипатталады деп тұжырымдайды [24].

Виртуалды коммуникацияның ерекшеліктері

Виртуалды коммуникация – бұл интернет және сандық технологиялар арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас түрі. Ол дәстүрлі (ауызша және жазбаша) қарым-қатынастан бірқатар ерекшеліктерімен ажыратылады.

1. Уақыт пен кеңістіктен тәуелсіздік:

– виртуалды коммуникация кез келген жерде және кез келген уақытта жүзеге асуы мүмкін.

– қатысушылар бір-бірімен синхронды (тікелей чат, видеоқоңырау) немесе асинхронды (электрондық пошта, форум, әлеуметтік желілердегі пікірлер) режимде байланыса алады.

2. Тілдік қысқартулар мен эмодзилерді кеңінен қолдану

Виртуалды ортада қарым-қатынас жылдамдығы маңызды болғандықтан, аббревиатуралар, қысқартылған сөздер және эмодзилер қолданылады:

- қысқартулар: «ҚК»(қайырлы күн), *OMG – Oh my God*, Bro, tmw, ytd.
- эмодзилер: 😍😂🔥👉 сөйлеу мәнерін толықтыру үшін қолданылады.

3. Көпмодальділік (мәтін, аудио, видео, графика)

Виртуалды коммуникацияда тек мәтін ғана емес, аудио, бейне, GIF, стикерлер, инфографикалар және мемдер қолданылады. Бұл ақпаратты тезірек қабылдауға және эмоционалды жеткізуге мүмкіндік береді.

Виртуалды кеңістіктегі мультимодальділік мағынаны жеткізу үшін әртүрлі семиотикалық ресурстарды (мысалы, мәтін, визуалды элементтер, аудио) біріктіреді. Ол адамдардың қарым-қатынасындағы трансформациялық ауысымды білдіреді, әсіресе Тілдік жаңартпалар тез пайда болатын цифрлық орталарда.

Мультимодальділік лингвистикалық, визуалды, ым-ишаралық және технологиялық аспектілерді біріктіріп, мағына жасау процесін күшейтеді. Бұл тәсіл әлеуметтік желілер, виртуалды кездесулер және онлайн ойындар сияқты платформалардағы өзара әрекеттестіктерді қайта анықтады.

Кесте 1– Виртуалды кеңістіктегі мультимодальділік сипаты

Мультимодальділік	Сипаты	Мысалдар
Лингвистикалық	Қарым-қатынаста қолданылатын дәстүрлі сөйлеу немесе мәтін	Бейне қоңыраулар кезінде сөйлесу хабарламалары, диалогтер
Визуалды	Суреттерді, эмодзилерді, GIF файлдарын және мемдерді пайдалану	Эмодзи(😍), эмоцияларды білдіруге арналған GIF файлдары, мемдер
Ым-ишаралық	Сандық форматтағы дене тілі, қол қимылдары және мимика	Бейне қоңыраулар кезінде <i>бас бармақ</i> , виртуалды шындықта пайдаланушы қозғалысына еліктейтін аватарлар.
Технологиялық	Қарым-қатынас стиліне әсер ететін цифрлық құралдардың ерекшеліктері	Автотүзету, мәтінді болжау, сүзгілер сияқты бейнеконференцияға арналған құралдар

2. Мультимодальділіктің негізгі сипаттамалары

а) *Контекстке бейімделу.* Платформаға немесе мақсатқа байланысты әртүрлі модальділер біріктіріледі. Zoom платформасында пайдаланушылар сөйлеуді (лингвистикалық модальділік), қимылдарды (ым-ишара модальділігі) және экранды бөлісуді (технологиялық модальділік) біріктіреді.

ә) *Тиімділік және эмоционалдық тереңдік.* Эмодзилер мен GIF суреттері күрделі эмоцияларды жылдам жеткізуге көмектеседі. «Жылағанша күлемін» мәтінінің орнына уақытты үнемдейтін және мәнерлілігін сақтайтын 😂 қолданылады.

б) *Қарым-қатынасты даралау.* Пайдаланушылар өздерінің жеке басы мен ниеттерін көрсету мақсатында қарым-қатынас стилін бейімдейді. Ойындардағы немесе метағаламдық платформалардағы жекелендірілген аватарлар өз-өзін шынайы көрсетуге мүмкіндік береді.

Кесте 2 – Мультимодальді контентіндегі тілдік жаңартпалар

Жаңартпа түрі	Сипаты	Виртуалды коммуникациядағы мәні	Көркемдік презентациясы
Эмодзи синтаксис ретінде	Эмодзилер мәтін элементтерін ауыстырады немесе толықтырады	Демалыс жоспарларын көрсету үшін  «кейін кездескенше»	Эмодзилер эмоцияларды білдіру үшін пайдаланатын коммуниканттар арасындағы әңгіме
GIF эмоцияларды білдіру үшін	Өзілдеу, көңілсіздікті немесе қуанышты жеткізу үшін қысқа бейнелерді пайдалану	GIF суреті идеяны әзілмен өзгерту үшін қолданылады	Бейнелі құралдар арқылы эмоциясын білдіреді
Мемдер жалпы мәнмәтін ретінде	Мемдер күрделі идеяларды қысқаша жеткізетін мәдени маркерлер рөлін атқарады	«Қызғаншақ жігіт» мемі қайшылықты басымдықтарды білдіреді	Онлайн коммуникацияның бөлігі ретінде мемдерді қамтитын әңгімелер

5. Зерттеу аспектілері:

а). *Әлеуметтік лингвистикалық көзқарас.* Бірегейлікті анықтау: Пайдаланушылар өздерінің жеке басын көрсету үшін мультимодальді элементтерді қалай пайдаланады (мысалы, мәдени ерекше мемдер немесе эмодзилер).

ә). *Цифрлық диалектілер:* платформалардағы бірегей лингвистикалық тәжірибелердің пайда болуы (мысалы, TikTok пен Twitter арасындағы айырмашылықтар).

б). *Тәрбиелік аспектілері.* Мультимодальді коммуникация білім беру тәжірибесін жақсарту үшін цифрлық құралдарды пайдалануды ынталандырып, оқыту тәсілдерін өзгертеді. Күрделі әртүрлі ұғымдарды түсіндіру үшін GIF файлдарын немесе бейнелерді пайдалану.

в). *Когнитивті әсері.* Модальдердің тіркесімі ақпараттың қалай қабылданатынына және есте сақталуына әсер етеді. Зерттеулер мәтін және сурет ретінде ұсынылған ақпарат жақсы есте сақталатынын алға тартады.

Кесте 3 – Мультимодальділік сипаты

Мәселе	Сипаты
Мәдени түсіндіру	Эмодзилер мен GIF файлдары әртүрлі мәдениеттерде әртүрлі түсіндірілетіндіктен, түсінбеушілік тудыруы мүмкін
Технологияға тәуелділік	Цифрлық құралдарды шамадан тыс пайдалану дәстүрлі тіл дағдыларын әлсіретуі мүмкін
Қолжетімділік	Мультимодальді мазмұн мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді болмауы мүмкін (мысалы, көру қабілеті нашар адамдарға)

Мультимодальді коммуникацияның социолингвистикалық аспектілері

Мультимодальді коммуникация мәдени, әлеуметтік және технологиялық контекстілерге тәуелді экспрессияның жаңа формаларын қалыптастыра отырып, әлеуметтік лингвистикалық процестерге белсенді әсер етеді. Негізгі аспектілерді егжей-тегжейлі қарастырайық:

1. Цифрлық бірегейлік қалыптастыру:

– виртуалды ортада мультимодальді байланыс пайдаланушыларға мәтін, визуалды элементтер (эмодзилер, аватарлар) және платформа мүмкіндіктері арқылы өздерінің жеке тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

– сөздерді, мемдерді, қарым-қатынас стилін таңдау, GIF және эмодзилерді пайдалану өзін-өзі көрсету элементтеріне айналады;

– *эмодзи*: әртүрлі мәдениеттегі адамдар эмодзилерді әртүрлі пайдаланады: Шығыс Азия елдерінде эмоцияны көзбен білдіретін эмодзилер (😊) танымал болса, батыс елдерінде күлімсіреуге (😁) мән беріледі;

– *мемдер*: «Бәке», «Сәке», *Каспи.кз* қатысты мемдер.

2. Цифрлық диалектілердің пайда болуы:

– әртүрлі платформалардың (TikTok, Twitter, Discord) сандық диалектілерді құрайтын өзіндік бірегей лингвистикалық ерекшеліктері бар.

Кесте 4 – Цифрлық диалектілер

Платформа	Цифрлық диалектілердің пайда болуы
TikTok	Қысқа дыбыс жазбалары мен хэштегтері бар трендтер. Мысалы: аббревиатураларды қолдану <i>POV</i> (point of view)
Twitter	Таңба шегі (280 таңба) қысқартулардың (<i>BRB</i> , <i>LOL</i>), мемдер мен хэштегтердің пайда болуына әсер етеді
Discord	Ойын терминдерін, эмодзилерді және командалық сөйлемдерді пайдалану. Мысалы: " <i>GG</i> " (good game), скин

Әлеуметтік лингвистикалық жағы. Цифрлық диалектілер платформалармен немесе субмәдениеттермен байланыстырылған сәйкестендірудің жаңа формаларын жасайды. Жергілікті айырмашылықтарды сақтай отырып, тілдің жаһандануына ықпал ету болып табылады.

3. Жаһанданудың виртуалды коммуникацияға әсері:

- ағылшын тілі мультимодальді коммуникацияның негізі болып табылады, бірақ жергілікті тілдер бірегей элементтерді қосады;

- тілдерді будандастыру (мысалы, ағылшын сөздерін жергілікті сөздермен біріктіріп қолдану) жаһанданудың нәтижесі;

- *спанглиш*: Испан тілінде ағылшын сөздерін қолдану. Мысалы: *"Voy a textear"* (I will text);

Орыс интернет сленгі: Мысалы, белсенді көшіріп алу, «краш» (crush), «чекнуть» (check).

- жаһандану ағылшын тілін таратып қана қоймайды, сонымен қатар көшіріп алу және бейімдеу арқылы жергілікті тілдердің шығармашылық дамуын ынталандырады.

- мультимодальді коммуникация арқылы мәдени алмасуды күшейтеді.

4. Мемдердің әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі генерациясы

Мемдер – бұл оқиғалардың, құбылыстардың немесе эмоциялардың ұжымдық түсінуде рөл атқаратын көрнекі-тілдік элементтері.

Саяси мемдер: Әлеуметтік позицияны білдіру үшін қолданылады. Мысалы: *"Distracted Boyfriend"*, *Д. Трампқа* қатысты мемдер әлеуметтік және экономикалық мәселелерді талқылау үшін түсіндіріледі.

COVID-19 пандемиясының мемдері: «Коронавирус: егер сіз мұны көрсеңіз, үйге қайтыңыз» - ұжымдық уайымды білдіретін көрнекі юмор.

- Мемдер мәтіндік баяндауларды алмастыра отырып, жаппай «әрекеттестікті» білдіру құралына айналуға.

- Ағымдағы оқиғалар мен реалиялардың мәдени мұрағатын құруға үлес қосуда.

5. Мультимодальді коммуникациядағы гендерлік және жас ерекшеліктері:

- әртүрлі пайдаланушы топтары (жас пен жыныс бойынша) мультимодальді байланыстың әртүрлі элементтерін қалайды;

- *жасы*: Жастар мемдерді, GIF файлдарын және эмодзилерді жиі пайдаланады, ал аға буын мәтіндік қарым-қатынасты жақсы көреді;

- *жынысы*: Әйелдер эмодзилер мен эмоционалды өрнектерді көбірек пайдаланады, ал ер адамдар әзіл үшін GIF файлдарына жүгінеді.

- әртүрлі демографиялық топтардың тіл мен мультимодальді құралдарды қалай бейімдейтінін көрсетеді;

- технология ұрпақтар арасындағы айырмашылықтарға қалай әсер ететінін көрсетеді.

6. Мультимодальді коммуникацияның әлеуметтік мәселелері:

- құралдардың ыңғайлылығы мен көптігіне қарамастан, мультимодальді коммуникация мәдени кедергілер мен түсінбеушілік сияқты қиындықтарға тап болады;

- *эмодзилердің қате түсіндірмесі*: әртүрлі мәдениеттерде бір таңба әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы: 🙌 кейбір мәдениеттерде бұл «дұға» дегенді білдіреді, басқаларында «рахмет» дегенді білдіреді;

- *технологияға тәуелділік*: мультимодальді элементтерді үнемі пайдалану дәстүрлі жазу дағдыларын төмендетуі мүмкін;

- түсінбеушіліктерді азайту үшін мәдени мәнмәтіндерді зерттеу қажеттігін көрсетеді;
- білім беру және мәдениетаралық бағдарламаларға мультимодальді элементтерді енгізудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Кесте 5 – Мультимодальділіктің негізгі әлеуметтік лингвистикалық аспектілері

Аспект	Сипаты	Мысалдар	Маңыздылығы
Цифрлық бірегейлік	Пайдаланушылар мәтін, эмодзи, мемдер және мультимодальді медиа арқылы өздерінің жеке тұлғасын жасайды	Эмодзи (достық үшін), ағымдағы оқиғалар туралы мемдер	Қауымдастыққа сәйкес әрі тиесілі екенін көрсету тәсілі
Цифрлық мәдениет	Өртүрлі платформалардағы лингвистикалық бірегей мүмкіндіктер	TikTok: POV (көзқарас), Twitter: аббревиатуралар (BRB, LOL).	Олар платформаның ішінде мәдени бірлік құрып, субмәдени бірегейлікті нығайтады
Жаһанданудың әсері	Ағылшын тілі негіз болып табылады, бірақ жергілікті тілдер өз элементтерін қосады	Орысша интернет: "краи", "чекнуть"	Көшіріп алу және бейімдеу арқылы жергілікті тілдерді байытады
Мемдер	Олар оқиғалар мен эмоцияларды ұжымдық түсінудің көрнекі маркерлері ретінде қызмет етеді	COVID-19 жайлы мемдер	Олар ағымдағы оқиғалардың мәдени мұрағатын жасап, адамдарды біріктіреді
Гендерлік айырмашылық	Ерлер мен әйелдер әртүрлі мультимодальді құралдардың болуы	Ерлер: көбірек GIF, әйелдер: көбірек эмодзилер	Мультимодальді элементтер арқылы эмоционалды көрініс пен қабылдаудағы айырмашылықтарды көрсету
Жас айырмашылық	Аға буын өкілдеріне қарағанда жастар мультимодальді элементтерді жиі пайдаланады	Жастар: мемдер, эмодзилер, ТикТок. Үлкендер: мәтіндік хабарлар	Ұрпақтар арасындағы технология мен тілді қабылдаудағы айырмашылықты көрсетеді
Коммуниканттардың қабылдауы	Мәдени кедергілер немесе мультимодальді элементтердің екіұштылығы түсініспеушіліктерді тудыруы мүмкін	🙏 эмодзи: дұға (Үндістанда), "ракмет" (Жапонияда)	Коммуникация кателерін азайту үшін мәдени айырмашылықтарды білуді талап етеді

4. Анонимділік және рөлдік икемділік.

Интернет пайдаланушылары шынайы тұлғаларын жасырып, лақап ат (*nickname*) қолдана алады. Бұл олардың өзін еркін сезінуіне немесе керісінше, жасырын пікір білдіруге жағдай жасайды (троллинг, хейт, фейк аккаунттар).

Кесте 6 – Цифрлық мәдениет пен мультимодальді элементтердің мысалдары

Платформа	Цифрлық мәдениеттің ерекшеліктері	Мультимодальді элементтердің мысалдары	Коммуникациядағы рөлі
TikTok	Трендтер, қысқа аудио файлдар, визуалды контекст	Хэштегтер: #POV, мемдер, эмодзи арқылы реакциялар	Пайдаланушыларға жаһандық трендтерге қатысуға және шығармашылықты көрсетуге мүмкіндік береді
Twitter	280 таңбалық шектеу қысқа сөз тіркестерін және аббревиатураларды танымал етуді ынталандырады	Қысқартулар: LOL, FOMO (fear of missing out)	Қысқа диалогтерді қолдайды және ақпаратты жылдам таратуды жеңілдетеді
Instagram	Суреттер мен қысқа бейнелер арқылы көрнекі екпін	Эмодзи: 🍷 (эмоциялар), GIF: қысқа реакциялар	Көрнекі мазмұнға назар аударады, эмоционалды белсенділікті тудырады
YouTube	Бейне негізгі коммуникация құралы ретінде, бірақ эмодзилер мен жаргондарды қамтитын түсініктемелері бар	Пікірлер: «🔥 (бейне керемет!)»	Көрнекі және мәтіндік өзара әрекеттесуді біріктіріп, жаһандық қолжетімділікті арттырады

5. Тілдік жаңартпалардың тез таралуы.

Виртуалды ортада жаңа сөздер, мемдер, сленгтер жылдам пайда болып, таралады. Мысалы: «чатбот», «стрим», «хайп», «краш», «фейк» сөздері интернет арқылы қолданысқа енді.

6. Дәстүрлі орфографиялық және грамматикалық нормалардың бұзылуы

Виртуалды коммуникацияда орфографиялық ережелер жиі сақталмайды: Мысалы: «не ғой» (не ғой), «мағн» (маған), «жақсыыыы» (эмоцияны жеткізу үшін созып жазу). Жазу стилі сөйлеу тіліне жақындай түседі.

7. Коммуникацияның интерактивтілігі мен жылдамдығы

Интернеттегі коммуникация жылдам жауап беруге мүмкіндік береді (чаттар, пікірлер).

Әлеуметтік желілерде лайк, репост, пікір жазу арқылы интерактивтілік жоғарылайды.


Кесте 7– Гендерлік және жас айырмашылықтары

Санаты	Мультимодальді қолданудың сипаттамасы	Мысалдар	Әлеуметтік лингвистикалық мағына
Ерлер	Олар мемдерді, GIF файлдарын және эмодзилерді аз пайдалануды қалайды.	Әзіл бар GIF файлдары (мысалы, <i>The Office</i>), ағымдағы оқиғаларға қатысты мемдер.	Мультимодальдық элементтердің жеңілдетілген және утилитарлы қолданылуын көрсетеді.
Әйелдер	Мәтінге эмоционалды бояу қосу үшін көбірек эмодзилерді пайдаланады.	Эмодзилер: 😍, ❤️, 😞.	Эмоциялар мен тұлғааралық қарым-қатынастарды көрсетуге баса назар аударады.
Жастар	Өзінің жеке басын көрсету үшін мемдерді, эмодзилерді және платформа мүмкіндіктерін белсенді пайдаланады.	TikTok мемдері, хэштегтері, эмодзилері (😂) күлуді білдіретін сияқты).	Топтық байланыстарды нығайтады және белгілі бір субмәдениеттерге жататынын көрсетеді.
Аға буын	Олар мәтіндік хабарлармен шектеледі және эмодзилерді аз мөлшерде пайдаланады.	Қарапайым мәтіндік хабарламалар: «Жарайды» деген эмодзи: 😊 немесе 👍.	Мультимодальді элементтерді минималды қолдану арқылы қарым-қатынасқа дәстүрлі көзқарасты көрсетеді.

Кесте 8 – Мультимодальділіктің мәдени аспектілері

Мәдени аспект	Сипаттамасы	Мысалдар	Әлеуметтік лингвистикалық мағына
Эмодзилердің интерпретациясы	Бір эмодзи әртүрлі мәдениеттерде әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін.	🙏: дұға (Үндістан), «рақмет»	Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін мәдени контексттің білімін талап етеді.
Мемдер және жергілікті мәдениет	Мемдерде белгілі бір топтарға ғана түсінікті дәстүрлі мәдениет болуы мүмкін.	Қазақтілді интернетте «Бәке».	Жергілікті бірегейлікті және ұжымдық тәжірибені нығайту тәсілі ретінде қызмет етеді.
Тілдерді будандасуы	Ағылшын сөздерін жергілікті сөз тіркестерімен алу және араластыру.	«чекап жасау» (checkup), «краш қой» (crush).	Жергілікті және жаһандық мәдениеттердің өзара әрекетін көрсететін тілдік жаһандану үлгісі.

Виртуалды коммуникация қазіргі заманғы коммуникация маңызды бөлігіне айналды. Ол дәстүрлі тілдік нормаларға әсер етіп, жаңа стильдер мен жаңартпалық қолданыстарды қалыптастыруда. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер, онлайн-форумдар тілдің даму динамикасын тездетіп, оны икемді әрі өзгермелі етеді.



Сурет – 1 Әліпбидің эволюциясы (материал «The Romans» Фейсбук парақшадан алынды)

ВК жазу мәдениетінің өзгеруіне ықпал етті, мәтіндер қысқартылып, ықшамдалып, түрлі графикалық, пиктографикалық таңбалармен берілетін болды. Виртуалды коммуникацияда мәтін гетерогенді мәтінмен ерекшеленеді. Э.Д. Сүлейменова виртуалды коммуникациядағы мәтіндерді гетерогенді жазулардың синкретизмі ретінде қарастырады [25], ал Н.К. Рябцева виртуалды коммуникациядағы мәтінді кибер-семиотикалық конвергенция деп қарастырады. Яғни виртуалды коммуникациядағы мәтіннің тек тілдік бірліктерін «теріп алып» қарастыра алмаймыз, оны мәтін ішіндегі түрлі вербалы, бейвербалды амалдарды қоса, түрлі графикалық белгі, бейне, эмотикон, сурет, инфографика барлығын бірге қарастыруды талап етеді [26].

**danka_chef ХИТ САТЫЛЫМ АЛЫП КЕЛЕТІН
ЧИЗКЕЙК НА ПАЛОЧКЕ**

Жаңа ДӘМ, жаңа ДЕСЕРТ

- ✓ ОРЕО
- ✓ ШОКОЛАД-ВИШНЯ
- ✓ КЛАССИКА-КАРАМЕЛЬ
- ✓ ФИСТАШКА-МАЛИНА
- ✓ ТРОПИК
- ✓ ЯГОДНЫЙ
- ✓ РАФФАЭЛЛО

және тағы жаңа ДӘМ

☑ ТАРЫ ҚОСЫЛҒАН ЧИЗКЕЙК

✓ тапсырысты алдын-ала қабылдаймыз, ол үшін 📍 профильге өтіңіз

✓ мастер класс жөнінде жекеге немесе

ватсапқа жазыңыз

#чизкейк

#чизкейкнапалочке

#чизкейкалматы

#чизкейкбезвыпечки

#десерты

#cheesecake

#cheesecakes

#dessert

**danka_chef ХИТ САТЫЛЫМ АЛЫП
КЕЛЕТІН ЧИЗКЕЙК НА ПАЛОЧКЕ**

Жаңа ДӘМ, жаңа ДЕСЕРТ

- ✓ ОРЕО
- ✓ ШОКОЛАД-ВИШНЯ
- ✓ КЛАССИКА-КАРАМЕЛЬ
- ✓ ФИСТАШКА-МАЛИНА
- ✓ ТРОПИК
- ✓ ЯГОДНЫЙ
- ✓ РАФФАЭЛЛО

және тағы жаңа ДӘМ

☑ ТАРЫ ҚОСЫЛҒАН ЧИЗКЕЙК

✓ тапсырысты алдын-ала қабылдаймыз, ол үшін 📍 профильге өтіңіз

✓ мастер класс жөнінде жекеге немесе

ватсапқа жазыңыз

#чизкейк

#чизкейкнапалочке

#чизкейкалматы

#чизкейкбезвыпечки

#десерты

#cheesecake

#cheesecakes

#dessert

Сурет 2 – Әлеуметтік желіден алынған сатылым посты

Мысалы ретінде 2-суретте мәтіні, тыныс белгілері бірдей, бірақ сол жақтағы мәтін түсті бояумен, ал оң жақтағы мәтін ақ-қара бояумен берілген. Мысалға алынған мәтінде тілдік жаңартпаны іздейтін болсақ, мұнда тек тілдік бірліктерді алып қарастырған жеткіліксіз болады. Себебі тілдік бірліктерді мәнмәтінде «шырайын» ашып тұрған жасыл, қызыл тыныс белгісі, сөздерді бас әріптермен жазу, хэштег қою, тауар ассортименттерін тізбелеп көрсету мұның барлығы оқырманның ұсынып отырған тауарды сатып алуға әрекет етуіне «итермелейтін» тәсіл болып саналады. Ал түсті бояумен мен ақ-қара бояумен берілген екі мәтіннің де оқырманның қабылдауына әсер етеді. Түсті боядағы мәтін оқырманға «жылы» әсер береді. Суреттегі мәтіннің тілдік бірліктеріне келсек, мұнда қазақша мәтінге орыс тілінің сөздерін әдейі қосқан, қазіргі таңда тіл иелмендерінің ауызша сөйлеу тіліндегі «чизкейк на палочке», «орео», «вишня», «ягодный» сөзіндерін қазақ тіліне аудармай сол күйінде қолданған.

«Жаңартпа»/ «жаңартпа» термині ІТ технологиялардың күн сайын дамуына байланысты қолданыс аясы кеңейіп келеді. Тілдік жаңартпа және тілдегі жаңартпа деген екі түрлі ұғым қалыптасты. Жаңартпаны қолданыс саласына қарай мынандай түрге бөледі:

- Әлеуметтік желіге қатысты жаңартпа лар
- Гаджеттерге қатысты жаңартпалар
- Экономикаға байланысты жаңартпалар
- COVID-19-ға қатысты жаңартпалар
- Қоршаған ортаға қатысты жаңартпалар
- Спорт, туризм, дене тәрбиесі, фитнеспен байланысты жаңартпалар
- Тамақ дайындаудағы әртүрлі диеталармен, жаңа рецепттермен және технологиялармен байланысты жаңартпалар
- Гендерлік аспектілерге қатысты жаңартпалар
- Ұрпаққа қатысты жаңартпалар

- Денсаулық сақтау саласына байланысты жаңартпалар
- Білім беру мен тәрбиеге байланысты жаңартпалар [27].

Н.К. Рябцева виртуалды коммуникациядағы жаңартпаларды *тілдік жаңартпалар* және *когнитивтік жаңартпалар* деп екіге бөліп қарастырады және олардың арасындағы өзара байланыс пен ерекшеліктерге назар аударудың маңыздылығын көрсетеді [28].

Интернет-коммуникацияның ең маңызды және перспективалы әлеуметтік сипаттамасы-өзара әрекеттесу еркіндігі, өз ойлары мен пікірлерін білдіру, сондай-ақ өзінің лингвистикалық, когнитивті, семиотикалық және т.б. шығармашылығын көрсету мүмкіндігі. Осылайша, көптеген сарапшылар Интернеттің ауызша және жазбаша тіл арасындағы айырмашылықтарды жойған дискурсивті революцияның генераторына айналғанына сенім білдіреді. Интернет сонымен қатар әртүрлі жаңа графикалық ережелерді, рәміздерді және т.б. тудырды: окказиялық, әзіл-оспақ, ирониялық, сарказмдық және басқа экспрессивті дискурсивті және семиотикалық «туындылар». Бұл жаңартпалар, басқалармен қатар, шығармашылық пен танымның лингвистикалық және әлеуметтік жүйеге ауысу тәсіліне айналады. Осыған байланысты SMS-хабарламалардың мәтіндік хабарламалары, мәтinizмі және текстикеті (txting, txtism және txtiquette) сияқты жаңартпалық әзірлемелер өте айқын құбылыстар болып табылады. Олар мәтінді қысқартады, қысады, мәнерлейді, ақпараттандырады, тиімдірек етеді және осылайша когнитивті негізге ие болады.

Txting, txtism және txtiquette: интернет тілі мен стилі және оларды бағалау

Txting, txtism және txtiquette сығылған хабар алмасудың көптеген жаңа лингвистикалық және семиотикалық ережелерін және өзара әрекеттесудің жаңа формаларын енгізді (және қолданды), орфографиялық қысқартулар/қысқартулар (қазіргі қазақ тілінедігі виртуалды коммуникацияда қолданылатын қысқартулар ағылшын тіліне бастау алған деген тұжырым жасауға болады): *msg* – *message*, *tmrw* – *tomorrow*; *phonological abbreviations*: *thru* – *through*, *skool* – *school*, *thanx* – *thanks*; *acronyms/ initialisms*: *ttyl* – *talk to you later*, *omg* – *oh my God*, *brb* – *be right back*; *clippings/ shortenings*: *goin* – *going*, *feb* – *February*, *xam* – *exam*; *semiotic (single letter/ number) homophones*: *c* – *see*, *u* – *you*, *2* – *to/ too*, *4* – *for*; *combined letter/ number homophones*: *2day* – *today*, *l8r* – *later*; *emoticons/ smileys* (:-) – *happy*, :-/ – *sad*; *typographic symbols* (*x* – *kiss*, <3 – *love*, @ – *at*; *omissions of punctuation, apostrophes or capitalization*: *cant* – *can't*, *i* – *I*; *excessive use of punctuation or capitalization for expressing emphasis*: *what!!!!* – *what!*, *NEVER* – *never*; *repeating letters to mirror lengthening*: *sooo* – *so*, *grreeeeenn* – *green*); *accent stylizations*: *gonna* – *going to*, *anuva* – *another*, *dat* – *that*).

Кейбір лингвистер txting & txtism-ті «вандализм» деп санаса, басқалары интернеттің лингвистикалық және семиотикалық жаңартпалары тілді «қайта ойлап табады», оның металингвистикалық жүзеге асырылуына, қайта құрылуына және т.б. ықпал етеді деп санайды. Ең беделді интернет-лингвист Дэвид Кристал [29], тхтизмді тілдік ойын, сауаттылықтың көптігі, тіл эволюциясы және т.б. ретінде анықтайды. Қазіргі заманғы киберсемиотикалық

«тіл мен интернет пен цифрлық коммуникация стилі оқырмандар мен жазушылардың лингвистикалық, шығармашылық және танымдық іс – әрекеттерін ынталандырумен қатар, интеллектуалдық күш-жігерді, әдеттер мен тәжірибелерді талап етеді және осылайша сауаттылықтың жаңа түрін-киберсемиотикалық сауаттылықты тудырады., бұл, сөзсіз, дәстүрлі жазу дағдылары мен ережелеріне әсер етеді. Жазу ережелері үнемі дамып отырады. Мысалы, Шекспирдің заманында олар әлі орныққан жоқ, сондықтан жазушының өзі өз есімін алты түрлі жолмен жазған» [29]. Сонымен, цифрлық коммуникация мен кибер-семиотикалық сауаттылықтың әсерінен дәстүрлі жазу ережелерінің қалай дами бастағанын көретін шығармыз. (Бұл, өз кезегінде, әртүрлі, жаңа, қысқа және тартымды таңбалардың, белгілердің және т.б. алуан түрлілігін көрсететін сандық құрылғылардағы/ киімдердегі бірқатар виртуалды пернетақталардың арқасында дүниеге келді.).

Цифрлық байланыс, киберсемиотикалық сауаттылық және оның мысалдары, атаулары мен түсініктемелері

Цифрлық коммуникация киберсемиотикалық сауаттылық пен текстизмді бастады, оны «Netspeak»-тен айырмашылығы келесі «дәстүрлі» мәтінмен көрсетуге болады [30, б. 17]: «ақыр соңында, мәтіндік хабарламалар мен жедел хабар алмасу біздің жастарымыздың оқу, жазу және емле дағдыларын бұзады».

Интернет тілі мен стилі үнемі дамып отырады және осылайша жаңа атаулар мен біліктіліктерге ие болады, cf. *electronic language, e-writing, e-language, e-style, computer-mediated communication technology, etc.*; электрондық тіл, электронды жазу, электронды тіл, электронды стиль, компьютерлік байланыс технологиясы және т.б. «Netspeak– тің пайда болуы бізге homo loquens-ті ең жақсы жағынан көрсетеді «... жеке тілдер үшін үлкен әлеуетті байыту аймағын құру осылайша, Адамның әмбебаптығы, шығармашылығы және жаңашылдықты іздеуі тежелмеген, керісінше лингвистикалық тұрғыдан электронды технологиялармен қозғалған» [30, б. 241-242].

1.2 Тілдік жаңартпалар – тілдің эволюциялық даму көрсеткіші

Тілдік жаңартпалар – бұл тіл жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар, олар жаңа сөздердің, мағыналардың, грамматикалық құрылымдардың және сөйлеу нормаларының пайда болуымен сипатталады. Тілдік жаңартпалар қоғамның дамуына, технологиялық жетістіктерге, мәдени және әлеуметтік өзгерістерге байланысты туындайды. Виртуалды коммуникацияның қарқынды дамуы тілдік жаңартпалардың жаңа түрлерін қалыптастырып, олардың таралу жылдамдығын арттырды.

Тіл білімінде тілдік жаңартпа тілдің коммуникация жүйесі ретінде өзгеруі мен дамуының көрсеткіші болып табылады. Тіл мамандары жаңартпаларды тілдің барлық құрылымы, дыбыстар жүйесі, сөздік қоры, грамматикасы мен семантикасын қоса алғанда, әртүрлі деңгейлерді анықтап, зерттейді. Тілдік жаңартпа лардың бірі – жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуы. Тіл үнемі дамып отырады және жаңа заттар мен ұғымдарға, технологияларға немесе әлеуметтік-мәдени құбылыстарды атау, белгілеу, айқындау үшін жаңа сөздер пайда болады. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде «селфи», «твиттер»,

«хэштег» және басқа да сөздер пайда болды, олар жаңа реалия мен үрдістерді көрсетеді. Тағы бір тілдік жаңартпа тілдің грамматикалық ережелері мен құрылымын өзгерту әлеуетіне ие болуымен ерекшеленеді. Тіл уақыт өте келе фонетикалық, морфологиялық немесе синтаксистік деңгейінде өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Мысалы, қазіргі ағылшын тіліндегі сөз тіркестерінің қысқарған, аббревиатураы түріндегі формасы OMG, LOL, GG. Сондай-ақ, тілдік жаңартпалар тілді әртүрлі контекстерде ресми қарым-қатынас мәтіндерінде қолданылмаса, әсіресе виртуалды жазба коммуникация да, жеке сөз ретінде қолданылып келеді. Мысалы, жоғарыда сөз болған қарым-қатынастың жаңа түрі ретіндегі виртуалды коммуникация қысқарулары, эмотикондары т.б. құралдарымен ерекшелене отырып, жалпы тілге өзіндік жаңартпаларын енгізе бастады. Тілдік жаңартпалар тілдегі өзгерістерді және оның қоғамда қолданылуын көрсетеді. Тіл мамандары бұл жаңартпа ларды тілдің қалай дамып жатқанын және адамдардың бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтынын анықтау мақсатында зерттейді.

Тіл біліміндегі тілдік жаңартпалар лингвистиканың өзінде жаңа лингвистикалық ерекшеліктерді, құрылымдарды немесе тұжырымдамаларды әзірлеу мен енгізуді білдіреді. Ол тілді және оның әртүрлі аспектілерін жақсырақ түсіну үшін жаңа идеяларды, теорияларды және әдістемелерді зерттеуді және құруды қамтиды. Лингвистикадағы тілдік жаңартпалардың бір мысалы – сөздік қорын кеңейту. Лингвистер әртүрлі тілдердегі күрделі сөздердің осы тілдердің сөздік қоры мен лексикасының кеңеюіне қалай ықпал ететінін зерттейді. Лингвистикадағы тілдік жаңартпа ның тағы бір аспектісі – тілдік өзгерістер мен вариацияларды (жарыспаларды) зерттеу. Тіл мамандары тілдік байланыс, әлеуметтік лингвистикалық әсерлер және жаңа тіл формалары мен модельдерінің пайда болуы сияқты факторларды (түрткіжайттарды) зерттеу арқылы тілдердің уақыт өте келе қалай дамитынын талдайды. Сонымен қатар, тілдік жаңартпалар тілді үйренудің жаңа теориялық негіздері мен тәсілдерін әзірлеуді қамтуы мүмкін. Лингвистер фреймдік семантика, құрылыс грамматикасы немесе транс-тіл сияқты тілдік құбылыстарды түсіндіру үшін жаңартпа теорияларын немесе модельдерді ұсына алады. Тілдік жаңартпалар үздіксіз үдеріс екенін ескеру маңызды, өйткені бұл сала үнемі дамып, жаңа ашылулар мен перспективаларға бейімделеді және солармен тікелей байланысты болады.

Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар. Виртуалды коммуникацияда дәстүрлі коммуникация түрлерінен ерекшеленетін бірқатар тілдік жаңартпалар пайда болды.. Олардың кейбіреулері:

1. Қысқартулар мен аббревиатуралар: виртуалды коммуникация уақыт пен таңбаларды үнемдеу үшін жиі пайдаланады. Мысалы, lol (laugh out loud), brb (be right back) және omg (oh my god) дегенді білдіреді.

2. Эмотикондар мен эмодзилер: виртуалды коммуникация эмоциялар мен көңіл күйді жеткізу үшін эмотикондар мен эмодзилерді де кеңінен қолданады. Мысалы:) күлімсіреуді білдіреді, (- қайғы, ❤️ - махаббат).

3. Жаргон және сленг: виртуалды коммуникация өзінің жаргоны мен сленгітерін қалыптастырады, бұл коммуникацияның бұл түрімен таныс емес

адамдар үшін түсініксіз болуы мүмкін. Мысалы, жалын – «қызу пікірталасты білдіреді», тролль – «басқа пайдаланушыларды әдейі арандататын адам», ал» фидбек – «кері байланыс» дегенді білдіреді.

4. Мемдер: виртуалды коммуникация сонымен қатар мемдерге толы – интернеттегі қауымдастықтарда тез таралатын және күлкілі немесе ирониялық әсер ету үшін қолданылатын танымал кескіндер, бейнелер немесе сөз тіркестері.

5. Байланыстың жаңа формалары: виртуалды коммуникация чаттар, форумдар, әлеуметтік желілер және мессенджерлер сияқты байланыстың жаңа түрлерін ұсынады. Бұл платформалар адамдарға лезде және нақты уақытта сөйлесуге, медиа файлдар мен басқа деректермен бөлісуге мүмкіндік береді.

Виртуалды коммуникация дамып келеді және онымен бірге жаңа тілдік жаңартпаларпайда болады. Уақыт өткен сайын уақыт талабына сай тілдік жаңартпаларпайда болып, дамып, қоғамдағы өзгерістерді және адамдардың онлайн ортада өзара әрекеттесу жолдарын көрсетеді.

Ақпараттың мәні оқуға кететін уақыт мөлшеріне байланысты. Хабарламаның ұзындығы немесе ақпарат кванты қысқарады (Демьяна Кудрявцева термині).

Хабар алмасу жылдамдығы күрт артып, кері байланыс формаларын сипаттайды: бұл қысқа хабарламалар, эмодзилер және басқа инфографиялық құрылымдар, ең алдымен, белгілі бір жазбаны оқыған (немесе көрген) адамның эмоционалды жағдайын көрсетеді. Ұзын және көлемді медиа мәтіндердің маңызы мен өзектілігі (олардың әсері сияқты) төмендейді.

Цифрландыру қалай ойлау, қалай әрекет ету, сыртқы ортамен және бір-бірімен өзара әрекеттесу парадигмасын өзгертеді. Қазіргі виртуалды әлеуметтік желілердің маңызды сипаттамасы эмоционалдылыққа ие. Мәтін назарда болмайды. Монотонды түрде жасалған немесе белгілі бір оқырман аудиториясының сұраныстарын ескермейтін материал қажет болмауы мүмкін.

Қазір, ең алдымен, көрнекі мазмұн назар аударады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес:

- адам естігендерінің 10% және көргендерінің 64% есінде сақтайды;
- Пайдаланушылардың 80 пайызы қызықты, пайдалы суреттері бар мәтінді оқуға дайын;
- маңызды суреттері бар мазмұн әлеуметтік желілерде маңызды емес суреттері бар мазмұнға қарағанда 94% жиі көрінеді;
- инфографика мәтіндік мазмұнға қарағанда 3 есе көп әлеуметтік сигнал алады;
- иллюстрациялары көп басылымдар екі есе көп әлеуметтік сигнал алады [31].

Көрнекі мазмұн мобильді өмір форматына жақсырақ сәйкес келеді. Ол ақпаратты құрылымдайды, эмоционалды және ақпараттық компоненттерді біріктіреді. Тез «тұтынуға» ықпал етеді. Біз көрнекі сөйлеу арқылы ойлана бастаймыз. Ақыр соңында, ми визуалды ақпаратты мәтінге қарағанда 60 000 есе жылдам өңдейді. Әлеуметтік желілердегі хабарламалар ілеспе мәтіні бар

суреттердің (фотосуреттер, суреттер, инфографика) 90% құрайды (суреттелгенді сипаттайтын сөз тіркестері).

Цифрлық басылымдарды, Интернеттегі ақпаратты қарауға байланысты зерттеулер оқырманның мақалаларға бір-екі минуттан аспайтынын дәлелдейді, сондықтан оларды оқу үшін нақты визуалды екпін қажет. Ең бастысы – оқырманның ақпаратты қаншалықты түсінетінін, оның визуалды бейнесіне қызығушылық танытатынын ескеру.

Виртуалды шындық мәдени дамудың жаңа кезеңінің актері болады. Сарапшылардың пікірінше, қазіргі адамзат адамның ақыл-ой әрекетінің мүмкіндіктерінен асатын әлеуметтік желілер мен сананы қалыптастыру технологиялары құрған психикалық инфрақұрылымда өмір сүреді. Ақпараттың адресаты, оның адресаты болады. Байланыстың классикалық моделін қайта қарау қажет: хабарлама көзі тарату арнасы (ақпарат агенттігі) ақпарат аудармашысы (БАҚ) хабарлама алушылар (аудитория). Қоғам өзгеруде: тұтынушылар өнімнің соңғы тұтынушылары болуды тоқтатады, олар өндіріс циклдерінің орталығына айналады, оларды және жеткізу тізбегін өзгертеді. Физикалық және цифрлық әлемдер біріктіріледі. Офлайн және онлайн кеңістіктердің интеграциясы цифрлық және шынайы болады, визуалды ақпарат пен мәтіндік материал арасындағы байланыс өзгереді.

Барлық бұқаралық ақпарат құралдары мазмұн жасайды, бірақ болашақ-оларды құру үшін пайдаланушылардың өздері қолдана алатын медиа мәтіндер: білімге ұмтылу, өзімшілдік, альтруизм, махаббат сияқты аспектілердің жиынтығы, әртүрлі орталардың әсерінен медиа ортаның экожүйесін (өзін-өзі ұйымдастыратын орта), медиа мәтіндердің жалпыланған кеңістігін құрайды.

Табиғи тілдердің көптігіне қарамастан, олардың ортақ бір ерекшелігі бар-бұл үш деңгейлі түрлендіргіштің ерекше түрі, ол бірінші, жоғары, деңгейде тұжырымдамалық идеяларды болашақ мәтіндік стратегияларға өңдеуді жүзеге асырады, екіншісінде-бұл стратегияларды белгілі бір тактикалық әрекеттерге-семантикалық, ал үшіншісінде, төмен деңгейде-белгілі бір тактикалық әрекеттерді өңдеу.жедел әрекет, яғни мәтінге сәйкес келетін мән және керісінше.

Осылайша, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының журналистік мәтінінде үш ерекшелікті ажыратуға болады: мәтіннің мазмұны мен формасы, онда тұжырымдамалық мағына екі жолмен көрінеді. Мәтінді осылай зерттеу қоғамды мәтін ретінде «оқуға», «не тудыратынын» анықтауға үйретуді қамтиды. Бірақ қоғамның өзі өзгереді, ол «жеке медианы жаһандандырады». Тірек сөздер немесе хэштегтер жаңа әлеуметтік қоғамдық кеңістікке айналды [32, б. 58].

Функционалды деңгейде адам санасы «бір» тілмен жұмыс істейтіні белгілі. Демек, образ қоршаған шындықты түсінудің негізгі категориясына айналады. Кескін неғұрлым жарқын болса, соғұрлым ол көбірек ақпарат береді. Кескін үлкен ақпараттық ресурстарды объективті ету қабілетіне қатысты тұжырымдамамен байланысты. Өзірге сөздің бейнелі үстемдігі медиа-ортаның визуалды байланыстарын зерттеудің әдіснамалық тәсілдерінің «шегіне» әкеледі, бұл жаңа технологиялардың, ең алдымен жасанды интеллект

технологияларының мүмкіндіктерін визуалды мазмұнды қалыптастыру процестерін ашуда толық пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Кесте 9 – Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар

<i>Орыс тілінен енген варваризмдер</i>	<i>Ағылшын тілінен енген фонетикалық жолмен игерілген лексикалық жаңартпалар</i>	<i>Қазақтілді виртуалды коммуникациядағы жаңа сөздер, лексикалық жаңартпалар</i>
1	2	3
ава, аватака	3 д	айти - маман
айтишник	аватар	ат (ақпараттық технология)
бизнес-коучер	айфон	аудиобайланыс
бизнес-форум	аккаунт	әлемжелі
гуглить ету	ai, it	әлеужелі
	батл	бейнебайланыс
доставка	блог	бейнежазба
жиза болса, лайк бас	блогер	бейнежауап
зарядка	блокчейн	бейнекамера
зарядтау	бот	бейнемәлімдеме
интернет-трафик	браузер	бейнемәлімет
коммент, комментарий	бренд	бейнеплатформа
комментарий қалдыру	брендинг	бөлісу
контакт	вай-фай	браузерлік
локация	вайб	брендтеу
перерепосттау	вайнер	видеоблоктік
поделиться ету	ватсап (уатсап, ватцап, ватсап)	видеосабак
подписаться ету	вебинар	виртуалдану
подписчик	видеоблог	виртуалдық
понт	видеоблогер	гаджеттік
прикол	видеоинженер	гуглдау (гуглдан қарау)
реалити-шоу	виртуал	домендік
розетка	гаджет	жазылман
семинар-тренинг	Гуглдеу, гуглдету	желі
сотка	диджитал	желімен
тренинг	домен	жеткізу
троллить теу	e-gov	жолашар
фоллауер	зум	жылбастар
хайповать ету	зум-конференция	инклюзивті
	интернет-ролик	инста-парақша
	интерфейс	интернет-дүкен
	кибербуллинг	интернет-қолданушы, интернет- тұтынушы
	конвертер	интернет-мәдениет
	контент	керібайланыс
	контент-менеджер	кибернетикалық
	коуч, коучинг, коучер	кибершаубыл
	креатив	колл-орталық
	лайфхак	конвертерлеу

Кестенің жалғасы

1	2	3
	лук	конвертерлеу
	мессенджер	криптоақша
	онлайн	қайтабрендтеу
	онлайн-конференция	қалтафон
	опцион	қанатқақты
	офлайн	қуаттау
	панель	лайк парақша
	пиар	лайық
	прайм-тайм	лүпіл
	пранк	лүпілдету
	ребрендинг	медиа-маман
	рейтинг	медиаорда
	репост	мобильді
	респект	оқырман
	респект	онлайн-күнделік
	рилз	пиаршы
	селфи	пилоттық
	скриншот	процессор-жады
	слоган	пысы
	смартфон	пікір
	смм	репосттау
	спам	селфилету
	стартап	скриншоттау
	статус	смарт-қала (сағат, есік, перде)
	стенографист	стильдеу
	сторителлинг	суперқаһарман (супергерой)
	твит, твиттер	супермаман
	теледебат	сұраным
	тест-драйв	трендтеу
	транскомпания	трендтік
	тренд	трольдеу
	шоумен	
	фейк	ұялы
	фотоанализ	фототалдау
	фрилансер	фрилансерлік
	фронт-офис	хайпқұмар
	хай-тек	хакерлік
	хайп	хостингілік
	хайпер	цифрландыру
	хакер	цифрлық
	хештег	
	хостинг	
	чат-коммуникация	
	челлендж	
	ютуб	
	е-калькулятор	
	3 д	

Тілдік жаңартпалардың пайда болу уәждері

Тіл – бұл әлеуметтік құбылыс. Тілдік жаңартпалар (тілдегі жаңа құбылыстар мен өзгерістер) тілді пайдаланушылардың қажеттіліктері мен қоғамдағы өзгерістерге жауап ретінде қалыптасады. Бұл процестер көбінесе бірден байқалмайды, бірақ уақыт өте келе тілдің құрылымы мен сөздік қоры айтарлықтай өзгереді.

Тілдік жаңартпалардың пайда болу себептері:

1. *Қоғамдық және мәдени өзгерістер.* Жаңа ұғымдар мен тәжірибелер пайда болғанда, оларды атау үшін жаңа сөздер қажет болады.

Мысалы, «инфлюенсер», «локдаун», «метаәлем» сияқты сөздер технология мен әлеуметтік желілердің дамуынан шықты.

2. *Технологиялық прогресс.* Ғылым мен техникада жаңа өнертабыстарға жаңа терминология қажет.

Мысалы, «смартфон», «гаджет», «вирус» (ІТ мағынасында) – осы салаларда туындаған жаңартпалар.

3. *Тілдік экономия мен жеңілдету үрдісі.* Адамдар тілді қысқартуға және қарапайым формаға келтіруге бейім.

4. *Әлеуметтік топтардың тілі.* Жасөспірімдер, кәсіби қауымдастықтар немесе интернет қолданушылары өз тілі мен стильдерін қалыптастырады.

Бұл сәтте жаңа сөздер, тіркестер, тіпті грамматикалық құрылымдар пайда болуы мүмкін.

5. *Көптілділік және тілдік байланыс.* Басқа тілдермен байланыс арқылы сөздер мен құрылымдар кіріктіріледі (мысалы, ағылшын тілінен қазақ тіліне енген «лайк», «сторис», «чат»).

6. *Мәдениетаралық ықпал.* Жаһандану нәтижесінде тілдер бір-біріне әсер етеді. Гендерлік бейтарап тілдің дамуы немесе инклюзивті терминология осы үдерістің нәтижесі.

Кесте 10 – Тілдің жаңаруына әсер етуші түрткіжайттар

<i>Түрткіжайт</i>	<i>Мысал</i>
Тілдік жаһандану	Қостілділік, көптілділік
Әлеуметтік медиа	Хештег (#) қолдану, мем-сөздер
Жастар тілі	«краш», «чилл», «флекс»
Технология	«алгоритм», «мәшинелік оқыту»
Саяси/әлеуметтік трендтер	«экосана», «гендерлік теңдік»
Көпмәдениеттілік	Кірме сөздер («коучинг», «стартап»)

Қазіргі жаһандану заманында әлем тіларалық және мәдениетаралық коммуникация қажеттілігінде адамдардың коммуникативтік мүмкіндіктерін кеңейту үрдісімен сипатталады. Сондықтан тілдік жаһандану кезеңінде қостілділік, тілдердің араласу мәселелері ерекше өзекті бола түсуде. Тілдік байланыстар теориясының негізін салушы У. Вайнрайх қостілділіктің үш негізгі түрін: координативті, аралас және бағынышты деп анықтайды [33].

Қостілділіктің көптеген түрлері жеткілікті түрде егжей-тегжейлі зерттелген, дегенмен ғылыми сипаттауды қажет ететін көптеген қостілділік жағдаяттар мен тілдік байланыстардың тіркесімдерін зерттеу өзекті болып қала береді. Тілдік өзгерістер – тілдің тарихи даму барысында тілдік жүйенің барлық деңгейлерінде (фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, семантикалық) орын алатын өзгерістерді айтады. Тілдегі өзгерістер тілдердің араласуынан, тілдік қатынас, қостілділік, тілдік интерференция нәтижелерінен орын алып отыратын динамикалық өзгерістер болып табылады. Аталған тілдік құбылыстардың барлығы тірі тілдің құрылымдық жүйесіне өзгерістер енгізіп жатыр. Тілдік қатынас терминін ең алғаш ұсынған А.Мартине [34] болды. Тілдік қатынас термині У.Вайнрайхтың «Language is contact» еңбегі жарыққа шыққанан кейін ғылыми айналымдағы қолданысы арта түсті [33]. Бұл терминді 1926 жылы Л.В. Щерба да тілдердің араласуы туралы еңбегінде қолданған [35]. Э. Хауген «тілдік қатынасты» тұлғалардың бір немесе бірнеше тілді кезекпен қолдану деп анықтайды [36].

Тілдік жаңартпалардың пайда болу үдерісіндегі ағылшын тілінің рөлі

Жаһандану үдерісі ұлттардың, түрлі мәдениет пен тілдердің қарқынды араласуының негізгі қозғаушы факторына айналды. Жаһандану барысында іргелес тіл кеңістігіндегі бір немесе екі, одан да көп тілдің тілдік байланыстары кеңейіп, тереңдей түсті. Нәтижесінде фонетикалық, лексикалық, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық және дискурс деңгейлерінде тілдік өзгерістер орын алды, бір тілдің немесе бірқатар тілдердің құрылымына, сөздік қорына және қызметіне әсер етті. Мұндай үдеріс нәтижесінде қазіргі кезде «тілдік жаһандану» деп аталатын термин пайда болды. Тілдік жаһанданудан туатын сын-қатер де бар, миноритар тілдердің жойылып кету қаупін тудырады.

Тілдік жаһандану қазіргі қоғамда әлемдік тіл ретінде бір тілдің үстемдігі жағдайында тілдердің өзара белсенді араласу процесін білдіреді. Ашық, жалпыға ортақ ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктің пайда болуы мен дамуы әлемнің көптеген елдерінде билингвизм мен полилингвизмнің қарқынды дамуына қолайлы жағдай тудырды. Жаһандану идеясы жер шарының халқын біріктіретін біртұтас тіл ұғымымен тығыз байланысты [37]. Қазіргі уақытта ағылшын тілі этносаралық, әлемдік коммуникация құралы бола отырып, lingua franca ретінде жетекші рөл атқарады [38]. Белгілі британдық лингвист Дэвид Кристал еңбектерінде ағылшын тілін «жаһандық тіл» ретінде сипаттайды [39].

2023 жылы жүргізілген зерттеу бойынша дүниежүзінде ағылшын тілінде ана тілі немесе екінші тіл ретінде сөйлейтін шамамен 1,5 миллиард адамға жеткен. Одан кейін қытай тілінің диалектісі саналатын мандарин тілінде сөйлейтіндер 1,1 миллиард шамаға жеткен, үшінші орында хинди тілі, төртінші орынды испан тілі иеленген [40].

Әлем бойынша ағылшын тілі ғылымда, бизнесте, дипломатияда халықаралық тіл ретінде қолданылады және бұқаралық ақпараттық коммуникацияда, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлерінде белсенді қолданылады. Компьютерлік технологиялар мен интернетті пайдаланушылары арасында ағылшын тілі әмбебап қатынас құралы ретінде қызмет атқарады.

Ағылшын тілінің тез таралуының маңызды факторы Азия, Африка және Еуропада мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында ағылшын тілін кәсіби деңгейде және күнделікті коммуникация үшін қолданатын адамдар санының үнемі өсіп отыруы болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілінің сөйлеушілері өзінің ана тілі ретінде емес (non-native English speakers), жаһандық тіл ретіндегі ағылшын тілінің көптеген коммуникативті түрінің нұсқаларында да қолданылады [39]. Мысалы:

- 1) ағылшын тілі екінші тіл ретінде – ESL (English as a second language),
- 2) ағылшын тілі шет тілі ретінде – EFL (English as a Foreign Language),
- 3) ағылшын тілі лингва франка ретінде – ELF (English as a lingua franca).

Аталған ағылшын тілінің коммуникативті түрлері ана тілі ретіндегі ағылшын тілінен (ENL) қолданылуы жағынан да ерекшеленеді. Ағылшын тілінде ана тілі ретінде емес (non-native) сөйлеушілер бүгінде күнделікті тұрмыста, мәдениетаралық коммуникацияда қолдануы ағылшын тілін ана тілі ретінде сөйлейтіндерге (native) қарағанда едәуір өскен [41].

Б. Качру ағылшын тілінің әлемдік нұсқаларын үш концентрлі шеңберге бөледі:

1) Ішкі шеңбер (The Inner Circle) ағылшын тілі ана тілі болып табылатын елдерді білдіреді: АҚШ, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия.

2) Сыртқы шеңбер (The Outer Circle) ағылшын тілі ерекше мәртебеге ие және lingua franca ретінде екінші тіл ретінде қолданылатын елдерді білдіреді: Сингапур, Үндістан, Малайзия, Филиппин және басқа елдер.

3) Кеңею шеңбері (The Expanding Circle) ағылшын тілін үйренетін және шет тілі ретінде қолданылатын елдерді қамтиды: Орталық және Шығыс Еуропа елдері, Қытай, Жапония, Израиль, Грекия және т.б. [41].

Ағылшын тілінің коммуникацияда көп қолданылатын түрлеріне байланысты ағылшын тілін білетін, меңгерген тұлғаларды «ағылшын тіл иелмендері» деп атаудан гөрі, ағылшын тілінде сөйлеушілер, сөйлейтіндер (English speakers) деп қалдыруды жөн көрдік. Әдетте мәдениетаралық және халықаралық коммуникацияда тілдік тұлға ағылшын тілін екінші тіл ретінде меңгереді.

Ағылшын тілінің бұрынғы колониалды елдерінде жергілікті тілдің араласу үдерісінің нәтижесінде пайда болған ағылшын тілінің New Englishes деген нұсқасы да бар. Қазіргі кезде екінші және үшінші шеңбердегі ағылшын тілінің көптеген аумақтық нұсқаларына қатысты қолданылатын World Englishes терминінің орнына Дженнифер Дженкинс ұсынған Global Englishes термині қолданыла бастады [38]. Ғалымның пікірінше, бұл термин жаһандық коммуникация жағдайында жергілікті емес сөйлеушілер сөйлейтін ағылшын тілінің көптеген нұсқаларының кеңеюін дәлірек анықтайды. Лингвистикалық әдебиеттерде басқа тіл иелмендері қолданатын ағылшын тілінің ерекше сипатты кең тараған түрлері кездеседі:

*денглиш – Denglisch, deutsch – немісше және englisch ,
франглиш/френглиш – frenglish, French – французша; English – ағылшыныша
рунглиш / руслиш – Runglish*

спанглиш – Espanglish немесе Spanglish
чанглиш – Changlish: Chinese English, Chinglish: Chinese English
жапанглиш – Japanglish, Japanese English
хинглиш – Hinglish: Hindustani language (Hindi) and English
синглиш – Singaporean English және т. б.

Хинглиш Үндістанда ғана қолданылып қоймай, Ұлыбританияда да қолданылады. Бұл тілде негізінен Үндістаннан келген мигранттар, үндістандық жастар сөйлейді екен [42].

Қазақстанда Qazglish ұғымы термин ретінде әлі пайда болған жоқ, себебі ресми статистикаға сүйенсек, Қазақстан азаматтарының арасында «ағылшын тілін еркін меңгердім деп есептейтін респонденттер 28,0 %-і құраса, оның ішінде небәрі 10 %-і ғана тілді жақсы меңгерген. 33,7 %-і ағылшын тілін мүлдем білмейді, 27,1%-і кейбір сөздерді ғана түсінеді» [43]. Уақыт өте келе, қазіргі жаһандану және цифрландыру үдерістерінің қарқынды жүруімен, мемлекеттің жүргізіп отырған «үштілділік» саясаты арқасында, білім алуда ағылшын тілінің қолжетімділігі әсерінен Қазақстан азаматтары арасында ағылшынды білу деңгейі жаппай сипат алған жағдайда, толыққанды қазақ-ағылшын қостілділігі пайда болуы мүмкін. Қазіргі қазақ тілінде қазақ-ағылшын қостілділігі туралы көптеген зерттеуде Қазақстандағы оқу орындарында ағылшын тілінде білім алатын студенттер арасында жүргізілген зерттеулерге сүйенеді. Дегенмен де, қазіргі жастар арасында өзара коммуникацияда ағылшын сөздерін араластырып сөйлеу белең алған (*bro, easy, cringe, lol, ok, bullying, vibe, mood, chill, crush, childfree, т.б.*) [42].

Ағылшын тілінің lingua franca ретіндегі басым ұстанымы және онымен байланысты тілдік қатынас үдерістерінің күшеюі және билингвизм мен мультилингвизмнің жаппай таралуы ХХІ ғасырдағы лингвистердің назарына айналды. Қазіргі әлемде билингвизм жаппай сипат алған. Билингвизмнің пайда болуының бірден бір себебі әлеуметтік байланыстар болып есептеледі. Қоғамдық байланыстардың трансформациясы жағдайында тілдік қатынасқа түсетін ұлттар мен түрлі әлеуметтік топтардың әлеуметтік коммуникациялық мұқтаждықтарына байланысты қостілді тұлғаның, қостілді әлеуметтік топтың, әлеуметтік түрлі қабаттың, ұлттың пайда болуына әкеледі. Бұл екінші тілдің қалыптасуы мен екінші тілді меңгеру деңгейімен сипатталатын маңызды әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс ретінде саналады. Әлемдік кеңістікте 5000-нан астам тілдің иелмендері бары белгілі, бірақ әлем халқының тек 5 %-і екі тілді жетік біледі [42].

Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаят және ағылшын тілі. Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзгеруі, елдегі тілдің жай-күйі мемлекеттің жүргізіп отырған тілдік саясатына тікелей байланысты. Қазақстандағы тілдік саясатты ұтымды жүргізуге бағытталған іс-шаралар мемлекет тарапынан кезең-кезеңімен жоспарлы түрде бірнеше мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалар арқылы іске асып отырды:

- 1) Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы 1996 ж.;
- 2) Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы 1998 ж. (1998-2009).

3) Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2001 ж. (2001-2011)

4) ҚАЗТЕСТ жүйесін енгізу мен дамыту тұжырымдамасы 2008 ж. (2008-2011)

5) Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2018 ж.

6) Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2011 ж. (2011-2019)

7) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2019 ж. (2019-2023)

8) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы 2023 ж. және басқа да мемлекеттік бағдарламалар[42].

Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие бола тұра, 2000 жылдарға дейін белгілі бір аймақта қолданылатын «ауыл тілі» ретінде қолданылды. 2000 жылдан бері қарай қазақ тілінің қолданыс аясы қарқынды түрде арта бастады. Мұны Э.Д. Сүлейменова Қазақстандағы урбанизация үдерісінің қарқынды жүруімен түсіндіреді [44]. Бүгінгі таңда тілдің кері ауысу (reversing language shift) қарқынды түрде жүруде әрі қазақ тілінің құзыреті айтарлықтай өскені байқалады [45] Мұндағы тілдің кері ауысу (reversing language shift) бұрын қолданылған тілге қайта оралу, яғни Қазақстанда посткеңістік тілдік жағдаятта орыс тілі басым тіл ретінде ұзақ жылдар бойы бұқаралық қолданыста болды, Қазақстан Тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің қолданыс динамикасының өсуіне байланысты қазақ тіліне ауысуды білдіреді.

2007 жылға дейін Қазақстанның тілдік жағдаятында қазақ, орыс тілдері қоғамда, мемлекеттік басқаруда негізгі рөл атқарды. 2007 жылы Қазақстанда білім беру жүйесіне ағылшын тілін енгізу мәселесі қарастырыла бастады. Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзгеруіне түрткі болған негізгі фактордың бірі ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске қосуды ұсынуы болды. «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. ..Ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп атап көрсетті [46]. 2007 жылдан бастап Қазақстан үкіметі ағылшын тілін қоғамға енгізуді білім беру жүйесінен бастады. Қазақстанның білім беру жүйесінде ағылшын тілі міндетті пән ретінде оқытылатын болды. Елдегі коммерциялық, коммерциялық емес ұйымдарда ағылшын тілін жетік меңгерген мамандарға материалдық ынталандыру қарастырылды. Қазақстанда үш тілде білім беретін мектептер, оқу орындары ашылды, сонымен қатар тек ағылшын тілінде білім беретін ұйымдар да пайда болды.

«30 жыл ішінде үш айқын секіру үрдісі анықталды:

1. Қазақ мектептерінің оқушылар саны күрт өсті (32.35% → 66.0%).

2. Этникалық (ұйғыр, өзбек, тәжік және т.б.) және шет (ағылшын, түрік және т. б.) тілдерінде (2.6 % → 4.5%) білім алатын оқушылар саны айтарлықтай өсті.

3. Керісінше, орыс мектептерінің контингенті қысқарды (66.05% → 29.5%). Әрине, жаңа геосаяси жағдайда орыс тілінің өміршеңдігі мәселесі басқа әуенге ие болды: орыс тілі басым мәртебелік құқықтарынан айырылды. Бірақ билікте, техникада, бизнесте, медицинада, денсаулық сақтауда, ғылымда, білім беруде жинақталған инерция мен қолдану тәжірибесі және жаһандану мен ақпараттандыру сын-қатерлеріне икемді бейімделе алған орыс тілі өзінің жоғары тартымдылығын сақтады» [44].

Қазақстан азаматтарының тілді меңгеру деңгейін анықтауда міндетті түрде тілдік статистикаға жүгінеміз. Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулер мәліметтерінен мынандай ақпарат алуға болады, *халықтың үш тілді* еркін меңгеру деңгейі орта есеппен 29,0%-і құрады, оның ішінде жақсы меңгергендер үлесі – 6,0%, 5,2 %-і еркін сөйлейді, бірақ нашар жазады; 5,0 %-і түсінеді және түсіндіре алады; 12,8%-і жақсы түсінеді, бірақ сөйлей алмайды. Мүлдем білмейтін респонденттер [43]. Бұл 2021 жылғы зерттеуге қарағанда ағылшын тілін меңгергендер саны 1% өскен.

Кесте 11 – ҚР азаматтарының тілдерді меңгеру деңгейі 2023, % (*ақпарат Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулерінен алынды)

Тілдерді меңгеру	Мүлдем білмеймін	Кейбір сөздерді түсінемін	Жақсы түсінемін, бірақ сөйлемеймін	Түсінемін және түсіндіре аламын	Еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ нашар жазамын	Жақсы меңгергенмін	Тілдерді меңгеру деңгейі
Қазақ тілін	7,4	11,6	6,8	7,0	18,5	48,7	81,0
Орыс тілін	0,5	8,9	7,2	20,3	11,2	51,8	90,6
Ағылшын тілін	35,8	35,2	12,8	10,2	1,0	5,0	29,0
Өз этносының тілін	-	3,4	12,4	5,2	8,5	70,6	96,7
Үш тілді меңгеру	28,1	42,9	12,8	5,0	5,2	6,0	29,0

Education First (EF) жыл сайынғы есебіне сәйкес, Қазақстан ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша көптеген елдерден артта қалып отыр. 2023 жылыдың қорытындысы бойынша әлемнің 114 елі арасында ағылшын тілін меңгеру индексі – 415, бұл ағылшын тілін меңгеру деңгейі «өте төмен» деген 105-ші орынды білдіреді. 2021 жылғы мәлімет бойынша ағылшын тілін меңгеру индексі – 426, 2022 жылы – 420 болған [46]. Яғни жыл өткен сайын ағылшын тілін меңгеру индексі төмендеп отырған. Ал ағылшын тілін меңгеру сапасына

қатысты көрсеткіш 2019 жылы IELTS мәліметтері бойынша 6,0 көрсетсе, 2023 жылғы мәліметте 6,3 көрсеткішке көтерілген [47].

Education First ұсынған статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек, ағылшын тілін жетік меңгергендердің көбі Еуропа елдерінің халқы екенін байқауға болады:

Кесте 12– Әлемде ағылшын тілін жетік меңгерген 10 мемлекет

Р/с	Мемлекет атауы	Тілді меңгеру индексі
1.	Нидерланды	647
2.	Сингапур	631
3.	Австрия	616
4.	Дания	615
5.	Норвегия	614
6.	Швеция	609
7.	Бельгия	608
8.	Португалия	607
9.	Оңтүстік Африка	605
10.	Германия	604

Нидерланды, неміс, ағылшын тілдері үндіеуропа тілдерінің герман тобының батыс-герман бұтағына жатады, дат, швед, норвеж тілдері герман тобының солтүстік-герман (скандинавтық) бұтағына кіреді. Португал тілі роман тілдер тобына жатады. Яғни генеологиялық жағынан туыстас тілдер арасында ағылшын тілін жетік меңгеру дәрежесі жоғары екенін көрсетеді. Ал қазақ тілі алтай тілдер семьясының түркі тілдер тобына жатады. Типологиялық бөлінісі бойынша герман, роман тобындағы тілдер флективті, ал қазақ тілі жалғамалы тіл болып саналады. Генеологиялық туыстығы жоқ, типологиялық құрылымы әртүрлі тілді меңгеру тілдік тұлғаны түрлі тілдік кедергіге тап болатыны белгілі [42]. Сонымен қатар, Қазақстандағы білім алушылардың ағылшын тілінің меңгеру деңгейінің төмендігін посткеңестік елдерде бұрынғы жүргізілген кеңестік саясаттың салдарынан орыс тілінің ықпалды екенімен байланыстырады. «Алайда, елде ағылшын тілінің таралуына қатысты белгілі бір дәрежеде маңызды болатын сыртқы факторлардың жиынтығы бар екенін мойындау керек. Жалпы алғанда, бұрынғы Кеңес республикаларында ағылшын тілін білу деңгейі Батыс елдеріне қарағанда төмен» [48].

Қазақстанда ағылшын тілінің рөлі. Дегенмен де, қазақтар үшін ағылшын тілін меңгеру қиындық тудырса да, Қазақстанда жастар арасында ағылшын тіліне ұмтылыс байқалады. Әлемдік экономикаға кірігу және қоғамдық қызметтерді цифрландыру саясатына байланысты елде ағылшын тіліне деген қажеттілікті, сұранысты туғызды. Қазақстанда ағылшын тілінің ықпалын арттыратын салалар:

1) Мемлекеттік саясат және білім, ғылым саласы:

– үштілділік саясатын Қазақстан 2007 жылдан бері жүргізіп келеді: Қазақстанда білім берудің үштілді моделі белсенді түрде ілгерілеуде, оған сәйкес халық қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі тиіс. Бұл бастама

Қазақстанның халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

– орта және жоғары білім беру саласындағы ағылшын тілі: көптеген мектеп пен университеттер оқушы кезінен бастап ағылшын тілін оқытады. Орта мектепте информатика, физика және химия сияқты жаратылыстану пәндері көбінесе ағылшын тілінде оқытылады, бұл студенттерге халықаралық білімге жақсы дайындалуға көмектеседі.

– «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы: шетелде оқу үшін берілетін стипендия. Әлемнің жетекші университеттерінде ағылшын тілінде білім алуға мүмкіндік береді, ағылшынды жетік меңгерген жастар Қазақстанда түрлі салаларды дамытуға көмектеседі деген жастарға мемлекет тарапынан жасалған инвестиция.

2) Халықаралық байланыс және халықаралық сауда:

– бизнес және экономика: ағылшын тілін білу шетелдік компанияларда және қаржы, технология және халықаралық сауда сияқты салаларда жұмыс істейтін мамандар арасында сұранысқа ие. Көптеген шетелдік компаниялар мен олардың филиалдары Қазақстанда жұмыс істейді, ал қызметкерлер ағылшын тілін қарым-қатынас тілі ретінде жиі пайдаланады.

– IT-технологиялар және цифрландыру: IT және технологиялар саласында IT әзірleme жасаушылар, бағдарламашылар және инженерлер үшін негізгі тілге айналды. Себебі техникалық құжаттаманың, бағдарламалық жасақтаманың және оқыту ресурстарының көпшілігі ағылшын тілінде қолжетімді.

3) Халықтың әлеуметтік-мәдени өмірі:

– Қазақстандағы жастар ағылшын сөздері мен сөз тіркестерін, әсіресе әлеуметтік желілерде және күнделікті сөйлеу тілінде белсенді қолданады. Ағылшын тілін білу қазіргі уақытта заман талабы болып есептеледі. Жастар арасында ағылшын тілін білу «мода», әрі мансапта бедел және мансаптық жоғарылау мүмкіндіктеріне жол ашатын «көпір» деп саналады.

– поп-мәдениет: ағылшын тіліндегі фильмдер, музыка, сериалдар және әлеуметтік медиа Қазақстанда ағылшын тілінің таралуын арттыруға ықпал етеді. Көптеген қазақстандық блогерлер әлеуметтік желілерде ағылшын тілінде пост, видеолар жариялайды, бұл көпшіліктің тілге деген қызығушылығын арттырады.

– Instagram, TikTok, және Facebook халықаралық платформалар сияқты әлеуметтік желілер мен медиа ағылшын тілінен енген сөздердің таралуына ықпал етеді. Нәтижесінде көптеген қазақ блогерлері мен танымал, ықпалды тұлғалар өнімдерді, кәсіптер мен трендтерді сипаттау үшін ағылшын сөздерін пайдаланады. Кейбір блогерлер эфир барысында қолданған ағылшын сөздеріне тоқталып, қандай мағына беретінін оқырмандарына түсіндіріп отырады [42].

4) Ағылшын тілінен енген кірме сөздер және қазақ-ағылшын тілдеріндегі кей дыбыстардың өзара ұқсастығы ағылшын тілін меңгерген қазақтілді тілдік тұлғаға ағылшын тілінде акцентсіз сөйлеуге мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі *ә, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, һ* дыбыстар ағылшын сөздерінде жиі дыбысталады.

Сонымен қатар қазіргі жастар тілінде ағылшын тіліндегі сөзге қазақ тілінің қосымшаларын жалғап айту үрдісі алып келеді: *вайб-ты, интенсив-ке, юзер-*

мен,-ден, -ге, подкаст-қа, -пен, -тан, троллер-лер, френд-ім, хейтер-лер, хайп-шы т.б. Цифрландыру үдерісіне қатысты ағылшын тілінен енген сөздерге қазақ тіліндегі *-лық, -лік, -дық, -дік, -ды -ді -ты -ті* жұрнағы арқылы жаңа сөз тудыру жиі кездеседі. Мысалы: *венчур-лік (капитал, сала), мобиль-дік (бангинг, төлемдер), электрон-дық (мемлекет, сауда, коммерция, төлем, ақша).*

Цифрландыру үдерісінде қазақ тіліне ағылшын тілі арқылы енген сөздер. 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында ағылшын тілін меңгерген ІТ-мамандарға сұраныс күрт артты. Қоғамда ағылшын тілінің қажеттілігі сезіле бастады.

Цифрландыру үдерісіне қатысты қазақ тіліне бірқатар жаңа сөздер қолданысқа енді. Ағылшын тілі арқылы енген жаңа тілдік бірліктердің сөзжасамдық құрамы әртүрлі. Лексикалық бірлік ретінде бір сөзден, сөз тіркесінен, сөздердің бірігуі, кірігуі арқылы да жасалған. Жеке тілдік бірлік ретінде ағылшын тілінен енген, тіл иелмендерінің қолданысында жиі кездесетін сөздер: *акаунт, алгоритм, ангрейд, аркада, байт, бакэнд, бан, бекап, бенчмарк, бета, бит, биткойн, блокчейн, блог, блогер, бот, браузер, брандмауэр, бренд, брендинг, брифинг, бюджет, веб, веб-сайт, вебкамера, вебинар, верификация, виджет, видеочат, вирус, влог, воркишоп, гаджет, гейминг, геймер, гиг, гигабайт, гигагерц, графика, баг, девелопмент, девайс, дизайн, дизайнер, диск, докер, домен, донат, драйвер, дрон, дроп, емейл, зип, зум, ЖИ (жасанды интеллект), имейл, импорт, инсайт, инсталл, ит-бөлім, кадинг, кампейн, кампус, кастомизация, кастом, кибер, киберспорт, клауд, клиент-сервер, клик, клиринг, контент, копирайт, копирайтер, крипта, криптовалюта, кэш, лайк, лайв, лайт, лендос, линк, листинг, логин, локализация, лэндинг, майнинг, навигация, натив, нетворк, ноутбук, оффер, пад, патч, пиксель, плейлист, плеер, плагин, подкаст, пост, постинг, прокси, профит, рандом, рендеринг, репост, ретвит, скрипт, софт, спам, сторис, стрим, стример, таргетинг, трекер, трейлер, трейдинг, твит, тротлинг, фейк, т.с.с.[49].*

Сөздердің тіркесуі бір сынары ағылшын тілінен енген сөз, екінші сынары қазақ тіліндегі сөз арқылы жасалған тілдік бірліктерді қазіргі лингвистикалық еңбектерде «гибрид сөздер» деп атап жүр.

Қазақ тіліне ағылшын тілінен енген сөздердің көбі – цифрландыруға қатысты пайда болған термин сөздер. Ондай сөздердің көбі қазақ тіліне аударылмай, сол қалпында еніп кеткен. Мұндай терминдерді ІТ, банк саласында қысқартып қолдану жиі кездеседі.

*ADSL (asymmetric digital subscriber line)
API (application programming interface),
B2B (Business to Business),
CDO (chief digital officer),
G2B (Government-to-Business),
G2C (Government-to- Citizen),
G2G (Government-to-Government),
P2P (People- 2- People)
ICT (information and communications technology),
IoT (Internet of Things),*

STEM (Science, technology, engineering, and mathematic) [49].

Ресми емес мәліметтерге бойынша ағылшын тілінен қазақ тіліне күніне кемі 1000 сөз термин ретінде енеді. Қазіргі қазақ тіліндегі үлкен мәселе ағылшын тілі арқылы енген кірме сөздердің жазылу нормасы, кодификациясы болып табылады. Қазақ тіл иелмендері арасында кірме сөздердің, әсіресе ағылшын тілінен енген сөздердің таңбалануы белгілі бір дәрежеде қиындық тудырады. Ағылшын тілінен енген кірме сөздерді жазылуындағы қиындықтарды әлеуметтік желілерде қалдырған тіл иелмендерінің жазба-пікірлерінен байқауға болады. Әлеуметтік желілерде халықтың көбі орфографиялық қатемен жазады.

Лингвистикалық өзгерістердің жылдамдығы бірнеше факторға байланысты: тіл қолданушыларының саны, әлеуметтік-мәдени жағдай, технологияның әсері және тілдің жазба немесе ауызша түрде қолданылуы. Кейбір өзгерістер бірнеше онжылдықтарда, ал кейбіреулері бірнеше жыл немесе тіпті ай ішінде кең таралуы мүмкін.

Өзгеріс жылдамдығына әсер ететін факторлар

1. *Ауызша тіл мен интернеттің әсері.* Ауызша және интернет арқылы таралатын өзгерістер тез жүреді.

Мысалы, мем-сөздер немесе сленг («краш», «токсик», «чилл») TikTok, Instagram арқылы күндер ішінде танымал бола алады.

2. *Жазба тіл мен ресми тіл.* Жазба және әдеби тілде өзгерістер баяу жүреді, өйткені оларда нормалар мен ережелерге бейімделу қажет.

Бұл өзгерістер көбіне тілдік нормалаудан кейін ғана мойындалады (мысалы, сөздіктерге енгізілуі).

3. *Жастар тілі және жас буын.* Жастар тілі – тілдік жаңартпалардың негізгі көзі. Олар тілді «эксперимент алаңы» ретінде қолданады, сондықтан тілдік өзгерістер жылдамдықпен орын алады. Бұл өзгерістер уақыт өте келе жалпы тілге енеді.

4. *Технология және жаһандану.* Жаңа технологиялық терминология тез еніп, бекіп кетеді («чат», «бот», «вебинар»). Жаһандану тілдер арасындағы өзара ықпалды күшейтіп, кірме сөздердің таралуын жеделдетеді.

Кесте 13 – Тілдік өзгерістердің қалыптасу уақыты

Өзгеріс түрі	Қалыптасу уақыты
Мем-сөздер («sus», «vibe»)	апталар/айлар
Жаңа терминдер («локдаун», «ковид»)	1–2 жыл
Грамматикалық құрылымның өзгеруі	10–50 жыл
Фонетикалық өзгерістер	50–100+ жыл

Тілдік өзгерістердің жылдамдығы әртүрлі болуы мүмкін. Интернет пен ауызша тіл арқылы таралатын өзгерістер өте тез жүреді, ал грамматика мен дыбыстау сияқты құрылымдық өзгерістер ұзақ уақытты қажет етеді. Жас буын мен технология ең жылдам өзгеріс көздері ретінде әрекет етеді.

Қоғамның, технологияның, мәдениеттің және өмір сүру ортасының ықпалы әсерінен тілге үздіксіз өзгерістер еніп отырады. Тілдік өзгерістер әлеуметтік-мәдени өзгерістердің маңызды көрсеткіші болып табылады және қоғамның мүдделері мен құндылықтарының өзгеруін көрсететін ұрпақтар арасындағы байланыс қызметін атқара алады.

Жаһандану мен мемлекетті цифрландыру үдерістерінің жылдам жүруіне байланысты тілде де тілдік өзгерістер динамикалық түрде орын алып жатыр. Цифрландыру бұл қоғамдық өмір мен өндірістің түрлі салаларына заманауи цифрлық технологияларды енгізу болып табылады. Соңғы уақытта «жаһандық цифрландыру» сөзі де БАҚ құралдарында айтыла бастады. Жаһандану және цифрлық трансформация – бұл қазіргі қоғамға, экономикаға және мәдениетке айтарлықтай әсер ететін өзара бір-бірімен байланысты екі процесс. Олар әлеуметтік-экономикалық жағдай барысында өзара әрекеттеседі және өмірдің әртүрлі салаларын жеңілдететін өзгерістер әкеледі. Әлеуметтік-тұрмыстық салада орын алған аталған өзгерістер тіпті тілдік қауымдастыққа да түрлі деңгейде әсер етеді. Жаһандану – бұл сауда, инвестиция, технология, мәдениет және коммуникация арқылы байланысатын елдердің, халықтардың және экономикалардың интеграциясы мен өзара сол салаларда тәуелділік процесі. Цифрлық трансформация – бұл цифрлық технологияларды бизнес пен қоғамның барлық салаларына біріктіру процесі, бұл жұмыс істеу, өзара әрекеттесу және құндылық жасау тәсілдерінің өзгеруіне әкеледі.

Жаһандану мен цифрлық трансформацияның өзара әрекеттесуі:

1. Үдерістерді жеделдетеді: цифрлық технологиялар жаһандану процестерін жеделдетеді, ақпаратты, тауарлар мен қызметтерді халықаралық деңгейде қол жетімді етеді. Мысалы, компаниялар жаңа нарықтарға шығу үшін электрондық коммерция мен әлеуметтік медианы қолдана алады (мысалы, түрлі маркетплейстер).

2. Бизнесінің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады: жаһандану өнімдер мен қызметтердің жаңа нарықтарын ашады, ал цифрлық трансформация компанияларға өзгерістерге тез бейімделуге және бүкіл әлем бойынша масштабтауға мүмкіндік береді.

3. Түрлі кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді: цифрландыру географиялық және мәдени кедергілерді азайтуға көмектеседі, бұл адамдарға қарсыластарын табуға және олардың орналасқан жеріне қарамастан өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл жаһандық тәжірибеге негізделген жаңартпалық идеялар мен шешімдерге әкелуі мүмкін.

4. Деректердің негізгі көзіне айналды: жаһандану жағдайында деректер маңызды активке айналады. Цифрлық трансформация деректердің үлкен көлемін жинауға және талдауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде компанияларға жаһандық нарықтарды жақсы түсінуге және оларға бейімделуге мүмкіндік береді.

5. Мәдени алмасу: жаһандану және цифрландыру мәдени алмасуға ықпал етеді, мұнда әртүрлі мәдениеттер бір-біріне digital-мазмұн (музыка, кино, әдебиет және т.б.) арқылы әсер етеді, бұл коммуникацияның өзара әрекеттесуінің жаңа формаларын жасайды.

6. Әлеуметтік және этикалық сын-кәтерлер: екі процесс те қоғамға жаңа қиындықтар туғызады, мысалы, технологияға қолжетімділіктің теңсіздігі, жұмыс орындарына әсер етуі және рухани құндылықтар мен нормалардың өзгеруі жағдайында реттеу қажеттілігі туындайды [49].

Жаһандану әртүрлі формаларда көрініс табады, соның ішінде:

1. Экономикалық жаһандану: сауданы ұлғайту, халықаралық инвестициялар және жаһандық жеткізу тізбегін құру. Компаниялар халықаралық деңгейде бизнес жүргізе алады, бұл өндіріс процестерін оңтайландыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

2. Мәдени жаһандану: мәдени нормалардың, құндылықтардың, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың таралуы. Жаһандық медиа мен интернет мәдени өнімдер мен трендтердің таралуына ықпал етеді.

3. Әлеуметтік жаһандану: көші-қон ағындарын ұлғайту, көпұлтты қауымдастықтар құру және әртүрлі мәдениеттердегі адамдар арасында идеялар мен тәжірибелермен алмасу.

4. Тілдік жаһандану: *lingua franca* немесе әлемде «дәнекер тіл» ретінде ағылшын тілі рөлінің күн сайын артуы.

Тілдік жаһандану. Тілдік жаһандану қазіргі қоғамды интернационаландырудың ажырамас бөлігіне айналды. Бұл әлем тілдері ретінде тілдердің бірінің үстемдігі жағдайында тілдердің белсенді өзара ену процесін білдіреді. Ашық жалпыға ортақ ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктің пайда болуы мен дамуы әлемнің көптеген елдерінде қостілділік пен көптілділіктің қарқынды таралуына жағдай жасады. Жаһандану идеясы жер шарының халқын біріктіретін біртұтас тіл ұғымымен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта ағылшын тілі этносаралық қарым-қатынас құралы ретінде *lingua franca* ретінде сенімді көшбасшы ретінде осындай біріктіруші рөл атқарады [32, 37]. Атақты британдық лингвист Д. Кристалдың еңбектерінің көпшілігі ағылшын тілін бірқатар маңызды коммуникативті функцияларды орындайтын «жаһандық тіл» (Кристалдың өзі термині) ретінде: көптеген елдердің тұрғындары үшін негізгі мемлекеттік тілдің қызметі; билік институттарында, құқықтық жүйеде, жарнамада, бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ білім беру жүйесінде кең таралған мемлекеттік тілдің қызметі, білім алу үшін шет тілін таңдаудағы басымдық функциясын сипаттайды [32].

Қазіргі жаһандану үстіндегі қоғам сөзсіз және тығыз тіларалық және мәдениетаралық коммуникация қажеттілігі жағдайында адамдардың коммуникативтік мүмкіндіктерін кеңейту үрдісімен сипатталады. Сондықтан тілдік жаһандану кезеңінде қостілділік мәселелері ерекше өзекті бола түсуде. Тіл білімі ғылымы бүгінде қостілділіктің көптеген түрлеріне, оның көрініс табуына (шын мәнінде лингвистикалық, психолингвистикалық, психологиялық, социологиялық, лингводидактикалық, когнитивтік және т.б.) әртүрлі көзқарастарға негізделген сипаттама береді. Тілдік байланыстар теориясының негізін салушы У. Вайнрайх қостілділіктің үш негізгі түрін: координативті, аралас және бағынышты деп анықтайды [33]. Лингвистикалық әдебиеттерде қостілділіктің келесі дихотомиялары жиі талқыланады: табиғи және жасанды,

бұқаралық және индивидуалды, тікелей және делдалдық, рецептивті және өнімді, үйлестіруші және бағынышты, таза және аралас, ерте және кеш, балалар мен ересектер, белсенді және пассивті, өсу және сөну, нормативті және нормативті емес, теңдестірілген және доминантты, бір мезгілде және әртүрлі уақытта, стихиялы және табиғи, элиталық және тұрмыстық және т.б. [48]. Қостілділіктің көптеген түрлері жеткілікті түрде егжей-тегжейлі зерттелген, дегенмен ғылыми сипаттауды қажет ететін көптеген қостілділік жағдаяттар мен тілдік байланыстардың тіркесімдерін зерттеу өзекті болып қала береді. Жаһандану үдерісіндегі қазіргі қоғамның эволюциялық тенденцияларымен байланысты тілдік өзгерістерге арналған іргелі лингвистика еңбектерінің көптігіне қарамастан, лингвистикалық жаһанданудың барлық мәселелері лингвистикалық теорияда әлі де терең және толық қамтыла қоймады. Тілдік жаһандану жағдайындағы тілдің жарыспалықтың ең маңызды факторы болып тілдік интерференция құбылыстарын тудыратын тілдік қатынастың өзі болып табылады.

Тілдік өзгерістер. Цифрландыру тіл мен коммуникацияға айтарлықтай әсер етті. Қазақстанды цифрландыру бағдарламасы қоғамдық салалардың барлығына цифрлық жүйе енгізу мақсаты болғандықтан, цифрландыру үдерістерінің нәтижелері қазақ тіліне де әсерін тигізді. Тілдік өзгерістер – тілдің тарихи даму барысында тілдік жүйенің барлық деңгейлерінде (фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, семантикалық) орын алатын өзгерістерді айтады. Тілдегі өзгерістер *тілдердің араласуынан, тілдік қатынас, қостілділік, тілдік интерференция* нәтижелерінен орын алып отыратын динамикалық өзгерістер болып табылады. Аталған тілдік құбылыстардың барлығы тірі тілдің құрылымдық жүйесіне өзгерістер енгізіп жатыр [35].

Тілдердің араласуы (ағыл. hybridization, cod mixing) – тілдердің тоғысуымен бірдей, тілдік қатынастың нәтижесі ретінде тілдердің будандасуы. Тілдердің араласуы жаңа дербес тілдік бірліктер мен жекелеген тілдер бастапқыда туыстас емес екі немесе одан да көп тілдердің өзара белсенді іс-әрекеті, сөздіктердің «будандасуы», бір тілдің грамматикасын екінші тілде қолдану нәтижесінде жасалады деген болжамға негізделген. Тілдердің араласуы тілдік конвергенцияның бір түрі ретінде қарастырылады, өйткені тілдердің шекарасы бұзылады, сөйтіп, тілдердің конвергентті дамуына алғышарттар жасалады [49].

Қостілділік (ағыл. bilingualism) – билингвизм ұғымымен бірдей; жеке адамның немесе қоғамның екі немесе бірнеше тілді меңгеруі/қолдануы. Қостілділіктің бірнеше түрі бар: дербес қостілділік – нақты бір этностың жекелеген мүшелерінің екі тілді білуі және пайдалануы, сондай-ақ бұқаралық қостілділік – этностың көпшілігінің екі тілді білуі және пайдалануы; басқаша айтқанда дербес қостілділік жеке адамның қабілетіне байланысты; бұқаралық қостілділік ұжымда пайдаланылады. Аймақтық қостілділік – елдің белгілі бір аймағы, ауданы тұрғындарының екі тілді білуі және пайдалануы. Ұлттық қостілділік – елдің нақты бір этносының екі тілді білуі. Табиғи қостілділік – екі тілді пайдаланушылардың бір-біріне тікелей ықпалы нәтижесінде екі тілді меңгеруі және пайдалануы. Жасанды қостілділік – екінші тілді оқып үйрену

мақсатты түрде, арнауы жасалған алғышарттардың нәтижесінде адамдардың екі тілді білуі және пайдалануы [49]. Қостілділік – жеке адара адамдар арасындағы немесе жалпы халық арасындағы коммуникативті көпір. Кез келген көпұлтты мемлекетті тілдік үдерістерді зерттейтін табиғи лаборатория деп қарастыру керек [50]. Қазақстанның тілдік жағдаяты осы тұрғыдан тілдегі үдерістерді зерделеуге жақсы зерттеу ортасы болып саналады. Тілде орын алып жатқан тілдік өзгерістер, тілдік құбылыстар нәтижесінде қазақ тілінде де жаһандану және цифрландыру үдерістеріне қатысты жаңа ұғым, атаулар, тілдік қолданыстар пайда болуы күннен күнге артып келеді.

ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитеті Қазақстан Республикасының халқы арасында тілдік жағдайға баға беру бойынша 2023 жылы әлеуметтік-аналитикалық зерттеу жүргізген, зерттеу мақсаты халықтың мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерін және үш тілді меңгеру деңгейін анықтау болған. Зерттеу нәтижесінде халықтың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі 81,0 %-і құрады. Айқындалған нәтижелер бойынша респонденттердің жартысына жуығы (48,7 %) мемлекеттік тілді жақсы меңгерген. 18,5 %-і қазақ тілінде еркін сөйлеп, оқиды, бірақ нашар жазады, 7,0 %-і түсінеді және түсіндіре алады, 6,8 %-і жақсы түсінеді, бірақ сөйлей алмайды. Мемлекеттік тілді білмейтіндер үлесі 19,0 %-і құрады, оның ішінде 7,4 %-і қазақ тілін мүлде білмейтіндер мен кейбір сөздерді түсінетіндерге (11,6 %) бөлінді. Орыс тілді меңгеру деңгейі халық арасында 90,6 %-і құрады. Орыс тілін жақсы меңгерген респонденттер үлесі 51,8 %. Керісінше орыс тілінде еркін сөйлеп, оқи алатын, бірақ нашар жазатындар үлесі – 11,2 %. Респонденттердің 20,3 %-і орыс тілін түсінеді және түсіндіре алады, 7,2 %-і жақсы түсінеді, бірақ сөйлей алмайды. Орыс тілін білмейтін халықтың үлесі 9,4 %, оның ішінде 8,9 %-і кейбір сөздерді түсінеді, 0,5 %-і мүлдем білмейді. Ағылшын тілін еркін меңгерген респонденттердің үлесі 29,0 %, оның ішінде небәрі 5,0 %-і ғана тілді жақсы меңгерген, 1,0 %-і еркін сөйлейді, оқиды, бірақ нашар жазады, 10,2 %-і түсінеді және түсіндіре алады, 12,8 %-і жақсы түсінеді, бірақ сөйлей алмайды. Халықтың 35,8 %-і ағылшын тілін мүлдем білмейді, 35,2 % -і кейбір сөздерді ғана түсінеді [43].

Зерттеу нәтижесі бойынша респонденттердің өз этносының тілін меңгеру деңгейі – 96,7 %. Оның ішінде жақсы меңгергендер үлесі – 70,6 %-і құрады. 8,5 % өз этносының тілінде еркін сөйлейді, бірақ нашар жазады, 5,2 %-і түсінеді және түсіндіре алады, 12,4 %-і жақсы түсінеді, бірақ сөйлей алмайды. Сауалнамаға қатысқандардың тек 3,4 %-і кейбір сөздерді түсінеді. Өңірлер бөлінісінде халықтың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі келесідей болды: мемлекеттік тілді жақсы меңгерген халық Түркістан (70,5 %), Қызылорда (62,8 %), Маңғыстау (62,7 %), Ұлытау (59,0 %) облыстары мен Шымкент қаласында (66,2 %) тұрады; керісінше мемлекеттік тілді мүлдем білмейтіндер Павлодар (27,4 %), Қостанай (14,5 %), Қарағанды (13,2 %) облыстарында тұрады. Орыс тілін жақсы білетін халықтың жоғарғы көрсеткіші Солтүстік Қазақстан облысы (73,0 %) тұрғындары арасында байқалды. Абай облысының тұрғындары (88,0 %) өз этносының тілін еркін меңгерген. Ағылшын тілін еркін меңгерген халық Абай (13,0 %), Батыс Қазақстан (10,4 %) облыстарында тұрады. Ағылшын тілін мүлдем білмейтін халық Қызылорда (47,6 %) және Ұлытау (47,4 %)

облыстарында тұрады. Салыстырмалы талдау нәтижелері облыстар бойынша мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі оңтүстік облыстарда жоғары, солтүстік өңірлерде төменгі деңгейді көрсетті. Мұның себептері солтүстік өңірдегі халықтың басым бөлігін орыс этностары құрайды, керісінше, оңтүстік, батыс өңірлерде қазақ ұлты өкілдері басым, сондықтан зерттеу өлшемінде алынған корреляциялық талдау орынды [43].

Қазіргі таңда әлемде IT-технологияның қарқынды дамуы әсерінен халықтың әлеуметтік-материалдық қажеттілігін өтеуге байланысты сұраныстардың бәрі электрондық цифрлық форматқа ауысып жатыр. Бұл үдерісі халық өмірін, мемлекеттік қызметтерді айтарлықтай жеңілдетті, қаражат айналымы цифрланды, электронды ақша пайда болды. Әлемге кең таралған IT-технологияның жетістіктерінің барлығы тіл арқылы жүзеге асып отыр. Бұл фактор тілдің әлеуетінің жоғары екенін аңғартады. Қазақстанды цифрландыру аясында мемлекеттік тілдің дамуын, мемлекет пен халық арасындағы қызметі, әлеуеті мен мәртебесін зерттеу цифрлық форматқа енген мемлекеттік тілдің жаңа қырын, ньюанстарын анықтауға септігін тигізеді. Цифрлық дәуірдегі қазақ тілінің ерекшелігі – бұрын тіркесе бермейтін, қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесінде орын алмаған сөздер бір-бірімен тіркесіп, жаңа атау, жаңа ұғым беріп отыр [51].

e.gov.kz Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі порталын алып қарайық. Қазақстан Республикасының азаматы әлемнің кез келген жерінде интернет ресурсты пайдалана отырып, өзіне қажетті құжат, дерек, мәліметтерін электронды цифрлы қол қою арқылы ала алады. Яғни электронды қызмет көрсету ҚР Азаматы немесе Заңды тұлға–Компьютер–ҚР Электрондық үкіметі үштік тетігі (механизм) арқылы жасалып отыр. ҚР Электрондық үкімет порталы іске қосылуына байланысты бірнеше жаңа сөздер: электронды цифрлы қол қою, электрондық Үкімет, виртуалды кеңесші, электрондық өтініш, электрондық лицензиялау, ЭЦҚ алу немесе ұзарту, онлайн анықтама алу, электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы сияқты т.б. сөздер түрлі әлеуметтік топтың бәріне ортақ жаңа тілдік қолданыстар ретінде таныла бастады [52]

e.gov.kz сайты 2006 жылы іске қосылған. Сол уақыттан бері аталған сайт түрлі модернизациядан өтті, уақыт талабына сәйкес жаңа қызмет түрлері енгізілді, олардың көбі онлайн түрінде ұсынылды. Ұсынылатын қызмет түрлеріне сәйкес сол салада жаңа тілдік бірліктер, ұғымдар, қолданыстар пайда болды.

Цифрландыру үдерісіне қатысты қазақ тіліне бірқатар жаңа сөздер енді: *цифрлық сауаттылық, цифрлық мемлекет, цифрлық индустрия, цифрлық Жібек жолы, цифрлық экожүйе, цифрлық экономика, виртуалды жүргізуші, кибержүргізуші, нейрожелі, цифрлық тұғырнама, цифрлық инфрақұрылым, мемлекеттік басқаруды цифрландыру, цифрлық құжат айналымы, цифрлық трансформациялау, digital by default және digital first қағидаттары, өзін-өзі цифрландыру сервистері, мемлекеттік құрылымдардың ішкі өзара іс-қимылы – G2G, азаматтармен өзара іс-қимылы – G2C, бизнеспен өзара іс-қимыл – G2B, цифрлық трансформациялау, digital ID, face ID, электрондық сауда,*

электрондық коммерция, электрондық тұғырнама, кроссшекаралық сауда, электрондық төлем, электрондық цифрлық қолтаңба, электрондық ақшалар, мобильдік бангинг, мобильдік төлемдер, цифрлық орта, венчурлық қаржыландыру, венчурлық капитал, венчурлық сала, блокчейн, киберқауіпсіздік, бизнесті онлайн жүргізу, өзіне-өзі қызмет көрсету режимі, электрондық билет беру жүйесі, смарт мектеп, смарт қала, смарт емхана, смарт көше жарығы, ақылды қалалар, цифрлық күн тәртібі, онлайн орта, цифрлық дағдылар, цифрлық стартап, бизнес инкубатор, онлайн жұмыс, Smart metering, big data, фронт-офис, paper free, зияткерлік көлік жүйесі, электрондық декларация, интернет банкинг, 3D-принтер, ADSL (asymmetric digital subscriber line) – асимметриялы цифрлы абоненттік желі; API (application programming interface), B2B (Business to Business), CDO (chief digital officer) – бас цифрлық офицер, G2B (Government-to-Business), G2C (Government-to-Citizen), G2G (Government-to-Government), ICT (information and communications technology), IoT (Internet of Things), STEM (Science, technology, engineering, and mathematic). Цифрландыру кезінде енген жаңа сөздерден -лық, -лік, -дық, -дік, -ды -ді -ты -ті зат есімнен сын есім тудыратын сөз тудырушы жұрнақтардың қолданыс белсенділігін байқауға болады. Мысалы, венчурлық капитал, венчурлық сала, мобильдік бангинг, мобильдік төлемдер, цифрлық мемлекет, цифрлық сауаттылық, цифрлық дағды, цифрлық инфрақұрылым, цифрлық Жібек жолы, тұғырнама, цифрлық құжат айналымы, цифрлық орта, электрондық мемлекет, электрондық сауда, электрондық коммерция, электрондық төлем, электрондық ақша. Цифрландыру үдерісінде қазақ тіліне енген жаңа сөздердің легі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған. Ал ағылшын тілінен тікелей енген сөздер негізнен терминдер, олар қазақ тіліне аударылмай сол қалпында еніп кеткен. Мысалы, ADSL (asymmetric digital subscriber line) API (application programming interface), B2B (Business to Business), CDO (chief digital officer), G2B (Government-to-Business), G2C (Government-to-Citizen), G2G (Government-to-Government), ICT (information and communications technology), IoT (Internet of Things), STEM (Science, technology, engineering, and mathematic) [51].

Сонымен қатар, халық арасында күнделікті тұрмыста қолданатан, қолданыс жиілігі жоғары тілдік қолданыстар: *Egov-қа тіркелу, Egov-қа кіру, Egov-тан (анықтама) алу, Egov-тан жіберу, egov-тан қарау, Онлайн қызмет көрсету, Онлайн қызмет алу, Онлайн анықтама алу, Онлайн анықтама беру, Онлайн қызметке тапсырыс беру, ЭЦП (ЭЦҚ) кілт, ЭЦП-мен қол қою ЭЦП паролі, ЭЦП-мен (қол қойып) жіберу, ЭЦП мерзімін ұзарту, ЭЦП алу және б.* [53].

ЭЦП – электрондық цифрлық қолтаңба сөзінің орыс тіліндегі қысқарған атауы, жергілікті халықтың сөйлеуінде ЭЦП аталып кеткен. Осындай атаулардың бірі, интернеттегі іздеу жүйелерінде жиі кездесетін тілдік бірліктің бірі – АСП. Осы атауға қатысты түрлі тілдік қолданыстар кездеседі: *Асп алу, АСП тағайындау, АСП-ға анықтама жинау, АСП төлеу, АСП-ға құжат тапсыру, АСП-ға өтініш беру, АСП тоқтату және т.с.с.* [53].

АСП – бұл мемлекет тарапынан берілетін белгілі бір әлеуметтік топқа арналған арнаулы әлеуметтік көмек (АӘК), орыс тілінде «адресная социальная

помощь» (АСП), бірақ қазақ тілінде орыс тіліндегі қысқартылған атаумен айту белең алған. Google іздеу жүйесінде *АӘК алу* – 29200, *АСП алу* – 68 800, *АСП тағайындау* – 13. 000, *АСП назначение* – 130 000 жазаба-деректерді көрсетеді. Мұның себебін іздеп көрдік: біріншіден, қазақ тіліндегі *АӘК* қысқартылған атауды айту үшін акустика-артикуляциялық аппаратқа біраз күш түседі, күш жұмсалады:

А – дауысты, тілдің қатысына қарай: жуан, жақтың қатысына қарай – ашық, еріннің қатысына қарай - езулік;

Ә – дауысты, тілдің қатысына қарай: жіңішке, жақтың қатысына қарай- ашық, еріннің қатысына қарай – езулік;

К – дауыссыз, қатаң, фонологиялық транскрипциясы [*аәкі*] . [53].

Ал *АСП* [*а ес ны*] айту *АӘК*-ні айтуға қарағанда жеңілірек. *АСП*-ның орыс тіліндегі фонологиялық транскрипциясы [*а эс нэ*], қазақтілді тіл иелмендерінің арасында орфоэпиялық жағынан дауыстыны езулікпен жіңішкелеп айту жиі кездеседі, мысалы, *жаман* (*жәмән*), *жай* (*жәй*), *шай* (*шәй*), *аруақ* (*әруақ*) т.б. Сол себепті әрі акустикалық-артикуляциялық базаның дыбысты айту кезінде күш үнемдеу үшін *С* [*эс*] дыбысының орнына [*ес*] дыбысын айтады. Негізінен қазақ тілінде *с* дыбысын [*сы*] деп дыбыстайды. *АСП* сөзін [*аесны*] деп дыбыстауын, мұнда [*ес*] дыбысын айтуын орыс тілінің әсерінен пайда болған құбылыс деп атауға болады [53].

Қазіргі диахрониялық лингвистика постулаттарының біріне сәйкес, барлық тілдік өзгерістер сөйлеуден басталады. Осы жерде екі тілде сөйлеуде байқалатын сөйлеу өзгерістері (сөйлеу мутациялары) белгілі бір жағдайларда олар сөйлесетін тілдердің бірінің тілдік жүйесіне (тілдік диффузия) еніп, оның құрылымдық қайта құрылуының қайнар көзіне айналуы мүмкін деп болжауға болады. Сөйлеу мутациясы деп коммуникация мақсатында қолданылатын екі тілдің кез келгенінде болатын екі тілде байқалатын тілдердің синхронды өзара әрекеттесуінің нәтижесін түсіну керек. А. Карлинский сөйлеу мутациясын екі түрге бөледі: интерференция және интеркаляция [50]. Интерференция деген – билингвтің сөйлеу тілінде бірінші тілдің екінші тілге әсер етуі, ал интеркаляция құбылысына билингвтің сөйлеу тілінде екінші тілдің әсерінен орын алатын нормадан ауытқуы жатады. Мысалы, *АСП* сөзі бірінші тілі қазақ тілі болып саналатын билингвтер үшін интеркаляция құбылысына жатса, *теңге* сөзі (тенге, тэнгэ емес) бірінші тілі орыс тілі болып саналатын билингвтер үшін интеркаляцияға жатады. Сонымен қатар бірінші тілі орыс тілі саналатын тіл иелмендері теңге сөзін *тэнгэ* деп айтуы, интерференция құбылысына жатады. Қазақстанда тұратын орыс-қазақ билингвтері теңге сөзін *е* фонемасымен жіңішке айтады. Қос тілдің барлық сөйлеу әрекеттері тілдік қатынасты жүзеге асырудың белсенді объектісі болып табылатын интерференциямен беріледі [53].

АСП, *ЭЦП* және өзге де атауларға байланысты халықтың сөйлеуіндегі тілдік қолданыстардың пайда болу моделіне тоқталсақ. Алдымен мемлекет тарапынан қоғамдағы мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарлама қабылданады. Сол бағдарламаның тұжырымдамасына негіз болатын сөздер мен ұғымдарға түсінік беріледі. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында мемлекет

тарапынан көрсетілетін қызметтер қатары жаңа қызмет түрімен толығады, сәйкесінше жаңа атау, ұғым қоғам өміріне қолданысқа ене бастайды. Нәтижесінде мемлекет пен халық арасындағы байланыс нәтижесі ретінде түрлі жаңа қолданыстар, жаңа сөздер пайда болады [53].

Қазақ тіліндегі тілдік өзгерістер – лексика, грамматика, фонетика және семантика, тілдің барлық деңгейлерінде орын алатын табиғи әлеуметтік процесс. Бұл өзгерістер әлеуметтік және мәдени өзгерістер, басқа тілдермен өзара әрекеттесу және технологияның дамуы сияқты әртүрлі факторлардың әсерінен болады. Қазақ тіліндегі тілдік өзгерістер – бұл ішкі және сыртқы әсерлерге байланысты күрделі және көп факторлы процесс. Мұндай процестер қоғамдағы, мәдениеттегі және технологиядағы өзгерістерді көрсетеді және осы өзгерістерді зерттеу қазақ тілінің өзінің әмбебаптылығы мен бірегейлігін сақтай отырып, қазіргі жағдайға қалай бейімделетінін түсінуге көмектеседі [53].

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы жасанды интеллектінің (ЖИ) қарыштап дамуына жол ашты. Медиа салада, БАҚ құралдарында «нейрожелілер нарығы» ұғымы пайда болды. Түрлі бағытта: мәтін, медиа, аудио, фото, сурет, контент құру, чат-бот орнату, кері байланыс жасау т.б. қызметтерді атқаратын түрлі нейрожелілер пайда болды. Сонымен қатар қазақ тілінде ақпарат беретін IRBISGTP // IRBIS AI нейрожелісі пайда болды. Irbis қолдану саласы басқа тілдік модельдерден ерекшеленбейді, бірақ оның пайдалы жағы қазақ тілін түсінеді. Модель орыс және ағылшын тілдерін де түсінеді, бірақ қазақ тілінде грамматикалық тұрғыдан дұрыс жауап береді, бұл оны сезімтал секторларға және Интернетке қолжетімсіз жағдайда да жұмыс істеуге қолайлы етеді (irbisgpt, 2024). Мамандардың айтуы бойынша IRBISGTP қазақ тілін түсінетін ең алғашқы нейрожелілердің бірі болып саналады. Нейрожелілерге қазақ тілінің енуі цифрлық әлемде қазақ тілі үшін үлкен жетістіктердің бірі болып табылады. Себебі нейрожеліге арнайы жасалған қазақ тілінің моделі әрі қарай нейрожелілерге терең ене береді деген тұжырымды білдіреді. Алдағы уақытта қазақтілді нейрожелілердің пайда болуына, олардың арасында бәсекелестік тудыруға түрткі болады [54].

Тілдік жаңартпа тіл жүйесінде пайда болған жаңа тілдік элементтердің немесе бұрыннан бар формалардың жаңа, креативті қолданылуын білдіреді. Бұл өзгерістер тұрақты түрде қолданылып, тілдік норманың бір бөлігіне айналғанда ғана «жаңартпа» ретінде танылады.

Жаңартпа деп танылуы үшін жаңа құбылыс, атауды сипаттайтын жаңа сөз, құрылым немесе қолдану формасы бұрын болмаған немесе басқа функцияда қолданылмаған болуы керек. Жаңа форма тек бір адамның немесе кіші топтың емес, үлкен қауымдастықтың тілінде тұрақты қолданылуы қажет.

Функционалдық қажеттілік жағынан Жаңартпа белгілі бір коммуникативтік қажеттілікті қанағаттандыруы тиіс.

Жүйелік ықпалы тұрғысынан бұл жаңалық тілдің басқа компоненттеріне (фонетика, морфология, синтаксис) әсер етіп, оны түрлендіре алуы керек.

Кесте 14 – Тілдік жаңартпаларға қатысты еңбектер

№	Дереккөз	Қысқаша мазмұны
1	Beyond the Doctrine: Linguistic Innovation (Stawarska, 2020) [56]	Тілдің өзгерісі мен жаңартпа сын Фердинанд де Соссюрдің теориясына қарсы жаңа түсінікпен қарастырады. Жаңартпа – сөйлеу әрекеті арқылы тіл жүйесінің ішкі кодын жаңарту.
2	Hybridization in Cameroonian Literature (Che, 2019) [57]	Камерун әдебиетіндегі еуропалық тілдерге негізделген стильдік және тілдік жаңартпалар– жазушының ана тілі емес тілде ой өрбітуінің нәтижесі.
3	Linguistic Innovation in African Youth Language (Kunzmann, 2024) [58]	Жастар тіліндегі креативті ойындар мен көптілді ресурстарды біріктіру арқылы жаңа тіл формалары қалыптасады (мысал: Yanké және Langila тілдері).
4	Linguistic Structures and Innovation: A Behavioral Approach (Johnson, 2022) [59]	Тіл құрылымдарының (мысалы, грамматикалық жыныс, есімдіктер) жаңалығының когнитивтік және технологиялық жаңартпа ға әсері талданады.

Лингвистикалық өзгеріс жаңартпа ретінде мойындалуы үшін ол жаңалық, тұрақты қолданылу, қоғамдық қажеттілік, және жүйеге ықпал ету талаптарына сай болуы керек. Бұл процесті нақты мысалдар арқылы талдаған ғылыми еңбектер – тілдік жаңашылдықтың тек лексикалық қана емес, мәдени, психологиялық және когнитивтік деңгейде де маңыздылығын көрсетеді.

Beyond the Doctrine: Linguistic Innovation (Beata Stawarska, 2020) еңбегінде тілдің тұрақтылығы мен өзгергіштігі арасындағы өзара байланысты талдай отырып, Тілдік жаңартпаны тілдің ішкі қасиеті ретінде сипаттайды. Авторы Фердинанд де Соссюрдің ресми лингвистикалық теориясына қарсы тұрып, тіл жүйесінің ("la langue") ішіндегі креативтілік пен жаңашылдық – жай кездейсоқтық емес, табиғи, жүйелік процесс екенін дәлелдейді [56].

1. Соссюрдің екіжақтылық моделі La langue (тілдің жүйесі) мен la parole (жеке сөйлеу актісі) арасындағы айырмашылыққа негізделген.

Классикалық көзқарас бойынша, жаңартпа – жүйеден тыс және жеке сөйлеуге тән құбылыс. Бірақ бұл еңбек дәлелдейді: жаңартпа – тілдің ішкі динамикасы, яғни la langue-тің өзінде орын алады.

2. Аналогиялық жаңартпа (Analogical Innovation) Бұрыннан бар тілдік формаларға негізделіп, жаңа тілдік өрнектерді құру.

Бұл – таза кездейсоқтық емес, жүйелік деңгейде жүреді.

Мысалы: ағылшын тіліндегі етістіктердің өткен шақ формалары «bake – baked», «talk – talked» сияқты тұрақты жұрнақтармен жасалады.

бірақ кейбір жаңа сөздер («google») аналогия бойынша «googled» (гуглдау) деп өзгертіледі – бұл жаңартпа болып табылады.

3. Кодтың ішкі қайта жазылуы Сөйлеушілердің сөйлеу әрекеттері (la parole) арқылы тілдің жүйесі (la langue) өзгеріп, қайта құрылады.

Мысалы, ағылшын тіліндегі «like» сөзінің әлеуметтік желіде қолданылуы зат есім немесе етістік рөлін кеңейтті:

«Give me a like» (зат есім),

«I liked your post» (етістік) – бұлай қолдану практикасы нәтижесінде жаңартпаға айналған.

4. Тұрақтылық пен өзгерістің бірлігі Тіл – бір мезгілде тұрақты да, өзгермелі де.

Бұл қарама-қайшылық жаңартпа ның пайда болуына алғышарт жасайды: жаңа элементтер бұрыннан бар жүйеге сүйене отырып туындайды.

Beata Stawarska-ның еңбегі көрсеткендей, Тілдік жаңартпа – бұл тіл қолданушылардың бар тілдік материалға сүйене отырып жаңа мағыналық және құрылымдық формаларды енгізуі. Мұндай жаңалықтар кездейсоқтық емес, тілдің өзіндік эволюциялық логикасының көрінісі. Олар сөйлеу практикасы арқылы тіл кодына әсер етіп, уақыт өте келе норманың бір бөлігіне айналады [56].

Тілдің эволюциясы мен тілдік жаңартпа арасындағы байланыс Тілдің эволюциясы –бұл тілдің уақыт ішінде табиғи жолмен өзгеріп, дамып отыру процесі. Тілдік жаңартпа – осы эволюцияның қозғаушы күші, яғни тіл жүйесіне енгізілетін жаңа элементтер мен құрылымдар. Бұл екеуі өзара тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырады:

Кесте 15 – Тілдік эволюция мен тілдік жаңартпаның айырмашылығы

<i>Эволюция</i>	<i>Жаңартпа</i>
Ұзақ мерзімді, кезеңдік өзгеріс	Жаңа тілдік элементтің пайда болуы
Тілдің құрылымдық деңгейінде орнығады	Бастапқыда жеке сөйлеушілер қолданады
Жалпыхалықтық деңгейде мойындалады	Қоғамдастық ішінде таралады
Диахрониялық сипатта (уақыт бойынша)	Синхрониялық сипатта (бір мезетте пайда болады)

Тілдік жаңартпа – тілдің эволюциясының негізгі тетігі. Әрбір тілдік жаңалық (жаңартпа) – болашақ эволюцияның іргетасы. Ал тілдің эволюциясы – бұл жаңартпа лардың қоғамда орнығуы мен таралуының нәтижесі. Олар бірге тілдің өміршеңдігін, бейімделуін және заманауи талаптарға икемделуін қамтамасыз етеді.

Тілдік жаңартпаны анықтау әдістері Тілдік жаңартпа – жаңа тілдік құрылымдар мен элементтердің пайда болуын және олардың қоғамда таралуын зерттейтін күрделі құбылыс. Бұл процесті анықтау және талдау үшін синхронды және диахронды лингвистика, корпустық талдау, салыстырмалы зерттеу және психо-/социолингвистикалық әдістер қолданылады.

Негізгі әдістер мен тәсілдер

1. Диахрониялық талдау (тарихи тіл өзгерісі) Мақсаты: Тілдің уақыт ішіндегі өзгерісін бақылау.

Қолданысы: Ескі және жаңа мәтіндерді салыстыра отырып, жаңа формалардың пайда болуын анықтайды. Мысалы: XV ғасырдағы және қазіргі қазақ тіліндегі етістіктерді салыстыру.

2. Корпустық лингвистика Мақсаты: Үлкен мәтіндер базасы арқылы жиілік пен үлгі өзгерістерін анықтау.

Құралдар: Sketch Engine, COCA, Google Ngram. Мысалы: «лайқтау» сөзінің 2010 жылдан кейін жиі қолданылуын автоматты анықтау.

3. Салыстырмалы синхронды талдау Мақсаты: Өртүрлі өңірлік немесе әлеуметтік топтар тілін салыстыру.

Қолданысы: Жастар тілі мен стандарт тіл арасындағы айырмашылықтарды зерттеу. Алматы мен ауыл жастарының сөйлеу тіліндегі жаңа сленг элементтерін салыстыру.

4. Этнолингвистикалық әдіс. Мақсаты: жаңартпаның мәдени, әлеуметтік контексте қалай пайда болатынын анықтау.

5. Психоллингвистикалық әдістер. Мақсаты: жаңа тіл формаларын қабылдау және өндіру тетіктерін зерттеу. Жаңа сөздердің танылуы немесе мағыналық өңдеуі бойынша реакция уақытын өлшеу.

6. Социоллингвистикалық зерттеу. Мақсаты: қоғамдағы тілдік жаңартпалардың таралуын зерттеу.

Тілдік жаңартпаны анықтау – бұл тек жаңа сөзді байқау ғана емес, ол жаңалықтың жүйеге қалай әсер еткенін, қаншалықты жиі және қандай топтарда қолданылатынын, және оның тілдік нормаларға ықпалын зерттеу. Бұл үшін тарихи, әлеуметтік, құрылымдық және технологиялық әдістердің үйлесімі қажет.

Тілдік жаңартпа мен неологизмнің айырмашылығы тілдік жаңартпа мен неологизм – екеуі де тілдегі жаңалыққа қатысты ұғымдар, бірақ олар бірдей емес. Олардың ауқымы, қолдану аясы, және тіл жүйесіне ықпалы тұрғысынан нақты айырмашылықтары бар.

Неологизм – бұл жаңа сөз (лексема). Ол көбіне бір ұғымды білдіру үшін жасалады.

Тілдік жаңартпа – бұл жаңа құрылым, үлгі немесе тілдік заңдылықтың кеңеюі. Бұл үрдіс жаңа сөз жасаумен қатар, сол сөзді қолданудың жаңа тәсілдерін де қамтиды. Қазақ тілінде «гуглдау», «чаттасу» сияқты сөздер – неологизмдер, өйткені олар жаңа ұғымдарды білдіретін сөздер. Ал бұл сөздердің *-лау*, *-леу* үлгісімен жасалуы, құрылымдық бейімделуі және қолдану үлгілерінің қалыптасуы – бұл тілдік жаңартпа. Яғни, неологизм – мазмұн, ал тілдік жаңартпа – форма мен құрылымның дамуы болып есептеледі.

Тілдік жаңартпалардан туындауы мүмкін қауіптер

Тілдік жаңартпалар тілдің дамуына, бейімделуіне, заманауи қажеттіліктерге сай болуына үлес қосады. Бірақ бұл үдеріс тек оң нәтиже бермейді. Егер бақылаусыз немесе шамадан тыс жүрсе, кейбір тілдік қауіптер мен теріс салдарларға әкелуі мүмкін.

Тілдік жаңартпалар тілді жаңғыртып, байытады, бірақ олар дұрыс бағытталмаса, тілдің ішкі тұтастығына, нормасына, мәдени контекстіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сол себепті жаңартпа лар ғылыми сараптамамен, нормативті бақылаумен және баламалы сөз жасау жұмыстарымен қатар жүруі қажет.

Неологизмдер – лексикалық деңгеймен шектелген тілдік жаңалықтардың ерекше жағдайы.

Тілдік жаңартпалар тілдегі мүмкін болатын барлық өзгерістерді, тіл деңгейлерінде, соның ішінде жаңа сөздерді жасауды қамтиды.

Кесте 16– Тілдік жаңартпа мен неологизмнің ерекшеліктері

Құбылыс түрі	Мысалы	Сипаттамасы	Категория
Неологизм	гуглдау	Google сөзінен туындаған, интернеттен іздеу деген мағынада қолданылатын жаңа етістік	Жаңа сөз
Неологизм	чаттасу	Chat сөзінен алынған, хабарлама алмасу мағынасында	Жаңа сөз
Неологизм	лайктау	Әлеуметтік желіде ұнату белгісін қою	Лексикалық жаңартпа
"Wagwan" тіркесі	Стандартты ағылшын тілінде жоқ.	Бейресми сәлемдесу ретінде қолданылады. Мысалы: <i>Wagwan, fam?</i> (Қалайсың, аға?)	Ямайкалық Патуадан келеді (<i>What's going on?</i>) (Не болып жатыр?). Ол жастар арасында орын алып, Лондонның мәдениетті ортасында өте танымал болды.
"Peng" сөзі	Қалыпты ағылшын тілінде қолданылмаған.	Бұл «тартымды», «әдемі» дегенді білдіреді. Мысалы: : <i>That girl is peng!</i> (Бұл қыз өте әдемі!).	Кариб мәдениетінің әсері. Мұндай сөздер кең танылған музыка мен әлеуметтік желілердің арқасында танымал болды.
"Innit" сөзі	Стандартты ағылшын тілінде, <i>isn't it</i> солай емес пе.	Сөйлем соңында бекіту мақсатында қосылатын әмбебап өрнек. Мысалы: <i>It's cold today, innit?</i> (Бүгін күн суық, солай емес пе?).	Тілдің әмбебаптануы. Жастар сұрақтар мен мәлімдемелерде қарапайымдылық пен әмбебап екпін үшін «innit» сөзін пайдаланады.

Кесте 21 – Жастар мәдениетінің әсері

Әсердің аспектісі	Сипаттама	Мысалдар
Субмәдениеттердің рөлі	Рэперлер, граффити суретшілері және жанкүйерлер сияқты жастар топтары жаңа грамматикалық конструкцияларды белсенді түрде қалыптастырады және таратады	«Man's Not Hot» грим трегі "man" «адамды» есімдік ретінде қолдануды танымал етті.
Стандарттарға қарсы наразылық	Жаңашыл формаларды пайдалану дәстүрлі тілдік нормаларды сақтаудан бас тартуды атап көрсетеді және тәуелсіздікті немесе наразылықты білдіреді.	Жеңілдетілген шақтарды қолдану. <i>I went to the shop</i> Мен дүкенге барамын орнына <i>I go shop</i> дүкенге барамын.
Әлеуметтік желілер мен БАҚ	TikTok және Instagram сияқты әлеуметтік желілер жаңартпа лық формалардың таралуын тездетіп, оларды жергілікті ерекшеліктерден ғаламдық ағылшын тілінің бір бөлігіне айналдырады.	MLE көмегімен хэштегтер, мемдер және вирустық бейнелер: <i>"Wagwan"</i> и <i>"Safe, fam!"</i> .
Музыка және жалпы мәдениет	Грайм және хип-хоп сияқты музыкалық жанрлар Тілдік жаңартпаны танымал етуге көмектеседі. Жастар әндерде қолданылатын сөздік қор мен грамматиканы белсенді түрде ортаға бейімдеуде.	<i>"Peng"</i> , <i>"Bare"</i> и <i>"Ends"</i> сөздері ән мәтіндерінде кеңінен қолданылып, оларды халық тілінің бір бөлігіне айналдырады.

Бұл кесте грамматикалық өзгерістерді жүйелейді және Тілдік жаңартпаның негізгі қозғаушы күші ретінде жастар мәдениетінің әсерін

көрсетеді. Мұндай өзгерістер мультимәдени орталардың музыка, медиа және әлеуметтік желілер арқылы тез таралатын жаңа тілдік нормаларды қалай жасайтынын көрсетеді.

4) *Синтаксистік жаңартпалар* – сөйлем құрылымындағы өзгерістер, жаңа сөйлем үлгілерінің қалыптасуы.

• *Мысалы:* қысқа сөйлемдер мен эмодзилерді қолдану: «*Керемет!* 🔥», ағылшын тілінің әсерінен сөйлем мүшелерінің орындарын ауыстыру, тікелей аудармасымен айту: «*Меніңше, бұны дұрыс деп ойлаймын*» → «*Ойлаймын, бұл дұрыс*».

5) *Фонетикалық жаңартпалар* – сөздердің айтылуындағы өзгерістер, жаңа дыбыстық құбылыстар, виртуалды коммуникацияда дауысты дыбыстарды түсіріп жазу: *бүгн, бард, жқ, блмн (блм)* - білмеймін,

6) *Прагматикалық жаңартпалар* – дискурс пен коммуникациядағы өзгерістер, жаңа тілдік қолданыстардың пайда болуы: «*Өзіміз*» («*өзіміз отырып шай ішейік*», «*өзіміз зой*») *бәке, сәкеге қатысты мемдер, «Қазақ еліне +1 батыр/ару», жарнамалық мәтіндер.*

Дәстүрлі қазақ қоғамында тілдік этикет сақталған, жасы үлкен кісілерге сыпайылық танытып «Сәке», «Бәке», «Мәке» деп қысқартып қолданған. Уақыт өте келе бұл атаулар сыртқы түрткіжайттар әсерінен өзгеріске ұшырап, жағымсыз коннотацияға ие болған («*Бәке, Сәкесі барлар*», «*через Баке, Саке*», «*Резюме от Баке*», «*Агаишка*»). Виртуалды коммуникацияда осы атаулар мемге айналып та үлгерген. Қоғамдық тілдік сананың жаңғыруына байланысты «Бәке», «Сәке», «Тәке» атауларын жағымды коннотацияға қайта «орталтуға» талпыныс жасағанын байқауға болады. Chevrolet.allur.auto Instagram парақшасындағы жарнамалық постыларында «Бәке», «Сәке», «Тәке» атауларын қазіргі заман үрдісіне сай қолданып, жағымсыз қалыптасқан реалияны жағымды реалияға ауыстыруға ұмтылған. Сатылымдағы автокөліктерге «*Бәке опциясы*», «*Сәке опциясы*», «*Тәке опциясы*» деп жарнамада қолданған. «Бәке опциясы», «Сәке опциясы», «Тәке опциясы» жарнамалық мәнмәтінде көлік иесінің қоғамдық беделін, орнын көрсетуді меңзейді.

Әлемдегі геосаяси жағдайға байланысты Қазақстан кеңістігіндегі ВК мәтіндерінен «*өзіміздің орыс*», «*орыс*», «*орыс-русский*», «*казахская русская*», «*казахский русский*», «*русский казах*», «*4-ші жүз*» тілдік қолданыстары пайда болған: «*Мы все равное отличаемся между **Орыс** и **русским**, мы **Орысы** никогда не станем в России **русскими**, мы будем там казахами - но, с правильным произношением русского языка, благодаря Абаю Кунанбаеву, вежливостью, и менталитетом, будем всю жизнь считать самым вкусным мясом это соленая конина, самым вкусным блюдом не борщ, а бешик и пельмени 7нан и баурсаки*», «*Можно меня **орыстар** считать, если я приехал в Казахстан 3 года назад и чувствую себя здесь больше как дома, чем за 23 года жизни В РФ? KZKZKZ*», «*Нельзя тебя считать, потому что ты один, а «**орыстар**» - это много*) *Подучись еще и приходи на пересдачу 😊*», «*👏👏 действительно, наши **орысы** पहले нас поздравляют с Наурызом, Ораза айт. Мне самой порой становится неловко, я забываю порой, а наши сосед сдалека кричит Наурыз*

кутты болсын и машет рукой», «Заметила, в threads часто неадекватные, агрессивные комментаторы со страны-соседа, которая находится севернее нашей. С чем это связано? Наши казахи, а также, казалские русские, немцы, украинцы и тд к вам вопросов нет □ Вы наш 4 жүз».

Мәнмәтіндегі желі қолданушылары «4-ші жүз» деп қазақ сал-дәстүрін, мәдениетін ұстанған өзге ұлт өкілдерін атаған.

Жағымсыз коннотация	Жағымды коннотация

Сурет 2 – Прагматикалық мемдер

Виртуалды коммуникацияда қазақ тіліндегі жаңартпаларды анықтау мақсатында мына деректерді зерттеу жұмысымыздың дереккөздері ретінде қарастырдық: instagram әлеуметтік желіде оқырмандары 1 млн-нан 9 млн-ға дейінгі, парақшасын қазақ тілінде жүргізетін 9 ашық аккаунт (erke_esmahan, dauletten, ztb_kz, gulmir_ktk, sultankyzy, quralai_hanum, saken_maigaziyev, tokayev_online, kaspi.kz) іріктеліп алынды, мұндағы tokayev_online, kaspi.kz,

zbt_kz парақшалары екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Аталған аккаунттардың қазақ тілінде жарияланған жазбалары, постыға жазылған пікірлер зерттеу жұмыстың материалдары ретінде пайдаланылды. 800 жуық пост, 90 000 тарта пікір жиналды. Сонымен қатар threads әлеуметтік желіде жарияланған жазбалар алынды. Instagram әлеуметтік желідегі пост, пікірлер Selenium library деп аталатын тапсырмаларды автоматтандыратын Python бағдарлама. Selenium library автоматтандырылған тапсырмалардың кодтары Қосымша 1 берілді.

Кесте 22 – Instagram әлеуметтік желідегі пост пен пікірлердің ерекшеліктері

р/с	Пост	Пікір	Ұқсастықтары
1	Жазба мәтін субтитр ретінде берілген	Көбінде ауызша сөйлеу тілінің жазбаша көрінісі	Эмодзи, тыныс белгілерін белсенді қолданған. Гетерогенді мәтін сипат алған
2	Эмодзилардан гөрі жазба мәтін басым, негізінен ақпараттық постылар # 😊 KZ 🏰 🏠 📄 👤 👨‍👩‍👧‍👦 📱 🏠 📺 🌐 🍷 🍷 🍷 - 43	Эмодзилардың жиілігі 🔥 🔥 🔥 – 1837 😍 😍 😍 – 1644 👏 👏 👏 - 1498 😍 - 1307 😂 - 1173 ❤️ - 1057 😬 - 908 ❤️ ❤️ ❤️ - 757 👏 - 707 👍 - 208	Трендтерден қалыспайды
3	Көбінде ақпараттық, хабарлама, баяндау, жарнамалық сипаттағы постылар жарияланған	Тілдік ойындар, әзіл-ысқақ, риторикалық сұрақтар, жеке пікірін білдіру басым	Креатив
4	Тілдік норманы сақтауға тырысқан	Тілдік нормаға бағынбайды, тілдік кодтардың араласуы жиі орын алған: <i>Машина алып алып на раслабоне журер едым</i> 👉 <i>Олд мани стайл болып тұрсызғой 😂 😍!</i> <i>Good job! I like your</i>	Копкодты мәтіндер

		songs 🍷 😊 Тепло, Уют, Красота веее прям сиздерден 😍 😍 😍 Qatty shetel family bolyp türsyzdar 😍 😍 😍 Pinterest болып тұрсыздар Үлкен удачи	
5	Аралас стиль басым	Ауызекі сөйлеу тілі басым, оны жазба тілде интерпретациялау жолдары әртүрлі. «5 к кашан оинатасыз очень ждеммм 😍», «Стиліңіз 10/10 💕», «СТО % гарантия хит болуына», «Маясаған», «нянька»	Тілдік жаңартпа тудырады
6	Стандартталған тіл нормасын қолданады	Жаргон, сленг, варваризм, дисфемизмдер көп кездеседі. Бас кетті, мамбетка, мамбет, сволыштар, ешкілер, лям, чорт, мал, лук, радной, раднойлар, барт, бартан, жайский, базар жоқ, че там, тоқылдақ, краш, вып-выгодный, соп-сочный, кпц, 5к, пашамайт, мамбичи, колхозники, т.б.	Тілдің динамикалық қолданысын көрсетеді.
7	Бейтараптылық	Эмоционалды-экспрессивті реңк басым	

Instagram әлеуметтік желідегі ашық аккаунттардан жиналған пост саны 800 жуық, ал пікір 90 000 шамасында болғандықтан, пікірлердің абсолюттік жиілігін көрсетуді жөн көрдік. Мұнда *tokayev_online*, *kaspi.kz*, *ztb_kz* қазақ және орыс тілінде жүргізілетіндіктен, орыс тіліндегі де пікірлерді бірге есептедік.

Кесте 23 – Instagram әлеуметтік желідегі ашық аккаунттардан жиналған пікірлердегі сөздердің жиілігі 500 дейінгі тізбесі

Р/с	Сөз	Жиілігі
1	не	10343
2	и	9727
3	в	8014

Кестенің жалғасы

1	2	3
4	на	4642
5	болсын	4362
6	что	4124
7	Алла	3403
8	а	3377
9	мен	3096
10	с	2880
11	это	2804
12	деп	2729
13	как	2587
14	болсын	2579
15	за	2296
16	у	2142
17	да	2068
18	все	2050
19	керемет	1902
20	🔥 🔥 🔥	1837
21	аман	1783
22	по	1707
23	Бір	1659
24	🥳 🥳 🥳	1644
25	осы	1618
26	Я	1588
27	болып	1581
28	то	1555
29	құтты	1551
30	деген	1549
31	так	1536
32	бар	1500
33	👏 👏 👏	1498
34	керек	1437
35	сол	1371
36	вы	1355
37	де	1335
38	🥳	1307
39	екен	1260
40	Уже	1248
41	😄	1173
42	от	1172
43	Они	1154
44	бы	1106
45	неге	1058
46	❤️	1057
47	Он	1051
48	жоқ	1038

Кестенің жалғасы

1	2	3
49	Өте	1034
50	нас	1025
51	-	1018
52	для	1012
53	мы	1007
54	же	988
55	жақсы	979
56	но	969
57	ғой	965
58	үшін	960
59	если	954
60	Бақытты	953
61	почему	952
62	только	949
63	будет	912
64	😬	908
65	алып	904
66	к	901
67	🔥	886
68	Кто	851
69	когда	831
70	тек	817
71	берсін	815
72	Бұл	814
73	надо	813
74	или	809
75	қазақ	805
76	адам	801
77	өз	791
78	көп	768
79	емес	767
80	❤️ ❤️ ❤️	757
81	👏	750
82	😄 😄 😄 😄	747
83	осындай	735
84	из	730
85	болды	729
86	о	728
87	қандай	722
88	👏👏	707
89	Ол	703
90	где	700
91	иманды	690
92	Вот	686
93	президент	684

Кестенің жалғасы

1	2	3
94	там	684
95	болса	679
96	их	679
97	қабыл	677
98	до	676
99	екен	665
100	😂😂😂	664
101	нет	633
102	есть	629
103	дұрыс	628
104	было	612
105	🔥🔥🔥🔥	600
106	ма	588
107	чтобы	587
108	бала	583
109	без	583
110	менің	583
111	енді	577
112	народ	576
113	Бәрі	572
114	Его	568
115	ханым	563
116	очень	561
117	просто	560
118	ғой	559
119	жатыр	557
120	болады	556
121	время	547
122	берсін	545
123	😍😍	539
124	жана	531
125	Пусть	528
126	және	526
127	нам	524
128	Аллам	521
129	еще	518
130	қалай	517
131	біздің	509
132	вас	508
133	Әр	507
134	Әдемі	506
135	Тоже	505
136	керек	501

Тілдік жаңартпалар – бұл динамикалық құбылыс, ол тілдің бейімделу қабілетін көрсетеді. Виртуалды коммуникация, әлеуметтік желілер және интернет технологиялары бұл процесті жеделдетіп, жаңа лексикалық, грамматикалық және дискурстық құрылымдардың пайда болуына ықпал етеді.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Тілдік жаңартпалар – тіл мен қоғам арасындағы тығыз байланыстың көрінісі. Олар жаңа қажеттіліктерге бейімделу, техникалық және әлеуметтік дамуға жауап беру, жасөспірімдер мен интернет мәдениетінің ықпалы арқылы туындайды. Бұл өзгерістер тілдің тірі, икемді және заман талабына сай бейімделе алатын жүйе екенін дәлелдейді. Виртуалды коммуникация мен цифрлық технологиялар тілдердің араласуына, тілдік өзгерістердің жылдам жүруіне, жаңа тілдік қолданыстардың, соның ішінде тілдік жаңартпалардың пайда болуына жағымды ықпал етеді. Соның салдарынан тілдегі өзгерістер, құбылыстар өзгермелілік сипат алып келеді. Жинаған тілдік материалдар бойынша анықтағанымыздай, тілдегі жаңартпалар пайда болғанда тілдің барлық деңгейінде фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік өзгерістер орын алады. Қазақ тіліндегі тілдік жаңартпалардың көбі ағылшын тілінің әсерінен пайда болған. Көпмәдениет орын алған орта тілдегі өзгерістерді, соның ішінде грамматикалық ережелерді жеңілдетуді және жаңа конструкцияларды құруды жеңілдетеді. Семантикалық жаңалықтар грамматикалық өзгерістермен тығыз байланысты: жаңа мағыналар грамматикалық формалардың бейімделуіне әкеледі. Жастар жаңартпаларды таратуда негізгі рөл атқарады, тілдік жаңартпаларды қалалық және ұлттық лексиканың бір бөлігіне айналдырады. Бұл өзгерістер ұзақмерзімді әсер етеді, көбінесе қалыпқа түскен тілдің бір бөлігіне айналады.

Виртуалды коммуникацияда қазіргі жазу үлгісі үлкен өзгеріске ұшыраған, пиктографиялық, графикалық өрнектермен араласқан мәтін үлесі артып келеді. ВК ТЖ мен неологизмдердің аражігі айқындалды. Қазақтілді виртуалды коммуникация мәтіндерінде ағылшын тілінен енген сөздерді қазақ тілінің нормаларына сай икемдеу, игеру тәсілдері орын алған. ВК ТЖ құрылымдық жағынан топтастырылды. ТЖ тілді байыту қызметін атқара отырып, тілге қауіп те төндіре алады: тілдік нормалардың сақталмауы, тілдік нормаларды «бұзу», сауатсыздық сияқты кері әсерін де тигізеді.

II ВИРТУАЛДЫ КОММУНИКАЦИЯ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ТІЛДІК ЖАҢАРТПАЛАРДЫ КОДИФИКАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛАУ

2.1 Қазақтілді виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды кодификациялаудың лингвистикалық мәселелері

Тіл білімінде кодификация – бұл тілдің табиғи әртүрлілігі азаятын және оның ерекшеліктері неғұрлым анықталған немесе белгіленген ережелерге бағынатын элеуметтік процесс[79]. Кодификация стандарттаудың ізашары болып табылады: тілдің стандартты түрін дамыту [80]. Кодификация терминінің мағынасы – дұрыс деп танылған тілдік нормаларды қалыпқа түсіріп, жинақтап көрсету, бұдан да гөрі дәлірек айтсақ, тілдік нормалардың қалыпқа түсіп, жаппай қолданыс тапқандарын орнықтыру, заңдастыру, тіркеу [81].

Тілдің кодификациясы кездейсоқ түрде өзгеруі мүмкін және табиғи түрде болуы мүмкін стандарттау сатысына байланысты. Бұл әдетте жазу жүйесін дамытуды, грамматика, емле, айтылым және лексика ережелерін белгілеуді, грамматика оқулықтарын, сөздіктерді және ұқсас нұсқаулықтарды шығаруды білдіреді. Белгілі бір аспект үшін бірнеше нұсқалар болған кезде, мысалы, сөзді жазудың әртүрлі тәсілдері, қай нұсқа стандартты болатыны туралы шешім қабылдау қажет. Кейбір елдерде мұндай кодификацияны Француз академиясы сияқты мемлекеттік орган жүзеге асырады. Кодификация көбінесе жаңа өнертабыстарға, құндылықтардың өзгеруіне немесе басқа мәдени әсерлерге байланысты болады. Э. Хаугеннің белгілі тілдік жоспарлау моделінде кодификация тек екінші қадам болып табылады. Бірінші қадам-іріктеу процесі, үшіншісі-қоғамға өзгерістер енгізу, төртіншісі-сөздік (әсіресе техникалық терминдер) әзірлеу [72] Тілді жоспарлау процесінде екі негізгі деңгей бар: корпусты жоспарлау және мәртебені жоспарлау (Х. Клосс). Кодификация тілді корпустық жоспарлаудың бөлігі болып табылады, өйткені тілдің беделі мен қолданылуы артатын мәртебелік жоспарлаудан айырмашылығы, тілдің «денесі» жоспарланады [73]. Корпусты жоспарлау: тілді кодтау (2-қадам); тілдің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оның функцияларын әзірлеу (4-қадам) Мәртебені жоспарлау: Тілді таңдау (1-қадам); бөлу арқылы оның функцияларын жүзеге асыру (3-қадам).

Кодификацияның сәттілігі оны халықтың мойындауына да, Үкіметтің жүзеге асыру формасына да байланысты, мысалы, оның беделі мен таралуын арттыру, мектептерде және тілдік курстарда кодификацияланған норманы оқыту және т. б.

Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру [83].

Әдеби тілдің сыр-сипатын ашатын басты-басты белгілері мыналар:

- әдеби тілдің сұрыпталған, өңделген нормаларының болуы;
- сол нормалардың жұртшылықтың бәріне міндеттілігі және ұзақ уақыт сақталуы;функциональдық-стильдік салаларының болуы;
- қоғамдық қызметтің әр алуандығы [84].

Емле, яғни сауатты жазу мәселесі – қай кезеңде де тілді жазба түрінде пайдалану барысында дүниеге келетін талап, орфографиялық нормалар да – бүгінгі таңда қайта қарастырар сәттері бар және ол сәттер лексикалық, грамматикалық нормалармен ұштасып жататын іс-қарекеттер. Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлік құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері; норма – тіл-тілдің қайқайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс. Норма деп тану үшін «әлеуметтік бағалау», яғни сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз, орынды не орынсыз» деген танымы, бағасы болуы керек. Нормалылық танымына тұрақтылық (стабильность), дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық белгілер де кіреді. Бұлар – тілдегі нормалылықтың әлеуметтік категория ретіндегі белгісі [81].

А. Байтұрсынұлы жазу-сызудың арқауы халықтық тіл болу керек деген тұжырымды ұстанып, жазуды азғана оқығандардың емес, көпшіліктің білім, тәрбие құралына айналдыру, яғни жазу-сызуды демократияландыру қағидасын дәйекті түрде жүзеге асыруды, даналықтың дәнін себуді мақсат етті [85].

Тіл жүйесі өзінің ішкі заңдылығы бойынша бірте-бірте дамиды. Ал тілдік норма дегеніміз сол жүйенің сөздегі (речь) нақты қолданысы болғандықтан, соған сәйкес ол да бірте-бірте өзгеріп отырады. Әдетте мұндай норма адамдардың еркінен тыс (стихиялы түрде) жүзеге асады. Әдеби тілде, оның өмір сүруінің бір формасы – жазба тілде норма сол тілді тұтынушы адамдардың саналы араласуымен ғылыми (сөздіктер, грамматика, анықтағыштар т.б.), кейде ресми (әліпби, орфографиялық ереже туралы үкімет жарлықтары, терминдер жөнінде арнайы комиссияның қаулылары т.б.) тұрғыда қалыпқа түсіп (кодификацияланып) жатады. Қазақ әдеби тілінің нормаларын практикалық жақтан алғаш қалып- тандыру (кодификациялау) қазақ сөзінің хатқа түсе бастаған кезі болса, жазу нормаларын ғылыми жақтан қалыптандыру емле ережелері мен сөздіктерден басталады. Сөйте келе, тәжірибе жинақтаудың барысында, тілдік материалды қамту, белгілі бір жүйе мен бірізділікті сақтау жағынан анықтағыш әдебиеттің (сөздіктердің) өзі де толығып, жетіле береді. Алайда жазу нормаларын қалыпқа салу деген алдымен қолдан ереже, сөздік, грамматика жасап алып, тілді соған сырттан таңу емес. Керісінше, норманы, оның ішінде жазу нормасын қалыптандыру дегеніміз тілдің сол кезеңдегі жұртшылық мойындаған және қолданып жүрген жүйесін дәл беріп, дұрыс қамту дегенге саяды. Бірақ сөздіктерде, грамматикалық еңбектерде, емле ережесінде көрсетілген нормамен бірге адамдардың күнделікті тіл жұмсау дағдысында әртүрлі жаңа қолданыстар пайда болып жатады. Сөйтіп, белгілі бір тілдік бірліктің екі немесе одан да көп нұсқасы қатар қолданылуы мүмкін. Уақыт жағынан алғанда олардың ескісі, жаңасы, функционалдық мәні тұрғысынан қарағанда кітаби, сөйлеу тілі, көтеріңкі, пәс, бейтарап түрлері болады. Сондай-ақ жарыспалы көп нұсқаның ішінде тілдің даму үрдісіне сай келетіні алдымен еске алынуға тиіс. Қазіргі кезде әдеби тілдің жазу нормалары біршама қалыпқа түсті. Әйтседе жазу нормаларын қалыптандыруда әлі де болса

тиянақты шешімін таппай келе жатқан емле жүйесінің босаң тұстары аз емес. Солардың бірі, мысалы, қысаң дауыстылардың жазылуы [85].

Тілдік жаңартпаларды қазақ тілінде кодификациялау және оның әдістері

Тілдік жаңартпалар – тілдің даму барысында пайда болатын жаңа сөздер, грамматикалық құрылымдар, фразеологизмдер және терминдер. Қазақ тілінде бұл жаңартпаларды *кодификациялау* – оларды ресми түрде жүйелеп, нормативтік стандарттарға сәйкестендіру процесі.

Кодификацияның негізгі мақсаты – жаңа тілдік бірліктерді реттеу, олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету және қазақ тілінің жүйелілігін сақтау.

1. Қазақ тілінде Тілдік жаңартпаларды кодификациялау жолдары

Тілдік жаңартпаларды қазақ тіліне енгізу және заңдастыру бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады:

1.1. Лексикалық жаңартпаларды зерттеу

Жаңа сөздер мен терминдер алдымен ғылыми тұрғыдан зерттелуі керек. Бұл процесс мыналарды қамтиды: Жаңа сөздердің пайда болу себептерін талдау (технология, әлеуметтік өзгерістер, шет тілдерден енген терминдер).

Халық арасында қаншалықты қолданылып жүргенін зерттеу.

Ғылыми лингвистикалық институттар мен тіл мамандарының қорытындысын шығару.

Мысал: «Смартфон» сөзі – «қалтафон» ретінде ұсынылған, бірақ халық арасында кеңінен қолданылмады. Дегенмен, «кұжат» сөзі «файл» орнына ресми бекітілді.

1.2. Терминологиялық комитет арқылы бекіту

Қазақстанда жаңа сөздер мен терминдерді кодификациялауға жауапты негізгі орган – Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия (Терминком). Терминкомның негізгі міндеттері:

Жаңа ғылыми және техникалық терминдерді бекіту.

Шет тілдерден енген сөздерді қазақ тілінің нормаларына сәйкестендіру.

Халықаралық терминдерге қазақша балама табу.

Мысал: «Software» сөзі «Бағдарламалық жасақтама» деп бекітілді.

1.3. Сөздікке енгізу және лексикографиялық кодификация

Жаңа сөздер мен терминдер бекітілгеннен кейін олар арнайы сөздіктер мен анықтамалықтарға енгізіледі.

Бұл процесс: Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне енгізу.

Электрондық лингвистикалық базаларда жариялау (sozdik.kz, emle.kz).

Ғылыми еңбектер мен оқу құралдарында бекіту.

Мысал: Қазақ тілінде соңғы жылдары шыққан «Орфографиялық сөздік», «Фразеологиялық сөздік», «Терминологиялық сөздік» жаңа жаңартпаларды заңдастыру үшін маңызды рөл атқарады.

1.4. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы стандарттау

- Жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдардың қалыптасуы үшін оларды БАҚ-та, интернетте, әдеби шығармаларда және оқулықтарда жиі қолдану қажет.

- Жаңа терминдер ресми құжаттар мен заңдарда бекітіледі. Мемлекеттік ақпарат агенттіктері (ҚазАқпарат, Egemen Qazaqstan, Aiqyn) жаңа терминдерді енгізеді.

- Әдебиет пен оқулықтар арқылы сөздердің кең таралуы жүзеге асады.

- *Мысал:* «Әлеуметтік желі» – «соцсеть» орнына қазақша нұсқа ретінде ресми қолданысқа енді.

- 1.5. *Оқу бағдарламалары мен білім жүйесіне енгізу*

- Мектептер мен ЖОО бағдарламаларында жаңа сөздер мен грамматикалық өзгерістер енгізіледі.

- Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ), жоғары білім бағдарламалары мен ғылыми еңбектерде жаңа терминдер қолданылады.

- Қазақ тілі пәнінің оқулықтарында жаңа сөздер мен жаңартпа лар бейімделіп беріледі.

Мысал: «Онлайн сабақ» күнделікті қолданысқа енді.

Кесте 24 – Кодификация әдістері

№	Кодификация әдісі	Қолданылуы
1.	Лексикографиялық әдіс	Сөздіктер мен энциклопедияларға енгізу
2.	Морфологиялық әдіс	Жаңа сөздерді грамматикалық тұрғыдан реттеу
3.	Терминологиялық стандарттау	Терминком арқылы ғылыми бекіту
4.	Құжаттық бекіту	Мемлекеттік құжаттар мен заңдарға енгізу
5.	Әлеуметтік-тілдік қолданыс	БАҚ пен әлеуметтік желі арқылы тарату
6.	Білім беру жүйесіне енгізу	Оқулықтар мен бағдарламаларда қолдану

3. Кодификациялау кезіндегі қиындықтар

• *Халық арасында жаңа сөздердің кең таралмауы* – Көп жағдайда, бекітілген терминдер (мысалы, «қалтафон») халық арасында қолданылмай, орнына шет тілі сөздері қолданылады

• *Жаңа технологиялық терминдерге балама табу қиын* – «Smartphone», «Gadget» сияқты сөздер тікелей аударуға қиындық тудырады.

• *Аймақтық диалектілер мен сөйлеу нормаларының әртүрлілігі* – әр өңірдегі сөздердің стандартқа сай келмеуі

• *Қазақ тілін цифрландырудың кеш дамуы* – AI мен NLP жүйелерінде жаңа сөздердің дұрыс кодификациялануы маңызды.

4. Тілдік жаңартпаларды қазақ тіліне тиімді кодификациялау жолдары:

• *Терминком жұмысының ашықтығын арттыру* – халыққа түсінікті терминдер енгізу.

• *AI және үлкен тілдік корпустарды пайдалану* – қазақ тіліндегі жаңартпа ларды автоматты түрде зерттеу.

• *Қоғамдық талқылау жүргізу* – жаңа сөздерді ресми бекітпес бұрын, қоғамның пікірін ескеру.

- *Әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларды пайдалану* – жаңа сөздерді кеңінен тарату.

- *Оқу бағдарламаларына енгізу* – жастардың жаңа сөздерге жылдам бейімделуін қамтамасыз ету.

Қазақ тіліндегі тілдік жаңартпаларды кодификациялау – кешенді процесс. Ол зерттеу, бекіту, енгізу және тарату кезеңдерінен тұрады. Терминологиялық комиссия, тілдік корпус, сөздіктер, БАҚ, білім беру жүйесі – жаңа сөздердің ресми түрде қалыптасуына ықпал етеді. Кодификацияның басты мақсаты – қазақ тілін дамыту, оның бірізділігін сақтау және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті ету.

David C.S. Li және Deyuan He "When does a non-conventional form become an innovation?" ағылшын тіліндегі дәстүрлі емес (non-conventional) тілдік формалардың қалайша жаңартпаға айналатынын талдайды. Бұл зерттеу Тілдік жаңартпаларды кодификациялау және олардың стандарттан ауытқуын қарастырады [86]. Еңбектің негізгі ғылыми тұжырымдамалары:

1.1. «Қате қолданыс» пен «жаңартпаның» шекарасы бұлдыр:

- Ағылшын тіліндегі қате қолданыс пен жаңартпа арасындағы айырмашылық анық емес.

- Бұл айырмашылықтың басты себебі – стандартты ағылшын тілінің (Standard English) өзі толық тұрақты жүйе болмауы.

- Лексикалық және грамматикалық өзгерістер сөздік жүйені күрделі және оқуға қиын етеді.

1.2. «Жаңа норма» қалыптастырудағы көптілді қолданыс

- Бүгінгі таңда ағылшын тілін ана тілі ретінде қолданушылардан гөрі, оны қосымша тіл (EAL - English as an Additional Language) ретінде үйренетіндер көп.

- Көптеген ағылшын тілін үйренушілер өзінің жергілікті мәдениеті мен қажеттіліктеріне бейімдеп, жаңа нормалар қалыптастырады.

- Бұрын «қате» деп есептелген тілдік өзгерістер *жаңартпа* ретінде қарастырылуы тиіс.

1.3. «Қателікті» стигматизациялау және оның кедергілері:

- Лингвистикалық ауытқуларды «қате» деп есептеу – тіл үйренушілерге психологиялық және әлеуметтік кедергілер тудырады.

- Жаңа жаңартпа ларды мойындау тек ана тілі иелері тарапынан ғана емес, ағылшын тілін білетін EAL қолданушылар тарапынан да қарсылыққа ұшырайды.

- Bamgbose (1998) көрсеткендей, тілдегі жаңа формалардың қабылдануы бес негізгі факторға тәуелді:

1. Демографиялық фактор – жаңа норманы қолданушылар саны.

2. Географиялық таралу – аймақтық қолданыс ерекшеліктері.

3. Авторитеттілік – беделді институттардың жаңа норманы мойындауы.

4. Кодификация – сөздіктер мен грамматикалық анықтамаларда тіркелуі.

5. Қабылдау деңгейі – қоғам мен тіл қауымдастығының жаңа формаларды қабылдауы.

- Авторлар бұл тізімге алтыншы факторды қосады:
- Интернеттегі білімді, "ақсүйек" (acrolectal) ағылшын қолданушылардың таңдауы – интернет заманында ағылшын тілін меңгерген белсенді қолданушылардың таңдауы тілдік жаңартпалардың заңдастырылуына әсер етеді.

2. Бұл зерттеу қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен грамматикалық формаларды кодификациялау процесіне маңызды әсер ете алады:

- Қазақ тіліне жаңа терминдер мен сөздерді енгізуде «жаңартпа» мен «қателікті» ажырату тетігі қажет.
- Жаңа сөздерді қабылдау тек академиялық ортаның емес, халықтың да қолдану деңгейіне байланысты болуы керек.
- Қазақ тілі де интернет пен әлеуметтік желілердегі белсенді қолданушылардың ықпалымен дамиды.

Дэвид Ли Мен Дэйуан Хенің мақаласы ағылшын тілінің стандартты емес формаларын талдауға, оларды қате қолданыстар немесе жаңартпалар ретінде қабылдауға және ағылшын тілінің жаһандық лингва-франкаға айналуына бағытталған:

1. Стандартты ағылшын тілін ұнатпау: емле мен грамматиканың күрделілігі, оны үйренуді қиындатады, әсіресе басқа тілдік отбасылардың спикерлері үшін.

2. Стандартты емес формалар: қытай студенттерінің тәжірибесінен тілаларлық әсер мен ұқсастық логикасынан туындаған стандартты ауытқуларды көрсететін мысалдар.

3. Қателер мен жаңартпалар арасындағы шекара: стандартты емес формаларды жаңартпа ретінде тануға болатын критерийлер талқыланады (мысалы, демографиялық, географиялық, беделді, кодификация және қолайлылық).

4. Интернеттің рөлі: цифрлық технологиялар киберкеңістікте кеңінен қолдану арқылы жаңа формаларды заңдастыруға ықпал етеді.

Авторлар жаһандану жағдайында стандарттарды қайта қарастырудың маңыздылығын атап көрсетеді және тіл эволюциясының бөлігі ретінде жергілікті жаңартпаларды қарастыруды ұсынады [86].

2.2 Тілдік жаңартпаларды кодификациялау жолдары: жасанды интеллект арқылы тілдік жаңартпаларды кодификациялаудың мүмкіндіктері

Кодификация (нормалық) (лат. *<codificatio>* жүйелену) – тілдің нормалық қалыпқа түскен үлгілі нұскасын сөйлеуде, жазуда үнемі сақтап, қайталап отыруды қамтамасыз ететін ережелер жиынтығы. Кодификациялық әдеби норма грамматикаларда, сөздіктер мен анықтамалықтарда беріледі, нормалар өзгеріске ұшыраған жағдайда редакцияланып отырады. Кодификация ағарту орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, театр т.б. арқылы таралып, орнығып отырады [87].

Кодификация – заңды нормаларды салаларына сәйкес талдап жинау, қайта қарап жаңа жағдайға сай жаңа заң шығару, яғни заңды мейлінше жетілдіру.

Неография – көпмағыналы термин, ол әртүрлі ғылыми салаларда әртүрлі мағыналарда қолданылады. Бұл термин негізінен жаңа жазу жүйелерін, орфографиялық өзгерістерді немесе жаңа таңбаларды қолдану үрдісін сипаттайды.

1. Лингвистикадағы мағынасы

Лингвистикада «неография» термині жаңа жазу жүйелерін немесе орфографиялық реформаларды білдіреді. Бұл термин көбінесе жаңа әліпбилер мен жазу стандарттарын енгізу кезінде қолданылады. Сондай-ақ заманауи технологиялар мен интернеттің әсерінен пайда болған жаңа жазу стильдерін де қамтиды.

Неографияның негізгі түрлері:

а) Жазу реформалары – мысалы, қазақ тілінің кириллицадан латын әліпбиіне көшуі.

б) Жаңа әріптерді немесе диакритикалық белгілерді енгізу – кейбір тілдерде фонетикалық дәлдікті арттыру үшін жаңа таңбалар енгізіледі

с) Эмоджи, аббревиатуралар және интернет-жазу стильдері – онлайн коммуникацияда қолданылатын жаңа символдар мен қысқартулар.

Мысалы: Қазақ тіліндегі «орфография» (дұрыс жазу ережелері) реформалары неографиялық өзгерістерге жатады.

2. Психоллингвистика және когнитивті зерттеулердегі мағынасы

Психоллингвистикада неография термині жаңа жазу жүйелерін қабылдау және меңгеру үдерістерін зерттеуге қатысты қолданылады.

- Жаңа әліпбиге немесе жазу стиліне бейімделу жылдамдығы
- Адам миының жаңа графикалық жүйелерді тануы және оқу
- Дислексия немесе жазу бұзылыстары бар адамдардың жаңа жазуға бейімделуі

Қазақ тіліндегі жаңа латын әліпбиі енгізілгенде, оны халықтың қалай қабылдайтыны неографиялық зерттеулердің маңызды бөлігі болады.

3. Графика және типография саласындағы мағынасы

Графика мен шрифттерді әзірлеу саласында неография жаңа әріптер мен қаріптерді (шрифттерді) құру процесін білдіреді.

- Қазіргі заманғы шрифттерді жобалау
- Графикалық дизайндағы жаңа жазу стилдері
- Әртүрлі тілдер үшін бейімделген қаріптер жасау

Мысал: Қазіргі қазақ тіліндегі "Qazaqsha" стильдік жазуы – неографиялық дизайнның бір мысалы.

4. Заманауи коммуникация және интернет тіліндегі мағынасы

Қазіргі уақытта неография термині онлайн коммуникациядағы жаңа жазу әдістерін сипаттауда қолданылады.

- Қысқартулар, эмоджилер және интернет сленгі
- Латын және кириллицаны араластырып жазу (Qazaqsha vs. Қазақша)
- Чаттағы ерекше жазу стильдері (мәселен, фонетикалық жазу: «qalay» = «қалай») *Мысалы:* Интернеттегі "Btw", "Tbh", "Thx" сияқты қысқартулар неографиялық жаңартпалар болып табылады.

5. Тарихи және мәдени контексттегі мағынасы

Тарихи тұрғыдан неография термині ескі тілдік жүйелерді қалпына келтіру немесе жаңарту процестерін сипаттауы мүмкін.

- Өлі тілдерді қалпына келтіру (мысалы, латын, көне түркі жазуы)
- Ұлттық жазу дәстүрлерін жаңғырту

- Қолжазбалар мен тарихи мәтіндерді жаңа жазу жүйелеріне аудару. Ежелгі көне түркі руникалық жазуы қайта зерттеліп, латын немесе кириллицаға аударылғанда, бұл неографиялық процесс болып саналады.

Неография – жаңа жазу жүйелерін, орфографиялық реформаларды, шрифтерді әзірлеуді және интернет-коммуникациядағы жаңа жазу стильдерін сипаттайтын термин. Қазақ тілінің кириллицадан латын әліпбиіне өтуі – нақты бір неографиялық процесс болып табылады.

Кодификациялау мен неографиялық сөздіктің айырмашылықтары

Кодификациялау және неографиялық сөздік – тілдік жүйенің дамуы мен стандартталуына қатысты екі түрлі, бірақ өзара байланысты ұғымдар. Олардың айырмашылықтарын толық түсіну үшін әрқайсысын жеке қарастырайық.

1. Кодификациялау – тілдің белгілі бір нормаларын ресми түрде бекіту және оларды стандарттау үдерісі. Бұл үдеріс арқылы тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы, айтылуы, грамматикалық ережелері және қолдану тәртібі ресми түрде реттеледі. Кодификациялау – тілдің тұрақты, нормативті жүйесін қалыптастыру үшін қажет.

1.1. Кодификациялаудың негізгі белгілері:

- Ресми бекітілуі – Үкімет, ғылыми институттар немесе лингвистикалық академиялар жүргізеді.
- Нормативтілігі – Бекітілген ережелер міндетті болып саналады.
- Тілдік стандарттау – Орфография, грамматика және сөз қолдану жүйесі реттеледі.
- Қоғамдық қабылдануы – Оқу бағдарламаларына, сөздіктерге және ресми құжаттарға енгізіледі.

1.2. Кодификациялау қайда қолданылады?

- Орфографиялық сөздіктер – Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі.
- Грамматикалық анықтамалар – Қазақ тілінің емле ережелері.
- Ресми терминология – Мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен жаңа терминдер.
- Тіл реформалары – Қазақ тілінің кириллицадан латын әліпбиіне көшуі.

1.3. Кодификациялаудың мысалы

- «Компьютер» сөзі ресми түрде бекітіліп, «есептеуіш машина» терминінен басымдық алды.
- «Жүйелік блок» деген сөз «жүйе блогі» деп өзгертілді, себебі бұл форма дұрыс деп кодификацияланған.

3. Неографиялық сөздік– жаңа жазу жүйесіне (әліпби, орфография) бейімделген сөздік түрі.

Бұл сөздіктер жаңа жазу нормаларына сәйкес өзгертілген сөздердің жазылуын, айтылуын және қолданылуын көрсетеді.

Неографиялық сөздік, әдетте, тіл реформасы немесе жаңа орфографиялық стандарттар енгізілген кезде жасалады.

2.1. Неографиялық сөздіктің негізгі белгілері:

- Жаңа орфографиялық жүйеге негізделуі – Латын әліпбиіне көшкен тілдерде жиі кездеседі.
- Гибридтілік – Кейбір сөздер ескі және жаңа нұсқада берілуі мүмкін.
- Жазу реформасымен тығыз байланысты – Неографиялық сөздік әдетте орфографиялық өзгерістерге негізделеді.
- Транслитерация және фонетикалық сәйкестік – Жаңа орфографияға сай сөздердің дұрыс жазылуы ұсынылады.

2.2. Неографиялық сөздіктің қолданыс аясы:

- Жаңа орфографиялық жүйеге бейімделген сөздіктер – Қазақ тілінің латын графикасындағы орфографиялық сөздігі.
- Қайта жаңғыртылған тіл жүйелері – Көне түркі, латын немесе араб графикасынан өзгерген тілдердегі сөздіктер.
- Цифрлық сөздіктер – Автоматты түрде жаңа орфографияға сәйкес мәтінді түрлендіру жүйелері.

Кесте 25 – Кодификация мен неографиялық сөздіктің айырмашылықтары

<i>Сипаттамасы</i>	<i>Кодификациялау</i>	<i>Неографиялық сөздік</i>
Негізгі мақсаты	Тілдің нормаларын бекіту және стандарттау	Жаңа жазу жүйесіне сөздерді бейімдеу
Жауапты ұйымдар	Лингвистикалық академиялар, Терминком, Білім министрлігі	Ғылыми институттар, тіл реформасына жауапты органдар
Қолдану аясы	Орфография, грамматика, фонетика, пунктуация	Жаңа әліпбиге және жазу реформасына негізделген сөздік
Ресмилігі	Ресми бекітілген және міндетті түрде қолданылады	Жаңа жазуға ауысу кезінде қолданылады
Қандай кезде қолданылады?	Жалпы тілдік саясатты реттеу үшін	Жазу жүйесін реформалау кезінде
Мысалдар	Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, грамматикалық анықтамалықтар	Қазақ латын әліпбиінің орфографиялық сөздігі

Неографиялық сөздік кодификациялау үдерісінің бір бөлігі бола алады.

Жаңа орфографиялық жүйені бекіту үшін оны ресми түрде кодификациялау керек. Неографиялық өзгерістерді халық кеңінен қабылдаған кезде олар тілдің нормативтік жүйесіне енгізілуі мүмкін.

Тілдік қорларды толықтыру тетіктері компьютерлік-делдалдық коммуникативтік саланың жұмыс істеуіне байланысты ғана емес, сонымен қатар сөйлеу қызметінің барлық саласы контекстінде де ең өзекті метатілдік проблемалардың бірі болып табылады. Бірақ компьютерлік-делдалдық коммуникация ортасында металлингвистикалық сипаттамалардың құрылымы

мен категориялылығы жаңартпа лық сөйлеу процестерінің өзіндік ашықтығын арттырады: компьютерлік-делдалдық дискурс тілдің даму динамикасын талдауға мүмкіндік беретін фотосуреттер сериясы түрінде сақтау үшін қолданылады. Компьютерлік дискурсивті мәтіндердің стратификацияланған және кластерленген құрылымы, поликодтық сипаты, сөйлеудің өзгергіштігі, дискурсты жекелендіру және қазіргі сөйлеу әрекетінің басқа ерекшеліктері жоғары функционалды заманауи коммуникациялардың интерактивті мүмкіндіктерімен күшейтіледі. Осылайша, компьютерлік коммуникацияның металлингвистикалық сипаттамаларының дәйектілігі маңызды иллюстрациялық ресурс қана емес, сонымен қатар практикалық зерттеулердің тіл теориясымен байланысын қамтамасыз ететін шұғыл әдістемелік қажеттілік болып табылады. Компьютерлік дискурсты талдау контекстінде потенциализм, окказионализм, неологизм және узуализм ұғымдарын жүйелі түрде ажыратқан жөн. Тілдік жаңартпалардың даму кезеңдерін терминологиялық біріздендіру лингвистиканың нақты дискурсивті парадигмалары аясында қажет. Сөйлеу практикасындағы тіл жүйесінің даму динамикасы тілдік жаңартпалардың даму моделімен объективті түрде көрінеді: *потенциализм-окказионализм - неологизм-узуализм*. Металлингвистикалық аспектідегі тілдік бірліктердің қатынастарын мұндай модельдеу функционалды модельдердің кең ауқымы үшін маңызды. Компьютерлік-делдалдық коммуникацияның лингвистикалық ақпараттық форматы жаңартпалардың сақталуына ықпал етеді және тілде бұрыннан бар құралдардың функционалдығына айтарлықтай экстралингвистикалық әсер етеді. Сөйлеу функциясының саласын дәйекті құрылымдау тілдің әлеуметтік-мәдени басымдықтарын дамытуға және жүзеге асыруға, қарым-қатынас құралы ретінде тілдің тұрақтылығы мен өзіндік ерекшелігін сақтауға ықпал етеді. Компьютерлік-делдалдық коммуникация мүмкіндіктеріне негізделген металлингвистикалық модельдеу қазірдің өзінде жүзеге асырылған лингвистикалық фактілерді зерттеп қана қоймай, тіл жүйесінің дамуын болжауға мүмкіндік береді.

Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды кодификациялау жолдары. Виртуалды коммуникацияда Тілдік жаңартпалар (жаңа сөздер, сленгтер, эмодзилер, қысқартулар, гибридті тілдік құрылымдар) кең таралған. Бұл жаңартпа ларды кодификациялау олардың тілдік нормаларға сәйкестігін реттеуді және стандарттауды білдіреді.

Кесте 26 – Жаңа сөздердің сөзжасамдық қабілеті

/с	Сөзтізбе	Сөзжасамдық әлеуеті
	пост	жазу
		салу
		жариялау
		дайындау
		-қа лайк басу
		-қа пікір (комментарий)
		жазу
		-қа коммент қалдыру
		-пен бөлісу
		ре-
		репост жасау
		репостау
	контент	жасау
		түсіру
		дайындау
		креативті контент
	рилс	түсіру
		салу
		жүктеу
		шығару
		-қа репост жасау
	пікір (комментарий)	қалдыр
		жаз
		коммент жаз
		комментарийға белгіле
	жабық	көрсетілім
		кездесу
		мастер-класс
		разбор
	сілтеме	-ге өт
		сториста тұр
		биода
		шапка профиляда
		профильда
		-ні бас
	сторис (сториз)	түсіру
		-қа салу
		-та белгілеу
		-та айтам
		-қа өт
		-пен бөліс
		-та разбор
		жанып жатыр

1. *Тілдік жаңартпаларды кодификациялау әдістері.* Тілдік жаңартпаларды ресми тілдік жүйеге енгізу *төрт негізгі жолмен жүзеге асырылады:*

1.1. *Корпусқа негізделген зерттеулер:*

- Үлкен көлемдегі виртуалды мәтіндерді талдау арқылы жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды анықтау.

- Әлеуметтік желілерден, блог, форумдардан және чаттардан алынған деректерді жинақтау.

2. *Виртуалды Тілдік жаңартпаларды кодификациялауда ескерілетін жайттар:* *Формалдану деңгейі* – Жаңа сөздер сөйлеу тілінде ғана емес, жазба коммуникацияда да жиі қолданылуы керек.

Географиялық таралуы – Белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздерді жалпы тілдік стандартқа енгізу қиынырақ.

Әлеуметтік қабылдануы – Интернет қолданушыларының сөздерді қабылдау деңгейі маңызды. *Жаңа технологиялардың ықпалы* – Жасанды интеллект, мәтіндік талдау алгоритмдері жаңа сөздерді автоматты түрде анықтап, бекітуді жеңілдетеді.

Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды кодификациялау жолдары

Виртуалды ортада тілдік жаңартпалар корпус лингвистикасы, ресми бекіту, әлеуметтік зерттеулер және білім жүйесіне енгізу арқылы кодификацияланады.

Жаңа сөздердің кең таралуы әлеуметтік қабылдау мен цифрлық ортаға бейімделуге байланысты және соларға тікелей тәуелді болып келеді.

Интернет пен әлеуметтік желілерде қолданылатын жаңа сөздер ресми орфографиялық жүйеге енгізу үшін ғылыми зерттеулер қажет.

Интернет пен әлеуметтік желілерде қолданылатын жаңа сөздерді ресми орфографиялық жүйеге енгізу үшін қажетті лингвистикалық зерттеулер

Интернет пен әлеуметтік желілерде жаңа сөздер үнемі пайда болып, қолданушылар арасында таралады. Бірақ олардың ресми орфографиялық жүйеге енуі үшін бірнеше маңызды лингвистикалық зерттеулер жүргізілуі керек.

Кесте 27– ВК ТЖ кодификациялау әдістері

№	Кодификациялау әдісі	Қолданылуы
1	Лексикографиялық зерттеу	Корпус лингвистикасы, виртуалды сөздерді талдау
2	Ресми бекіту	Мемлекеттік және ғылыми лингвистикалық кеңестерде талқылау
3	Орфографиялық жүйеге енгізу	Сөздіктер мен оқу бағдарламаларына қосу
4	Әлеуметтік зерттеулер	Жаңа сөздердің қолдану жиілігін анықтау
5	Мультимедиялық ортада тарату	БАҚ, әлеуметтік желілер мен блогтарда танымал ету

1. Лингвистикалық зерттеулердің негізгі бағыттары

Жаңа сөздерді кодификациялау үшін төмендегі лингвистикалық әдістер қолданылады:

1.1. Корпус лингвистикасы және үлкен деректерді талдау

Әлеуметтік желілердегі (Facebook, Twitter, TikTok, Instagram) мәтіндік мәліметтерді жинау және өңдеу.

Жиі қолданылатын сөздер мен тіркестерді статистикалық талдау.

Интернет қолданушыларының лексикалық таңдау ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу үлгісі:

- Мәтіндік корпустар құрып, қандай сөздердің тұрақты қолданылатынын анықтау.

- Google Trends, соцмедиа статистикасы, нейролингвистикалық модельдер арқылы сөздердің маңыздылығын тексеру.

1.2. Социоллингвистикалық зерттеулер:

Жаңа сөздердің жас ерекшелігіне, аймақтық және әлеуметтік топтарға байланысты таралуын зерттеу.

Халықаралық және жергілікті әлеуметтік желілердегі қолдану деңгейін талдау.

Көптілді орталарда сөздердің қалай бейімделетінін зерттеу.

Зерттеу үлгісі: «хайп», «мем», «краш» сияқты сөздердің әртүрлі жастағы топтарда қалай қолданылатынын зерттеу.

1.3. Морфологиялық және фонетикалық бейімдеу

Жаңа сөздердің қазақ тілінің морфологиялық және фонетикалық жүйесіне сәйкестігін зерттеу.

Қазақ тіліне енген сөздерді дыбыстық сәйкестендіру және грамматикалық ережелерге сәйкестігін талдау.

1.4. Психоллингвистикалық зерттеулер:

Қолданушылардың жаңа сөздерді қабылдау деңгейін зерттеу.

Көптілді тұлғалардың жаңа терминдерге бейімделуі қалай жүзеге асады?

Жаңа сөздерді адамдардың есте сақтауы және жиілігі қалай өзгереді?

Зерттеу үлгісі: Жаңа сөздерді жастар, егде жастағы адамдар және әртүрлі мамандық иелері қалай қабылдайды?

1.5. Кросс-тілдік зерттеулер (ағылшын, орыс, қазақ тілдері):

Қазақ тіліне енген сөздердің басқа тілдердегі нұсқаларымен салыстыру.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі тілдік өзгерістерді салыстырмалы зерттеу.

Калька және транслитерация әдістерін талдау.

Зерттеу үлгісі: "Streaming" → қазақша «ағындық трансляция» бола ма, әлде «стрим» қолданыла ма?

2. Ресми орфографиялық жүйеге енгізу үшін қажет қадамдар бес кезеңнен тұрады: жинақтау, сараптау, лингвистикалық бейімдеу, сөздіктерге енгізу, білім және медиа жүйесіне енгізу.

Кесте 28 –Жаңа сөздерді ресми бекітудің бес негізгі кезеңі

Кезең	Зерттеу түрі	Қолдану әдістері
1 Жинақтау	Корпус лингвистикасы	Интернет пен әлеуметтік желілердегі деректерді жинау
2 Сараптау	Социоллингвистика	Қоғамдық қабылдау деңгейін зерттеу
3 Лингвистикалық бейімдеу	Морфология және фонетика	Қазақ тілінің орфографиялық нормаларына сәйкестігін тексеру
4 Сөздіктерге енгізу	Лексикографиялық бекіту	Орфографиялық және түсіндірме сөздіктерге қосу
5 Білім және медиа жүйесіне енгізу	Білім беру және БАҚ	Жаңа сөздерді оқулықтарға, БАҚ-қа, цифрлық платформаларға енгізу

2.3 Виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі жаңартпаларды лексикографиялаудың үлгілері

Лексикография (грек. *lexikos* – сөзге қатысты, *grapho* – жазамын) – сөздік түзудің теориясы мен тәжірибесін зерттейтін тіл білімінің саласы. Сөздіктердің ғылыми әдістемесін жасайды. Сөздіктердің бірнеше түрлері бар.

Қазіргі лексикография әртүрлі және көп қырлы және гүлдену кезеңін бастан өткеруде. Лексикографияны анықтамалық басылымдарды құрастыру тәжірибесі ретінде дәстүрлі қабылдаудың орнына жалпы және жеке мәселелердің өзіндік жиынтығы бар сөздіктерді құрастыру және пайдалану туралы дербес ғылым ретінде қабылдау түсінігі қалыптасты. Мұның дәлелі – теориялық принциптер, заңдар, сөздік теоретиктері мен практиктері жасаған постулаттар [88].

Тіл – халықтың рухани байлығының ең басты көрінісі. Халықтың сан ғасырлық мәдениеті, тарихы, дүниетанымы тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Ал сол тілдің бай қорын жүйелеп, сақтап, болашаққа жеткізудің бірден-бір жолы – лексикография. Қазақ тіл білімінің лексикографиясы осы мақсатта пайда болып, ұлттық тіл қазынасын тасқа басып, ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне үлес қосып келеді.

Қазақ лексикографиясындағы сөздіктердің түзілім тарихына арналған алғашқы еңбектердің бірі – М.Малбақовтың «Қазақ лексикографиясының тарихы» атты зерттеуі. Аталған жұмыста XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында жазылған лексикографиялық туындылар қарастырылады.

